


Мырзаханова М.Н.

Сот сараптамасы



Мырзаханова М.Н.

Сот сараптамасы

(оқу құралы)

Көкшетау

ББК 67.99(5каз)9я73

М 94

Рецензенттер:

Филология ғылымының кандидаты

Заң ғылымының кандидаты

Медицина ғылымының докторы

Р.А. Акбарова

Б.С. Рахметуллина

Ж.Н.Сартаев

16.05.2010жылғы Ғалымдар кеңесімен, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университетінің №10 хаттамасымен басылымға ұсынылған.

ISBN 978-9965-440-43-4

М94 Мырзаханова М.Н. Сот сараптамасы. Оқу құралы. - Кокшетау: Басылым орталығы, 2010. -131б.

Өткен және қазіргі тандағы соттық-тергеушілік тәжірибе заңгерлерге сот сараптамасы негіздері білімінің қажет екенін көрсетті. Әсіресе олар оқиға орның және мәйітті квалификацияланған түрде қарауға, уақытында табуға, биологиялық тектес заттық дәлелдемелерді алу мен бағыттауда, өлім уақытын анықтауда, сот-медициналық сарапшыға сұрақтардың дұрыс қойылуына, сот-медициналық қорытындысының толықтылығы мен сапасын бағалауда қажет.

Сот сараптамасы дегеніміз – тергеу және сот талқылауы кезінде туындайтын медицина бөлімдерін қалыптастырып сараптамалық баға беретін жеке дара медициналық ғылым.

ББК 67.99(5каз)9я73

ISBN 978-9965-440-43-4

Мазмұны

№ 1 дәріс. Сот сараптамасы арнайы білімдерді колданудың негізгі нысаны.....	4
№ 2 дәріс. Сот сараптамасының топтастырылуы.....	12
№ 3 дәріс. Сот сарапшысы.....	17
№ 4 дәріс. Сот сараптамасына дайындалу және оны тағайындау.....	24
№ 5 дәріс. Сараптаманы өндіретін ұйым	34
№ 6 дәріс. Сараптама зерттеуінің өндірілуі, қорытындыларының рәсімделуі.....	37
№ 7 дәріс. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретіндегі сарапшы қорытындысының жалпы мінездемесі.....	45
№ 8 дәріс. Азаматтық сот ісін жүргізудегі сот сараптамасы.....	52
№ 9 дәріс. Қазақстан Республикасында қылмыстық сот өндірісінде арнайы білімдер формасын пайдалану.....	58
№ 10 дәріс. Қазақстан Республикасындағы соттық - эксперттік қызметін ұйымдастыру.....	67
Емтихан сұрақтарының тізімі.....	71
Тесттік тапсырмалар.....	73
Глоссарий.....	165
Болжам тақырыптарының жазбаша жұмысы.....	168
Рефераттар тақырыптары.....	169
Студенттердің өзіндік жұмыс тақырыптары.....	170
СӨЖ тақырыптары.....	170

Дәрістің жоспары:

1. Сот сараптамасы: түсінігі, негізгі сипаттамалары
2. Сот сараптамасының мәні
3. Сот сараптамасының объектілері
4. Сараптамалық зерттеулерге арналған үлгілерді алу
5. Сараптамалық зерттеулердің әдістемелері

Әдебиеттер:

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан.
2. Закон Республики Казахстан "О судебной экспертизе".
3. Строгович М.С. Курс советского уголовного процесса. В 2т. Основные положения науки советского уголовного процесса. Т. 1. М., 1968.
4. Летрухин И.Д. Экспертиза как средство доказывания в советском уголовном процессе. М, 1964.
5. Арсеньев В.Д. Соотношение понятий предмета и объекта судебной экспертизы В сб.: Проблемы теории судебной экспертизы. М., 1982.
6. Шляхов А.Р. Задачи судебной экспертизы. В. сб.: Экспертные задачи пути их решения в свете НТР. М., 1980.
7. Винберг А.И., Малаховская Н. Т. Судебная экспертология (общетеоретические и методологические проблемы судебных экспертиз). Волгоград, 1979.
8. Малаховская Н. Т. Понятие экспертных задач и возможность построения их иерархической системы применительно к дактилоскопической экспертизе. Теоретические и методические вопросы судебной экспертизы. М.,1985.
9. Бычкова С.Ф., Гинзбург А.Я. Следственные действия. Краткий комментарий к УПК Республики Казахстан. Алматы, 1998.
10. Винберг АМ. Роль учения Е.Ф. Буринского в развитии отечественной криминалистики. Волгоград, 1981.

Экспертиза, сараптама латын «expertus» сөзімен байланысты-бұл «тәжірибелі, білуші» дегенді білдіреді. Жалпы сараптама туралы айтатын болсақ, бұл білімді адамның кез келген арнайы облыстан білім қолданып, сұрақтар шешу үшін өткізілетін зерттеу. Ал сот сараптамасына келетін болсақ, бұл өзіндік арнайы іс жүргізудегі әрекет, бұның мәні істің материалдарын зерттеу болып табылады. Ол арнайы ғылыми білімдерге негізделіп, өз мақсатында мән-жайларды анықтап, істі шешу үшін өткізіледі. Сот сараптамасы қылмыстық іс жүргізуде арнайы білімдерді қолданатын ең сараланған түрі. Ол сот және алдын-ала тергеу органдарының біліп-тану мүмкіндіктерін маңызды деңгейде кеңейтіп, іс бойынша және оны сотта арсеналын қолдануға көмектеседі. Сараптаманың негізгі ерекшеліктерін белгілесек, ол не тергеу кезінде қарастырудағы біліп-тану мәселелерінің

жағдайын бастан кешудің нысаны болып табылады. Мұндай шешуде сараптаманың сипаттамасы ретінде оны тағайындау мен өткізудің мақсатын және шарттарын бөлуге болады. Мақсаты болып сарапшының қорытындысы бойынша жаңа дәлелдемелерді алу, қылмыстық істе жаңа мән-жайларды анықтау. Шарттарына келесі жатады:

1) арнайы ғылыми білімдерге негізделген зерттеулерді өткізу. Назарымызды сараптамаға қатысты қолданылатын арнайы ғылыми білімдер деген жаңа терминге аударуымыз керек

Егер бұған дейін арнайы білімдер жалпы ескертілген болса, ал бұл жағдайда олардың ерекше түрі туралы айтылған, олар сарапшының ғылымдық құзыретіне кіреді. Сараптаманың арнайы білімдерді қолдану түрі ретінде айтатын болсақ, М.С.Строгович әділдік танытып белгілейді, «сараптаманың негізінде ғылыми білімнің белгілі саласы, берілген ғылымның мәліметтеріне негізделген сарапшылардың қорытындылары-дәлелдемелер жатыр. Сараптаманы тағайындауда тергеу және істі қарастыруда арнайы білімдерді» ғылымда, техникада, мәдениетте қажетті деп белгілеуіміз керек емес, біздің пікіріміз бойынша техника, мәдениет бұл жерде ғылымға қарсы қойылып, ғылыми мәліметтерге негізделмеген сараптамаға жол беріледі. Техниканың, мәдениеттің әртүрлі сұрақтарының өздері ғылыми зерттеудің объектілері бола алады, сондықтан кез келген сараптама техника, мәдениет сұрақтарына қатысты болмаса да, ғылымның мәліметтеріне негізделуі керек. Бірақ бұл сарапшы ретінде тек қана ғылым қызметкері, теоретиктардың болуын білдірмейді, сонымен қатар практикалық қызметкерлерде- инженерлер, дәрігерлер т.с.с.-да сарапшы бола алады, бірақ сарапшы болу үшін оларға берілген мамандықтың ғылыми білімдері болу тиіс және олардың қорытындылары ғылым мәліметтеріне сүйену керек. Сарапшы өз тұжырымын нақты ғылыми жағдайлардан, ғылыми жетістіктерден шығарады[3] Айтылған арнайы ғылыми білімдер басқа да түрлерде қолданбауы айтылмаған. Бірақ та сараптаманы өткізу үшін арнайы ғылыми мәліметтердің болуы міндетті талап. Міне, осылар сарапшының ғылыми құзыретінің мазмұнын құрайды, Петрухин И.Л.-дің белгілеуінше, «маманның белгілі ғылыми білімінің көлемі, оның сарапшы болуға жеткіліктігі [4];

2) сараптаманы арнайы іс жүргізудегі тұлғаның сарапшы, яғни қылмыстық іс қарастыруға қатысушылардан айырмашылығы бар, құқықтар мен міндеттемелердің дара жиынтығына ие болуы;

3) заңмен реттеленген сот сараптамасының іс жүргізудегі нысаны, бұл оны тағайындау, өткізу, зерттеулердің нәтижесін рәсімдеу және оларды бағалауға, сондай-ақ сараптамаға қатысушылардың құқықтары міндеттемелеріне қатысты сараптамалық зерттеулердің қорытындыларының іс жүргізудегі нысаны сарапшының қорытындысы ол іс бойынша дәлелдеме болады.

4) зерттеу нәтижесінде бағалау негізінде, деректерді анықтау, табу емес, ал оның бар екені туралы тұжырым жасау. Соңғысы сарапшының арнайы ғылыми білімдеріне сүйеніп, оның тапқан ерекшеліктері мен зерттелген объектілердің байланысының жиынтықтарын бағалау жолымен анықталады.

Сарапшының тұжырымы пікір ретінде қалыптасады, бұл деректердің басқалай түсінуінің, даулы болуының ұстанымдық мүмкіндігін туғыза алады.

Дәл осы көрсетілген мақсат пен шарттар қылмыстық іс жүргізуде арнайы білімдерді қолданудың басқа түрлерінен ерекшелейді.

2. Сот сараптамасының мәні. Сот сараптамасының мәнінің түсінігін анық белгілеудің маңызды практикалық мәні бар, неге десек, практикада оның жоқ болуы сараптама жүргізу кезіндегі іс жүргізу және ұйымдастыру сәттеріне кері әсерін тигізеді. Бұл сараптама жүргізуден негіздемесіз бас тарту, сараптаманы басқа тергеу әрекеттерімен ауыстыру, сарапшының құзыретінен шығатын сұрақтарды қоюға себеп болады. Әдебиетте сот сараптамасының мәнін белгілеуге әртүрлі жолдар бар. Бірақ олар мәнін болу үшін қолданылатын негіздемеге қарай топтастырылуы мүмкін: Көбінесе сараптама мәні анықталатын мән-жайлар; сараптамалық тапсырмалар; сараптама объектілері ретінде белгіленеді. Ең толық сот сараптамасының мәнін В.Д. Арсеньев ұсынады: Сот сараптамасының мәні, бұл оның жақтары; объектілерінің қатынасы болып табылады (негізгі және қосалқы), олар берілген сараптама саласының құралдарымен (әдістерімен, әдістемелерімен) зерттеледі және танылады. Мақсатында іс үшін маңызды және аталған білім саласының аясына кіретін сұрақтарды көздейді[5].

Берілген анықтаманың маңызы зерттеу мәнін оның философиялық маңызында дұрыс түсінуде тұрады. Егер бұған дейінгі анықтамалар зерттеу процесінің тек бір жағын ғана алатын болса, В.Д.Арсеньевтің анықтамасы сараптама мәнінің (объект, тапсырмалары және зерттеу әдістері) толық үш мүшелі «формуласын» ұсынады. Бірақ та практикада сараптама мәнінің жеңілдетілген анықтамасы жиі қолданылады. Олар сараптамалық зерттеудің негізінде анықталған нақты мәліметтер. Әдебиетте нақты сараптама мәні және тектік мәнің түсініктері деп айырады. Тектік мән осы немесе басқа мамандықтағы сарапшының құзыретін, берілген сараптама түрінің мүмкіндігін белгілейді. Нақты іс бойынша сараптама мәні, сарапшының алдына қойылған сұрақтардың шеңберін белгілейді. Ол сараптаманы өткізу кезінде сарапшының таңдауын және оның өкілеттігін шарттастырады. Сарапшылық білімдер облысының сипаттамалары ретінде сот сараптамасы мәнінің түсінігі сәйкес келетін сарапшылық тапсырмаларды анықтау және топтастыру үшін негіз табылады. Сарапшылық тапсырмалар – бұл сарапшының қабылдаған тапсырмасы, ол сарапшыға қойылған сұрақта тұрады. Гносеологиялық көзқарастан қарастырса, ол түпкілікті мақсатты (бастапқы деректер) және оған жету шарттарын сипаттайды, яғни бастапқы деректер осыған сүйеніп сарапшы өзінің іс жүргізудегі ережесіне және арнайы білімдеріне сәйкес қойылған сұраққа жауап беруге әрекет етуге міндетті.

Сараптама тапсырмасының түсінігі сарапшыға қойылған сұрақ түсінігімен ұқсас. Танымал түрде тапсырма ең жиі кездесетін сұрақтардың мәнінің ғылыми түсініктемесі. Сараптама тапсырмасы деп « нақты мәліметтерді анықтауды» айтамыз.[6] Қылмыстық сарапшылық тапсырмаларын топтастыру және түрлендіру сұрақтарына көшетін болсақ, бүгінгі күні сот сараптамасының теориясында көрсетілген, бұл сұраққа тиісті келетін жолдардың қысқа

талдауын істеу қажет. Сарапшылық тапсырмаларын топтастыру сұрақтарына ең көп назар А.Р. Шляховтың жұмыстарында аударылған. Автор топтастыру үшін көптеген негіздемелердің бар екенін көрсетеді, жеке айтсақ, «қылмыстық істің дәлелдеуге тиісті мән-жайларының тобын есепке ала отыра сот сараптамасының тапсырмаларын жіктелеу. Ең қызықты болатыны олардың жіктелеуін қылмыстық құрамның төрт белгісінің элементтері бойынша өткізу (ал әрі қарай істің бөлек санаты бойынша бұл әлі ешкіммен істелмеген) Оларды сот сараптамасының объектілерінің негізгі топтары бойынша да бөлуге болады, қайта біріншісінен берілген негіздеме бойынша бөлу, тергеушілер мен сот үшін маңызы аз, бірақ сарапшылар үшін ол қызықты болуы мүмкін. Тапсырмаларды, оларды шешу әдістері бойынша бөлудің негізінде зерттеулік маңызы бар»[6]. Сарапшылық тапсырмаларды топтастырудың ең кең таралған жолы "деңгейлік", оны ұсынған А.И.Винберг және Н.Т.Малаховская. Олар тапсырмаларды диагностикалық, топтастамалық, тендестірулік, жағдайлық деңгейлерге бөлген[7]. Диагностикалық сарапшылық зерттеулердің мақсаты-объектілерді зерделеу; топтастамалық зерттеулердің-объектінің белгілі класстарға қатысты екенін анықтау, соның ішінде стандартталғандарға да тендестірулік зерттеулердің-жеке белгіленген объектілердің және олардың пайда болу көздерінің ұқсастығын анықтау; жағдайлық зерттеулердің мақсаты-жеке оқиғаларды анықтау, осы оқиғалардың негізінде қылмыстық істің шеңберіндегі жалпы оқиғалардың механизмі анықталады.

Көптеген авторлар деңгейлік жолды жалпы мойындағанымен, өздерінің деңгейлер мен топтастыру негіздемелерінің нұсқаларын ұсынады. Аталған жол сарапшылық зерделеудің деңгейлері туралы, сарапшылық технология түсінігіне бағдарланған.

Н.Т.Малаховская әділдік танытып, диагностикалық, топтастамалық, тендестірулік және жағдайлық деңгейлер туралы айтады. «бұлар – сарапшылық зерттеудің негізгі әдістерінің деңгейлері, осылардың негізінде нақты сараптамалардың жеке әдістері мен зерттеу әдістемелері дайындалады. Басқаша айтатын болсақ, олар әдістемелік деңгейлер болып табылады» [8].

3.Сот сараптамасының объектілері. Авторлардың көбі сот сараптамасының объектісіне, не істің мән-жайларының материалдық тасымалдығышы ретінде не деректер мен оқиғалар туралы ақпараттың тасымалдағышы ретінде түсініктеме береді.

Сараптама объектілері - бұл қылмыстық істің жүргізу заңымен белгіленген ақпарат көздері, яғни қылмыстық істің материалдары. Сарапшылық зерттеуге тек қана нақты заттар ғана емес, сонымен қатар әртүрлі процестерде (оқиғалар, құбылыстар, әрекеттер) салынады, сарапшы солардың негізінде сараптаманың мәні болатын басқа да деректерді зерделейді. Сараптама объектісінің ақпарат тасымалдаушы ретіндегі жалпы түсінігінен басқа тектік, нақты және тікелей объектілер түсінігі деп айырады.

Тектік объект - бұл жалпы белгілері бар объектілер жиынтығы. Сараптамалардың бөлек түрлерін шектеуде тектік объект маңызды роль ойнайды. Нақты объект деп жеке және қайталанбас объект атайды, ол нақты сараптама зерттеуінің спецификасын белгілейді. Тікелей зерттеу объекті, бұл

ақпараттың бір түрінің материалдық тасымалдаушысы, әртүрлі сараптамалардың объектісі болуы мүмкіндігімен ерекшеленеді. Осыған орай зерттеуге алынатын жақтарды, объектінің қасиеттерін анықтау орынды болады. Объектілер іс жүргізудегі нысан бойынша жіктеледі (ҚР ҚДЖК 248-бап, 1-бөлім) Осы белгі бойынша олар: заттық дәлелдемелер; психикалық, психологиялық, физиологиялық т.б. процестері мәніне қатысты мәліметтер; іс жүргізудегі белгілі статусы жоқ объектілер (яғни қылмыстық істе заттық дәлелдеме ретінде, не моральдық-этикалық ойлармен көрсетілмеген, не оларға заттық дәлелдеме режимін таратудың мүмкіндіксіздігінен (ғимараттар, құрылыстар) Сарапшының еншісіне ұсынылған материалдарды зерттеудің нәтижесі бойынша ол қорытынды берген соң, қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде сарапшылық зерттеу мен сарапшының қорытындысының сапасы көбінесе, сараптаманы тағайындаған тұлғаның әрекет ету ережелерін дәл және адал атқарғанымен белгіленеді. Жекеше, көрсетілген тұлға (орган) сарапшылық зерттеудің объектілерінің іске жіберілуін және растығын кепілдемелейді. Іс материалдарының растығын кепілдемелеуін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ олардың қасиеттерінің бұзылуы мен өзгеруіне жол бермеу үшін, егер олардың көлемі және мөрленген түрде береді. Басқа жағдайда сараптаманы тағайындаған тұлға, зерттеу объектісі орналасқан жерге және оған кедергісіз өтуін сарапшыға қамтамасыз ету керек, сондай-ақ зерттеулерді өткізу үшін сарапшыға қажетті жағдайларды жасау міндетті. Ал қалғанында сарапшылық зерттеудің объектілерімен жұмыс істеу ҚР ҚДЖК ескерілген заттық дәлелдемелерді алып тастау, іске қосу, сақтау және жою ережелеріне сәйкес атқарылады.

4. Сот зерттеулерге арналған үлгілерді алу. Сот сараптамасы объектілерінің арасында сот зерттеулерге арналған үлгілер үлкен рөл ойнайды. оларды іс жүргізудегі алу реттемесі ҚР ҚДЖК-нің бөлек тарауына шығарылған(33-тарау) Үлгілер, түпнұсқаның қасиеттерін тікелей зерттеуге келмегенде немесе мақсатқа сай болмағанда қолданылады. Мұндай оқиға болғанда объектінің өзі емес, одан алынған үлгілер зерттеледі. Міне, мысалы, атыс қаруының оқ жолының ерекшеліктерін зерделегенде, оның оқтары мен гильзалары зерттеледі; мөрлер мен мөртанбаларды зерттегенде- олардың бедерлемелері зерделенеді. Үлгілер ретінде: 1) заттық дәлелдемелердің көшірмелері; 2) ұқсас-заттар (заттық дәлелдемелердің ауыстырмалары); 3) салыстырмалы зерттеуге арналған үлгілер бола алады. ҚР ҚДЖК 256-бабының 2-бөлімінде, үлгілер ретінде: қан, ұрық, шаш, тырнақ кесіктері, дене сыртының микроскопиялық қыртысы; сілекей, тер және басқа бөлулер; тері іздерінің таңбалары, тіс іздері; қолмен жазылған мәтін, бұйымдар, басқа материалдар; дауыс фонограммалары, материалдардың, заттардың, дайын өнімнің сынамалары; гильзалардың, оқтардың, құралдар мен механизмдердің сараптамалық үлгілері алына алады. Үлгілер бірқатар негіздемелерге қарай жіктеле алады. Осылай оқиғаның сипаттамасына қарай үлгілер 3 түрлі бола алады:

1) Сараптамалық, мұнда оқиғалар жасанды істелінеді. (атылған оқтар, гильзалар)

2) Тергеулі оқиғалардан тыс пайда болатын бос үлгілер. (колтанба, дауыс)

3) Физиологиялық қызмет ретінде пайда болатын табиғи үлгілер. (қан, шаш үлгілері)

Іс жүргізудегі тәсіл мен үлгілерді алу субъектісіне қарай олар сот-тергеулік не сарапшылық бола алады.

Үлгілерді алу үшін негіздемелер нақты және заңды деп бөлінеді. Біріншісін айтатын болсақ, мұнда қылмыстық процесті жүргізетін тұлға тірі адамның, мәйіттің, хайуанның, заттың, құралдың қасиетін білдіретін үлгілерді алуға және егер олардың кейінгі зерттеуі іс үшін маңызы болса құқығы бар. Заңды негіздеме ретінде уәждемеленген қаулы болып табылады, мұнда жекеше түрде: үлгілерді алатын тұлға, үлгілерді кімнен алынатын тұлға, үлгілердің дәл қайсысы және қандай мөлшерде алынуы керек екенін, қашан және кімге тұлға келіп, одан үлгілерді алу керек екені, қашан және кімге алынғаннан кейін үлгілер ұсынылуы керек екені көрсетілуі керек. Үлгілерді алуға қылмыстық процесті жүргізетін тұлға, маман және сарапшы құқылы. Сарапшылық зерттеу үшін сот, тергеуші жеке түрде үлгілерді алуға құқылы, егер де қарама-қарсы жыныстағы тұлғаны ашумен серіктеспесе және ерекше кәсіби дағды қажет болмаса. Қарама-қарсы жынысты тұлғаны ашумен серіктесе және ерекше кәсіби дағды қажет етсе, сот, тергеушінің тапсырмасы бойынша, үлгілер сарапшылық зерттеу үшін үлгілер күдіктіден, айыпталушыдан, жәбірленушіден алына алады, сондай-ақ медициналық сипаттағы күштеу шараларын қолдану бойынша жүргізіліп жатқан тұлғадан да алынады. Егер оқиға орнында немесе заттық дәлелдемелерде басқа тұлғалардың іздері қалды деген мәліметтер жеткілікті болса, онда олардан оқиға бойынша жауап алынғаннан кейін ғана сарапшылық зерттеу үшін үлгілер алына алады. Қылмыстық үрдісті жүргізетін органмен үлгілерді алу тәртібі өзіне бірқатар рәсімдерді енгізеді. Қылмыстық үрдістерді жүргізетін тұлға, тұлғаны не өзіне шақырады немесе оның тұрған орнына барады, оны үлгілерді алу туралы қаулысымен және басқа да қолхат бойынша таныстырады, оған және басқа да тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Тергеуші жеке өзі немесе маманның қатысуымен керек әрекеттерді атқарып, үлгілерді алады да оларды қаптайды және мөрлейді. Сәйкестік кезендерде үлгілерді алу, тінту, кабірдегі мәйітті қазып алу немесе осының бәрін бір уақытта істеу жолымен атқарылады. Егер үлгілерді алуға дәрігер не басқа да маман қажет болса, онда тергеуші дәрігерге немесе басқа маманға үлгілерді алынатын тұлғаны жібереді, сондай-ақ сәйкес тапсырмамен қаулы өткізіледі. Қаулыда берілген тергеу әрекеттерінің барлық қатысушыларының құқықтары мен міндеттемелері көрсетілуі керек. Дәрігерді, басқа маманды алып тастау туралы сұрақты, қаулыны шығарған тергеуші шешеді. Дәрігер немесе басқа маман тергеушінің тапсырмасы бойынша керек әрекеттерді жасап, сарапшылық зерттеуге арналған үлгілерді алады. Үлгілер қапталғаннан және мөрленгеннен кейін ресми құжаттармен бірге заттың дәлелдеме ретінде іске қосу үшін тергеушіге жіберіледі. Егер зерттеу үшін хайуандардың үлгілері қажет болса, тергеуші сәйкестік қаулыны ветеринар-дәрігерге немесе басқа маманға бағыттайды. Зерттеу үрдісінде сарапшы сараптамалық үлгілер жасауы мүмкін, ол туралы қорытындысында көрсетеді.

Мұндай үлгілерді жасағанда тергеуші болу құқығы бар, бұл туралы онымен құрастырылып жатқан хаттамаға жазба енгізіледі. Зерттеуден кейін сарапшы үлгілерді қапталған және мөрленген түрде өзінің қорытындысына қосады. Тергеуші сарапшының ұсынған үлгілерін байқайды, одан кейін заттық дәлелдемелер ретінде қылмыстық іске қатыстырады. Сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді алу кезінде тұлғаның құқықтарын қорғау аса маңызды орын алады. Осыған байланысты сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді алудың әдістері мен ғылыми-техникалық құралдары адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз болу керек. Күшті ауру сезімдерін тудыратын қиын медициналық рәсімдер мен әдістерді қолдану, тек үлгі алынатын тұлғаның рұқсатымен жасалады, егер ол он сегіз жасқа толмаса немесе психикалық аурумен ауырса- онда оның заңды өкілі, қамқоршысы немесе қорғаншысының рұқсатымен алынады. Үлгілерді алу тергеу әрекеттері болғандықтан, сәйкестік қаулыны атқару осы әрекеттерге қатысты тұлғалар үшін міндетті болып табылады. Күдікті және айыпталушы олардан үлгілерді алудан бас тартып келмесе, оларды күштеп әкелуге мәжбүр етеді, сонда үлгілер олардан күшпен алынуы мүмкін. Жәбірленуші мен куәгерден үлгілер күшпен алына алмайды, тек егер аталған әрекеттерді жасауға күдікті немесе айыпталушы тоқталып тұрып алмаса, сондай-ақ венереологиялық немесе басқа да жұқпалы ауруларды тексеру үшін үлгілерді алуды қажет еткенде. Сарапшылық зерттеуге үлгілерді алу сұрағын аяқтай келе дәлелдемелерді бекіту құралдары туралы айту қажет. Тергеуші үлгілерді алғаннан кейін, хаттама құрастырады, онда барлық әрекеттер жазылып, олардың дәйектілігін, үлгілерді алуға қолданылған ғылыми-дәйектілік және басқа әдістер мен рәсімдер, сондай-ақ үлгілердің өзі көрсетіледі. Егер үлгілер тергеушінің тапсырмасымен дәрігер немесе басқа маманмен алынса, онда ол туралы ресми құжат құрастырылып, ол көрсетілген әрекеттердің барлық қатысушыларымен қол қойылады және қылмыстық іске қатыстырылу үшін тергеушіге жіберіледі. Хаттама алынған үлгілер қапталған және мөрленген түрде салынады.

Сарапшылық зерттеу-бұл қиын шығармашылық үрдіс, мұнда ғылым және техника жетістіктерінің білімі, зерттеудің тиімді әдістер және сарапшының білгірлігі жүзеге асады. Сот сараптамасының әрбір тегі мен түрінің сипаттамалық белгісі болып сарапшылық зерттеудің сәйкестік әдістемесі табылады. Сарапшылық зерттеудің әдістемесі – бұл сараптаманың объектілерін зерделеу үшін тағайындалған әдістердің, тәсілдердің және техникалық құралдардың жүйесі. Сараптама мақсаты нақты мәліметтерді анықтау. Сот сараптамасының объектілері мен мәнінің ерекшеленуі оның әдістемесінің ерекшеленуін шарттастырады. Қандай да болсын әдістеме-бұл әдістер кешені, олар белгілі логикалық дәйектіліктің тәртібімен жүзеге асады. Сот сараптамасында қолданылатын әдістер көбінесе табиғи және техникалық ғылымнан алынып, сараптаманың объектілері мен тапсырмаларының ерекшеленуіне сай түрлендірілген. Олар жалпы ғылымдық әдістерден маңызды түрде іске асу бойынша айрықшалаынады. Әрбір ғылыми-техникалық құрал мен әдіс сот сараптамасының мақсаттары үшін ұсыныла алмайды. Оларға бірқатар алдымен іс жүргізу заңымен белгіленген талаптар қойылады: Сарапшылық

практикаға тек қана ғылыми негіздеуленген, тексерілген әдістер мен құралдар ұсыныла алады; оларды қолданғанның нәтижесі үрдістің барлық қатысушылары үшін анық және көрнекі болу керек. Әдістер мен құралды қолдану азаматтардың абыройы мен намысын түсірмеу, моральдық-этикалық нормаларды бұзбау керек [9].

Көрсетілген ереже дәлелдеу үрдісінде қолданылатын барлық ғылыми-техникалық құралдарға қолдануы мүмкін, ол ҚР ҚДЖК 129-бабында көрсетілген. Сот сараптамасының әдістерінің мынадай ерекшеленуін белгілеп көрсету керек, ол объектілердің бірегейлігімен шарттасқан оларды мұқият сақтау талаптары. Сарапшылық зерделеуге әдістердің тәртіптемелеу мен жүйеленуі тән, олар сарапшылық әдістемелерде, сарапшылық зерттеудің кезеңдерінде іске асады. Сараптаманы тағайындаудың үрдісінде сараптаманың әртүрлі топтарының, тектерінің және түрлерінің әдістерін дайындаудың деңгейлерін есепке алудың маңызы зор, осы үшін сарапшылық зерттеудің мүмкіндіктері туралы алдын-ала кеңес өткізу орынды болады. Сот сараптамасы ғылыми-практикалық қызметтің аясы болғандықтан, сарапшылық зерттеудің әдістемелерін түрлендіру және жаңасын жасаудың қажеттілігін белгілеудің факторлары ретінде сарапшылық практикамен қатар, жалпы сот ісін жүргізу практикасы да қызмет етеді. Жаңа әдістемелерді қалыптастырудың негізгі көзі сарапшылық тапсырмаларды шешу қажеттілігімен шарттасқан арнайы ғылыми құрылымдар болып табылады. Олардың көріністерін сот-сарапшылық мекемелерінің ғылыми зерттеу бағдарламаларынан көруге болады. Сондай-ақ аз таралған, бірақ дәл қылмысқа үшін ерекшеленген ғылыми-техникалық құралдарды енгізу бағытын белгілеп көрсету керек. Осыған орай, криминалист «сыртқы» ғылымдардың жаңа жетістіктері туралы мәлімет алғаннан кейін берілген ғылыми шешімді (әдіс, құрал) сараптама мақсаты үшін қолдану мүмкіндігін жүзеге асырады. Атақты криминалист Е. Ф. Буринскийдің өмірбаянын мұқият зерттеген А. И. Винбергтің белгілеуінше, көрсетілген заңдастық ғылыми бірінші соңғысымен сипатталған және оны түрлендіру принципі деп атайды.[10] Осылайша, мысалы, оптикалық кванттық генераторларды қолдануды көздеген, бірқатар объектілерді зерттеу үшін қолданылатын әдістер кешені құрылған. Сот сараптамасының дамуы тек жаңа тапсырмаларды шешу мүмкіндігін жасауды ғана емес, сонымен бірге бұрын мәлім болған шешімдерді тиімділеуді жорамалдайды, қолдағы сарапшылық зерттеу әдістемелері зерттеудің жаңа және түрлендірілген әдістердің қолдануының арқасында үнемі жаңартылып тұру керек. Міне осылай сарапшылық зерттеу әдістемелерін жасау және түрлендіру негізі болып сарапшылық практиканы әдістік қамтамасыз ету сұрақтарына тоқталу орынды болып ұсынылады. Жаңа әдісті енгізу, егер ол алдындағы әдіспен салыстырғанда зерттеліп жатқан объект туралы ақпараттың мінезі мен көлемінде артықшылығы болса ғана, сондай-ақ уақыттық және материалдық шығындар жоспарында оқтаулы. Сот сараптамасын жаңа әдістермен толықтандыру бірнеше варианты көздейді. Заттық дәлелдемелерді зерттеу кезінде мәселелі жағдайлар туғандықтан және мұндай жағдайлар басқа ғылымдар да болғандықтан, сарапшылық практикаға басқа ғылыми

тапсырмаларды шешу үшін жасалған әдістер кенінен енгізіледі. Мысалы, белгісіз заттың талдамалық әдістермен жасалатын химиялық құрамын анықтау туралы айтатын болсақ, бұл әдістер сондай-ақ химияда, геологияда бірқатар ғылыми білімдердің басқа облыстарында да қолданылады. Мұндай жағдайларда сарапшылық практикаға әдісті енгізгенде, оның ғылыми негізінде іске асырылу техникасы өзгермейді, бірақ сараптама объектілерінің ерекшеліктері мен тапсырмаларының өзіндік түрі болғандықтан, аталған әдіс іске асырылудың жаңа түрі мен рәсіміне иеленеді. Сарапшылық практикаға жаңа әдістерді енгізудің екінші жолы, бұл басқа ғылымдағы әдістерді тек қана толықтырып және өзгешелеп тапсырмалардың ерекшеліктеріне қарай қолдану. Осымен қатар әдістің түрленуі жасалады. Мысал ретінде биологиялық объектілердің қызулық сипаттарын зерттеу әдістерінің негізінде жасалған сұйық кристалдық индикаторларды қолданудың әдісін дайындауды келтіруге болады. Көрсетілген екі вариантынан басқа заттық дәлелдемелерді арнайы қылмыснамалық зерттеулер үшін тағайындалған әдістерді дайындау варианты бар. Олар қатарымен әрі қарай басқа ғылымдармен де қолданысқа енгізіле алады. Міне осылайша, мысалы трасологиялық салыстырмалы зерттеу әдісі академик Б.А.Рыбаковпен қолданылған.

№ 2 дәріс

Сот сараптамасының топтастырылуы

Дәрістің жоспары:

1. Сот сараптамасының топтастыру негіздемесі.
2. Зерттеу пәні бойынша сараптаманы топтастыру.
3. Сараптама түрлері.

Әдебиеттер:

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан.
2. Закон Республики Казахстан "О судебной экспертизе".
3. Арсеньев В.Д. Соотношение понятий предмета и объекта судебной экспертизы. В сб.: Проблемы теории судебной экспертизы. М., 1980.
4. Назначение и производство судебных экспертиз. М., 1988.
5. Российская Е.Р. Судебная экспертиза в уголовном, гражданском, арбитражном процессе. М., 1996.
6. Бычкова С. Ф. Формы проявления интеграционных процессов в развитии науки о судебной экспертизе. В сб.: Теоретические и практические вопросы судебной экспертизы. Алматы, 1993.
7. Виноградов И.В., Кочаров Г.И., Селиванов Н.А. Экспертизы на предварительном следствии. М., 1967.
8. Орлов Ю.К. Производство экспертизы в уголовном процессе. М., 1982.
9. Производство повторных экспертиз в судебно-экспертных учреждениях. М., 1977.

Соттық сараптауларды топтастыру оларды белгілегенде, жасағанда, сонымен қатар сараптаушының қорытындыларын бағалағанда мәнді рөл атқарады. Мақсаттылықтың белгіленуінің байланыстылығына қарай, топтастырылу көп негіздермен жасалуы мүмкін. Қылмыстылық сот әрекеттері болса да, сондай-ақ соттылық сараптауларын топтастыру басты рөлді атқарады. Әрекеттегі шығарылған заңда сонымен қатар сараптауларды топтастыру жөндерімен ұйғарылған: сараптаулардың санының қатысуымен (жекеменшікті және комиссиялық); қолданатын арнайы білімнің сипаттарымен (жиынтылық); өткізілетін зерттеулердің көлемімен (негізгі және қосымша); өткізудің ұластылығымен (алғашқы және қайтадан)

2. Затты зерттеу жөнінде сараптаулардың топтасулары. Әр сараптауларды бөлшектейтін белгі және әрі қарай сараптаушының жетіктілігі болып табылатыны заттылық зерттеу, яғни жағдайларды сараптау өткізу арқылы анықтау. Зат бұл аспектіде жалпы түсініледі- жақ ретінде, сараптау объектісіне қатынасуында, зерттелетін және құралдармен танылатын (амалдармен, әдістемелермен) сол сараптаулардың салаларының, мәселені шешу мақсатымен, іске маңызды болғандығынан және білім саласының сәйкес өрісіне кіруінен[3]. Бұрын айтылғандай, В.Д.Арсеньевтің бұл анықтамасы, сараптау затының толық үшмүшелі «формуласының» өзіндігін көрсетеді (объект, мақсат, тану амалдары) Соттылық сараптауларды топтастыруының ғылымдағы қабылданған тақырыбына сәйкес, барлық соттылық сараптауларды топтарға, нәсілдерге, түрлерге бөлінуі қабылданған. Бұл жүйедегі элементтердің ең ірісі болып саналатындары таптар теориядағы қайсыларының тоғызы ерекшеленген: криминалистикалық, дәрігерлік және психофизиологиялық, инженерлік-көліктік, соттылық-бухгалтерлік және қаржылық-экономикалық, биологиялық, инженерлік-техникалық, инженерлік-технологиялық, ауылшаруашылық, экологиялық[4]. Топтар нәсілдерге бөлінеді. Осылай, мысалы, криминалдық сараптаулар ақырғы топтастыруларға сәйкес қолжазба жүргізу, авторлық жүргізу, техникалық-криминалдық құжаттарды сараптауларға бөлінеді, фототехникалық, портреттік, трассологиялық, баллистикалық, жойылған маркаланған белгілерді қалпына келтіру сараптауларына, суық қарулардың сараптаулары[5].

Нәсілдер сараптаулары түрлерден қосылады. Осылай, мысалы, құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптауларының екі түрі болады-реквизиттардың және құжат мәліметтерінің соттылық-техникалық сараптаулары. Қазіргі бар топтастырулар шарттылы, жылжымалы болатындығының бейнелеуін байқаған жөн, және қазіргі уақытта оның барлық деңгейлері ревизияға ұшырайды.

4. Сараптаулардың түрлері. Процессуалдық негіздермен ерекшеленгенде сараптаулардың түрлеріне жататындар: жеке меншік және комиссиялық бірнәсілді және жиынтылық, алғашқы және қайтадан, негізгі және қосымша. «Соттылық сараптаулар туралы» ҚР Заңы және ҚР ҚІЖК көрсетілген сараптаулардың түрлерінің регламенттерін алдын- ала қарайды. (ҚР ҚІЖК 249, 250, 255-баптары). Жеке меншікті сараптау бір сарапшымен жасалады. Комиссиялық сараптаудың келесі өзгешелік белгілері бар) 1) ол бір маманды

(мамандану), бірнеше сарапшылармен жасалады. 2) оның зерттелуі аса көп мөлшер орын алу кезінде жасалады, іс бойынша сараптаудың өте күрделілігі және маңыздылығында. ҚР ҚІЖК сараптаудың қайта жасау комиссиялық тәртібі міндетті түрде сақталған, сонымен қатар соттылық-психиатрлық сараптауларды тұлғаның есі барлығының мәселесін шешкенде. Егер қаулыда жасалатын сараптаманың комиссиялық бейнелілігі көрсетілсе, бұл сараптау мүшесінің жетекшісіне міндетті түрдегі талап. Оның сонымен қатар өз еркімен қажеттікке қарай комиссиялық сараптаудың өткізуін ұйымдастыруға құқығы бар. Сараптамағаны комиссияға тапсырған кезде, соттылық –сараптау мүшесінің жетекшісі қалған сарапшылардың қызмет әрекеттерін, сараптау өткізуінің жалпы жоспарының жетілдіруін, сарапшылардың ақырғы кеңес құруын басқаруды, олардың өздерінің біреуіне қызметті үйлестіруді тапсырады. Бірақ та көрсетілген өкілеттік тек қана ұйымдастыру бейнесін көрсетеді. Комиссиялық сараптама өткізілерде комиссия мүшелері өзара кеңес құруларына құқықтары бар. Зерттеу аяқталғаннан кейін комиссия мүшелері бірге алынған нәтижелерді талдайды, сонан соң жалпы пікірге келіп біртұтас қорытындыға қол қояды. Сарапшылардың арасында қайшылық пайда болған кезде, олар бірыңғай не бір тобы бөлек қорытынды береді немесе қорытындыда өз пікірлерін бөлек қалыптастырады. Бірнәсілді сараптаманың бейнесі, оны жасаудағы үдерісте бірнәсілді арнайы білімдерді қолданатындығы. Жиынтық сараптаманың ерекше болулығы, зерттелетін бір жағдайды анықтау үшін негізінде әр саладағы арнайы ғылыми білімдердің керектігі, сондықтан сарапшылардың әр түрлі мамандарының қатысуы. Жиынтық сараптаманың өзіндік құқықтық белгілерінің көріністері: 1)сараптаулықта түрлі мамандардың қатысуы, осыдан олардың қызметтерінде айырмашылық болуы; 2) зерттеудің негізінде, тек қана жеке жасаған емес, бірақ басқа да сарапшылардың қорытындыларын беру.

Жиынтылық сараптама жана интеграциялық мақсаттарды шешкенде көбінесе жиі орын алады, қайсы теоретикалық және методикалық бірнеше түрлердің (нәсілдердің) ережелерінің сараптамаларын аралық деңгейде негізгі мақсатқа қатынасқанда жабдықталынады. Бірінші кезеңде күрделі интеграциялық мақсаттар, маңызды элементтердің талдау механизмінің оқиғаларын қоюға бағытталған, жиынтық сараптамалар жасаумен атқарылады, сосын технологияны орындаумен және керекті соттылық-сараптау саласының қалыптасуымен бір саласында тұратын соттылық сараптың білімінің сараптаулық разрядына көшеді. Айтылған суреттемелердің көрінісі криминалистикалық сараптамалардың мәліметтерінің пайда болуы және дамуы, заттар мен құралдардың бір қайнардан шыққан жерін дәлелдеу үшін мәселенің базасынан құралған және объектілердің өзаралық қимылдарының ұштасуын ақиқаттау. Тура осындай бейнемен интеграциялық мақсат ықшам жағдайдың жалпы механизмін белгілегенде, көлік құралдарының қағысуында, көлік трассологиялық соттылық сараптаманың қалыптасуында алғы шарттылық көрініс болады[6]. Сот - сарапшылық ұйымға тапсырылған кешендік сараптама жүргізуді оның жетекшісі ұйымдастырады. Ол сараптаманың кешендік сипатын анықталғаннан кейін, оны өзінің бастамасы бойынша өткізуініңұйымдастыруға

құқығы бар. Қылмыстық үрдісті жүргізетін органның кешендік сараптаманы өткізу туралы талабы оның сот сараптамасының органының жетекшісімен қате сараланған кезде міндетті емес. Кешендік сараптаманы өткізу және рәсімдеу принциптері негізінде комиссиялық сараптаманы өткізу кезіндегі принциптарымен ұқсас. Ерекшелігі тек барлық зерттеулердің қорытындысын бағалауға құзыретті сарапшылар ғана бірыңғай тұжырымға қол қоя алады. Қосымша сараптама тек негізгі сараптама өткізілгеннен кейін ғана тағайындалады. Қосымша сараптаманың өткізу уәжі ретінде сараптаманы тағайындаған тұлғаның, сарапшының тұжырымымен қорытындының толықсыздығы немесе айқындығының жеткіліксіздігінің себебінен келіспеу, сондай-ақ алдында зерттелген мән-жайларға қатысты жаңа сұрақтардың пайда болуы болып табылады. Қосымша сараптама тек екінші ғана емес. Ол үшінші және әрі қарай сандық реті бойынша бола алады. Сарапшы қорытындысының айқынсыздығы оның тұжырымдарының байыпсыздығынан болуы мүмкін және ол қорытындыны түсіндіру арқылы жойылады. Сарапшының қорытындысын түсіндіру деп, оның көрсетпелерін айтады, олар арқылы сарапшының таңдаған әдістемесінің, оның қолданған ғылыми-техникалық құралдарының, табылған белгілерінің, белгілердің және олардың жиынтығын сарапшымен бағалау сипатымен, бөлек заңдар мен тұжырымдардың маңызы мен терең ойы ашылады. Қашанда сарапшы алдына қойылған сұрақтардың кейбіреуін назарсыз қалдырып, олардың көлемін азайтып, объектілердің барлығын зерттемеген кезде қорытындының толықсыздығы орын алады. Тапсырманың көлемін азайтуда көрсетілетін толықсыздық, өзімен-өзі сарапшының тұжырымын күмәнға салмайды.

Қорытынды қосымшаларының астында олардың қорытындыда болмаған, бірақ зерттеулерден шығатын тұжырымдарымен олардың негіздеулері түсініледі. Қосымша сараптаманы тағайындау әрқашанда сарапшы жұмысының әлсіздігіне қойылмайды. Қосымша тапсырмаларды қою көбінесе тергеу қажеттіліктерінің кеңейуімен, оның орбитасына жаңа объектілердің тартылуымен шақырылады. Әдебиетте мұндай зерттеулер тегінің табиғаты туралы сұрақ біркелкісіз шешіледі. Бір авторлар оны қосымша деп санама, басқалары-жаңа, өзіндік түрі бар деп санайды.(Ю.К.Орлов, А.Р.Шляхов, Б.И.Пинхасов, Г.М.Надгорный және басқалар)[7]. Мәселенің дұрыс шешімі біздің көзқарасымызбен Ю.К.Орловпен ұсынылған. Ол әділдік танытып, қосымша сараптаманың мақсатынан бағыт алуды қажет дейді, ал оның мақсаты түпкілікті есебінде үнемдеу болып табылады (мұндай кездерде сарапшы объектінің қайта зерттеуін өткізбей, бастапқы қорытындыға жүгіне алады). Сондықтан егер жаңа сұрақтарды шешу кезінде алдындағы зерттеулердің нәтижесі қандай да болсын мөлшерде қолданылса, сараптама қосымша болу керек [8]. Берілген ереже ҚР ҚДЖК-нің 255-бабының 1-бөлімінде көрінісін тапты, мұнда қосымша сараптама қашан да ертеде зерттелген мән-жайларға қатысты қосымша сұрақтарды шешу қажет болса тағайындалады. Қосымша сараптаманы өткізу сол сарапшыға да тапсырылуымен бірге, басқасына да беріле алады, бірақ та бірінші нұсқасы абзалырақ болады. Оны тағайындау

кезінде сарапшының меншігіне негізгі сараптаманың мәліметтері ұсынылуы керек.

Қайталанған сараптама сарапшының алдындағы қорытындысы жеткілікті негіздеуленбеген немесе оның дұрыстығы күмән туғызған кездегі сол объектілер мен сұрақтарды шешу зерттеулері бойынша тағайындалады. Қайталанған сараптаманы тағайындау кезінде сарапшы алдында бұрын қолданылған зерттеу әдістерінің ғылыми негіздеулігі туралы сұрақ қойылуы мүмкін. Қайталанған сараптаманы тағайындау туралы қаулыда алдындағы сараптаманың нәтижелерімен келіспеудің уәждері келтірілуі керек. Сарапшылардың еншісіне міндетті түрде алдындағы сараптамалардың актілері ұсынылуы керек. Практикада қайталанған сараптамаларды тағайындау жиі іс жүргізудегі жетіспеушіліктермен ұштастырылған, олардың кейбіреуі көп таралған мінезге ие. Қашан да зерттеуге бұрын қолданылғаннан ерекшеленетін бастапқы мәліметтер ұсынылғанда қайталанған сараптама тағайындалады (мысалы, жол апаты оқиғалары туралы істер бойынша сараптамаларда бастапқы мәліметтердің ішінара өзгертілуі) Және керісінше, егер айыпталушының бастапқы сараптаманың нәтижелерімен келіспеуі туралы негіздеусіз арыздану кезінде және де оны тағайындаған тұлғаның уәжсіз келіспеуінде де қайталанған сараптама тағайындалса, онда қайталанған сараптаманы тағайындау үшін іс жүргізудегі негіздеме болмайды. Осыған байланысты қайталанған сараптаманы тағайындаудың негіздемелерін қарастырайық. Қорытындының негіздемесіздігін анықтау оны зерделеу мен баға беру кезінде өткізіледі. Тергеуші (сот) мынадай мән-жайларға: Сарапшы құзыретінің жеткіліктігіне, оның зерттеу тапсырмасын дұрыс түсінуіне, зерттеудің толықтығына, зерттеулердің сапасын қамтамасыз ететін әдістерді қолдануына, зерттеу нәтижелерінің істелген тұжырымдарға сәйкес болуына назар аударады. Берілген шарттардың біреуін болсын бұзу, қорытындыны негіздемесіз деп мойындау үшін негіздеме болып табылады. Көрсетілген есептер бойынша үрдістің кез- келген құқылы қатысушысымен қорытындының негіздемесіздігі жария етіле алады. Көпшілігінде сарапшының қорытындысымен келіспеудің уәжі ретінде жиі: сарапшы туралы мәліметтер, оның құзырлығының күмән тудыруы; бастапқы мәліметтердің күмәнді болуы, олардың және басқа іс бойынша дәлелдемелердің бір-біріне қайшы келуі, өткізілген зерттеудің сапасыздығы, қорытындының дұрыс рәсімделмеуі болып табылады. Сарапшы қорытындысының дұрыстығында күмән туу, әдетте оны іс бойынша жиналған басқа да дәлелдемелермен салыстырғанда және олардың қайшылықтарын анықтау кезінде пайда болады. Қайталанған сараптаманы тағайындаудың бәсеке тудыратын бір негіздемесі ретінде бастапқы сараптаманы өткізу кезінде орын алған маңызды іс жүргізудегі бұзушылықтарды анықтау болып табылады.

Аталған негіздеме заңмен ескерілген, бірақ бұл жерде іс жүргізудегі бұзушылықтарға жіктеулі қарауды қажет етеді. Егер де олар (мысалы, сараптамаға бұрмаланған заттық дәлелдемелер салынса) жойылмаса, сарапшының қорытындысы дәлелдемелер қатарынан алынып тасталады да, мәні бойынша бағаланбайды. Мұндай кездерде жаңадан тағайындалған

сараптама бастапқы болып келеді. Сот сараптамасының теориясы мен практикасында бірнеше рет басқа да маңызы зор сұрақ көрсетілген-бастапқы сараптама қорытындысымен келіспеу кезінде оларды тағайындау міндетті.

Қайталанған сараптаманың «бақылаулық», «тексерулік» сараптамамен ортақ ештенесі болмағандықтан, оны тағайындау міндет емес [9]. Сарапшының тұжырымымен келіспеу кезінде қайталанған сараптаманы тағайындау міндет емес. Бұл сұрақты шешу кезінде сараптама мәні болатын мән-жайлар бойынша істегі басқа дәлелдемелердің бар болуын, сондай-ақ қайталанған сараптаманы өткізудің практикалық мүмкінсіздігін есепке алу керек, мысалы, зерттеліп жатқан объектілердің жоғалуы немесе маңызды түрде өзгеруі кезінде. Қайталанған сараптаманы өткізу сарапшылар комиссиясына тапсырылады. Алдындағы сараптаманы өткізген сарапшыларға қайталанған сараптаманы өткізу кезінде болуға болады және олар комиссияға түсініктеме бере алады, бірақ сарапшылық зерттеулерде және қорытынды құрастыруға олар қатыспайды.

№ 3 дәріс Сот сарапшысы

Дәрістің жоспары:

1. Сараптамалық қызметке тағайындалатын тұлғалар
2. Сарапшының бас тартуы
3. Сарапшының құқығы және міндеттері
4. Сарапшының сараптама жүргізуге өз ынтасын білдіруі
5. Сарапшының атқарған жұмысы үшін тағайындалатын сыйақы
6. Қылмыстық іске қатысу кезінде кеткен шығындар орнын толтырылуы
7. Сарапшы тәуелсіздігінің кепілі және оның қорытындысының дұрыстығы
8. Сарапшының өз міндеттерін атқармағандығы үшін жауапкершілік сұрақтары

Әдебиеттер:

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан.
2. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан.
3. Закон Республики Казахстан "О судебной экспертизе".
4. Шляхов А.Р. Судебная экспертиза. Организация и проведение. М., 1979.
5. Кульчицкий СМ. Экспертная инициатива, условия и формы ее реализации //Сборник научных трудов Белорусского НИИ проблем криминологии, криминалистики и судебной экспертизы. Минск, 1992.

1. Сараптамалық қызметке тағайындалатын тұлғалар

Эксперт – бұл белгілі бір ғылым саласында жұмыс істейтін адам. “Эксперт” терминінің бірнеше мағынасы бар: 1) сот сараптамасына қатыстырылатын тұлға (сот сарапшысы); 2) мемлекеттік сот сараптамалық

мекемесінің штаттық қызметі; 3) қоғамдық өмірде туындайтын сұрақтар мен сараптамалық баға беріп, кеңес алу үшін шақырылатын адам. Қылмыстық іс жүргізуде бірінші пункт қолданылады. Сарапшы болып іске қатысы жоқ арнайы ғылыми білімі бар, қылмыстық істі жүргізушінің немесе сот сараптамалық органының жетекшісімен сот сараптамасын жүргізу тапсырылған адам болып табылады. Сараптаманы жүргізу жүктелген адамға қайылатын талаптар Қазақстан Республикасының «Сот сараптамасы туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 83-бабының 1-ші тармағында айқындалған. Қазақстан Республикасының «Сот сараптамасы туралы» Заңының 10-бабына сәйкес сараптаманы жүргізу: 1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне; 2) сот сараптамасын лицензияның негізінде жүргізетін тұлғаға; 3) бірінші рет рұқсат беру арқылы сот сараптамасын жүргізуге рұқсат берілген басқа тұлғаларға тапсырылады. Сараптама жүргізуге бірінші рет рұқсат беру Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің 1998 жылдың 5 маусымында № 171 қаулысында қабылданған. Бұл тұлғаларға: «Сот сараптамасы туралы» Қазақстан Республикасының заңының 27-бабына сәйкес шетел мемлекеттерінің сот сарапшылары; 2) Қазақстан Республикасының «Сот сараптамасы туралы» Заңының 10-бабының 2, 3 пунктеріне сәйкес арнайы ғылыми білімі бар адамдар жатады.

Қазақстан Республикасының «Сот сараптамасы туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес сот сарапшысы жоғары білімді, белгілі бір сот сараптамасы түрінен арнайы білімі бар тұлға болуы керек. 10-бабтың 1, 2 тармақтарында көрсетілген тұлғалар Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің комиссиясымен аттестацияланып, белгілі бір сараптаманың түрімен айналысуға рұқсат беретін квалификациялық құқықтары болуы керек. 10-заңның 1-бабының 2-пункті бойынша сот сарапшысының сот сараптамасы қызметімен шұғылдануға құқық беретін лицензиясы болуы керек. Заңның 10-бабының 3 пунктісіне сәйкес сот сараптамасы: 1) әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе қабілеттілігі жоқ. 2) соттылығы бар. 3) жағымсыз жайларға байланысты сот сараптамасы қызметінен жұмыстан шығарылған тұлғаларға сот сараптамасын жүргізу құқығы берілмейді. Іскер адамға сот сараптамасын жүргізу тапсырылса немесе қылмыстық процесс жүргізіп жатқан органның үкімі бойынша сот сараптамасының жетекшісінің тапсыруы бойынша және сот сараптамасы органынан тыс жерде сараптама жүргізетін болса, ол сарапшы болады. Сот сараптамасының квалификациясын алған және Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің комиссиясымен аттестацияланып, сот сараптамасы органдарының қызметкері болып табылатын тұлға. Сонымен қатар, сот сараптамасы қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиясы бар тұлғалар сот сарапшыларының Мемлекеттік реестріне енгізіледі.

2. Сарапшының бас тартуы

Сарапшы ауыстырылатын процесс қатысушысы болып табылады. Сондықтан сұраныстың қанағаттандырылуымен процеске қатыспауы мүмкін. Жан-жақты істі толық объективті зерттеу сарапшының іс барысы жайлы

тікелей немесе жанама қызығушылығын тудыруы мүмкін. Тікелей қызығушылық деп сарапшының өзінің сараптаманы жүргізіп, іспен танысуын айтамыз. Ал жанама қызығушылық таныту деп сарапшының іс бойынша еш білері жоқ, керісінше сараптама ісімен туыстары немесе онымен байланысы бар басқа тұлғалардың қызығушылық білдіруін айтамыз. Қазақстан Республикасының ҚДЖК-нің 96-бабына сәйкес сарапшы қылмыстық іс жүргізу ісіне кодекстің 90-бабында белгіленген негіздер бойынша қатыса алмайды. Егер ол: іс бойынша жәбірленуші болса, азаматтық талапкер болса, азаматтық жауапкер болса, куәгер ретінде шақырылса немесе шақырылуы мүмкін болса; іске судья, аудармашы, сот отырысы хатшысы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, қорғаушы, жауапқа тартылушының заңды өкілі, жәбірленушінің өкілі, азаматтық талапкер немесе азаматтық жауапкер болса сот сараптамасын жүргізе алмайды. Сонымен бірге, егер сарапшы жоғарыда аталғандардың туысы болса, сот сараптамасын жүргізе алмайды. Ал сарапшының бас тартуына келетін болсақ, қылмыстық процесті жүргізуші тұлға осы сұрақты өз қалауы бойынша шеше алады. Алайда жоғарыда аталған жайттар орын алған болса, сарапшы өзі сот сараптамасын жүргізуден бас тартуы керек. Бұл үшін сарапшы, сот сараптамасы органының қызметкері жазбаша түрде жетекшінің атына өтініш жазды. Сарапшының сот сараптамасын жүргізбеуіне қарсылығын процесстің басқа қатысушылары да білдіре алады. Қарсылық білдірудің нақты себептері болуы керек. Сарапшының бас тартуы туралы сұрақ қылмыстық процесс жүргізіп жатқан органмен шешіледі.

3. Сарапшының құқығы және міндеттері

Сараптама мәселелерін ойдағыдай шешу үшін заңмен экспертологияның міндеттері мен құқықтарының жүйесі ескерілген. Сарапшының іс жүргізу статусы Қазақстан Республикасының ҚДЖК-нің 83-бабында көрсетілген құқықтары және міндеттерімен анықталады. Бұл сарапшының жасауға құқығы бар немесе құқығы жоқ әрекеттер тізімінен тұрады. Қазақстан Республикасының ҚДЖК-нің 83-бабының 3-тармағына сәйкес сарапшының құқығы бар: іске қатысы бар іс құжаттарымен танысуға; қорытынды жасау үшін қажетті қосымша құжаттар беру туралы сұраныс жасауға; іс жүргізуге қатысып, оның қатысушыларына сараптама пәніне қатысы бар сұрақтар қоюға; өзінің қатысуымен жасалған іс жүргізу протоколымен танысуға және өзінің берген жауаптарының дұрыс емес және толық емес жазылғанын айтуға, өзінің айтуы бойынша іске маңызы бар іс-әрекеттерді көрсетуге, өзінің туған тілінде немесе жақсы меңгерген басқа тілде қорытынды жасауға, қылмыстық іс жүргізіп жатқан органның әрекеттеріне арыз жазуға, өзінің арнайы білімінен тыс сұрақтарға жауап бермеуге және керекті құжаттардың жеткіліксіздігінен жасаған жұмысы үшін сыйақы алуға және шығынының орнының толтырылуын талап етуге құқылы. Қазақстан Республикасының ҚДЖК-нің 83-бабының 4-тармағына сәйкес сарапшының қылмыстық іс жүргізіп жатқан органдарды айтпағанда іс жүргізуге қатысушы басқа тұлғалармен сараптаманың жүргізілуіне байланысты сұрақтарға келіссөздер жүргізуге; өз бетінше зерттеуге арнап құжаттар жинауға; қылмыстық істі жүргізіп жатқан органның арнайы рұқсатысыз зерттеу объектілерінің құрамының, сыртқы пішінінің толық

немесе жеңіл-желпі жойылуына әкелетін зерттеулер жүргізуге құқығы жоқ Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 83-бабының 5-тармағына сәйкес сарапшы қылмыстық іс жүргізіп жатқан органның шақыруы бойынша келуге, алдына қойылған сұрақтарға негізделген және объективті, жазбаша қорытынды беруге; жүргізілген зерттеулер мен жасалған қорытындыларға байланысты сұрақтарға куә ретінде жауап беруге; іс бойынша сараптама жүргізу барысында анықталған мәліметтерді таратпауға; тергеу әрекеттері және сот отырысы жүргізіліп жатқан уақытта тәртіп сақтауға міндетті. Сарапшының ҚІЖК-де көрсетілген міндеттерінен басқа міндеттері Қазақстан Республикасының “Сот сараптамасы туралы” Заңының 11-бабында көрсетілген. Осылайша, сарапшы сараптама жүргізбестен бұрын объектілердің мүмкіндігінше өз қалпын сақтайтын әдістерді таңдауға міндетті. Сарапшы қылмыстық іс жүргізіп жатқан органға өзінің арнайы біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынып отыруға; қылмыстық іс жүргізіп жатқан органның және сот отырысы тараптарының талап етуі бойынша өзінің кәсіби біліктілігі мен қылмыстық іске қатысушы тұлғалармен арақатынасы туралы мағлұматтарды беруге міндетті. Сот сараптамасы мекемесінің қызметкерлері болып табылатын сарапшылар өздерінің іс жүргізулері бойынша құқықтары және міндеттерімен таныстырылып, жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатындықтары туралы ескертіледі. Сарапшының құқықтары мен міндеттері практикада өзгеше қолданылатындықтан, оларға тоқталып кетейік.

4. Сарапшының сараптама жүргізуге өз ынтасын білдіруі

Сарапшының өз қызметін жүргізу барысында арнайы танымға, кәсіби тәжірибеге және сот істерінің мән-жайларын ашуға бағытталған іс-әрекеттері сарапшы құқықтарында принципалды мәнге ие. Сарапшының өз еркіне құқығы ықпалы Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 3-бөлімінде, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының “Сот сараптамасы туралы” Заңының 4-пунктінің 12-бөлімінде тіркелген. Бұл бойынша: сараптаманы тағайындаған органмен келісе отырып, сарапшы өз алдына қойылған сұрақтарға ғана қорытынды бермей, өз қалауы бойынша іске маңызы бар деп шешкен басқа да мән-жайлар бойынша қорытынды жасауға құқылы. Бұндай норманың қолданылуының сараптаманы тағайындаушы органның сарапшыға қойылатын талаптардың толық көлемін тапсыра алмауының себебі болып, сот сараптамасының жаңа мүмкіндіктері туралы мағлұматтың тергеушіге (сотқа) кеш жетуі болып табылады. Зерттеу жүргізу барысында сарапшының іске маңызы бар жаңа мән-жайларды табуы және өздерінің анықтауы тиіс сұрақтарынан тыс мағлұматтардың анықталу фактілерін ескерген жөн. Сарапшының өз қалауы жайлы норманың енгізілуі нақты қылмыстық іс құжаттарын зерттеуге, арнайы білім аумағын кеңейтіп бір уақытта сот сараптамасының жаңа мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бірақ сарапшының қалау сұрақтарына жеңіл-желпі қарауға жол берілмейді. Біріншіден, сот сараптамасы барысында сарапшы процеске қатысушының мүддесін білдіретіндіктен, оған кері әсерін тигізетін сұрақтар қоймауға тиіс. Екіншіден, сарапшының қалауы тергеушінің қаулысында көрсетілген объектілерде орын ала алады. Сарапшы қаулыда аталмаған объектілерді

зерттеуге өз қалауы бойынша алса, заң бұзылады. Себебі: бұл жерде сарапшы өзіне жүктелген шектен тыс шығып, өз еркі бойынша дәлелдемелер жинайды. Сол себепті зерттеу барысында объектілер жайлы алынған мағлұматтардың барлық іс жүргізу құқықтары сақталынып, тергеушінің қылмыс болған жерді қосымша тексеру протоколында көрсетуі қажет.

5.Сарапшының атқарған жұмысы үшін тағайындалатын сыйақы. Қылмыстық іске қатысу кезінде кеткен шығындар орнының толтырылуы.

Қылмыстық іске қатысу кезінде шыққан шығындарының орнын толтырылуы ҚР ҚДЖК-нің 173-бабына сәйкес қылмыстық іс бойынша жұмыс істеген сарапшы: 1) жұмыс орны бойынша жалақы - егер жұмыс қызметтік тапсырма ретінде атқарылса; 2) Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген республика есебінен мөлшерлемелер шегіндегі сыйақы; 3) жақтармен келісімде анықталған шегінде сыйақы, егер жұмысты осы жақтармен келісе атқарса алады. Сарапшыға сыйақы қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысы негізінде сарапшының оларға есеп шотты ұсынғаннан кейін беріледі. Қазақстан Республикасының ҚДЖК-нің 174-бабына сәйкес қылмыстық іс жүргізуде сарапшының келесі шығындарының орны толтырылады: 1) қылмыстық процесті жүргізіп жатқан органның шақыруына кеткен шығындар: осы аймақта бар теміржол, су, көлік (таскиді санамағанда) құралдарында қылмыстық процесті жүргізіп жатқан органның келісімімен әуе транспорттерінің жол ақысын, нормалар бойынша жалға алынған тұрғын үй ақысына кеткен шығындарды толтыратын болса, сарапшының шығындары мекемемен немесе жұмыс берушімен толтырылмайды; 2) тәуліктік тұрғын үйге кеткен шығындардың орның мекеме, жұмыс беруші толтырмайтын болса, қылмыстық іс жүргізіп жатқан органның сұрауы бойынша сарапшы күнделікті тұрғылықты жерінде емес, басқа тұрғын үй жалдағаны үшін кеткен шығындар. 3) егер орташа жалақыны мекеме немесе жұмыс беруші қорғамаған жағдайда, қылмыстық іске қатысып, қылмыстық іс жүргізіп жатқан органның талап етуі бойынша кеткен уақыттың орташа жалақысын қылмыстық іс жүргізіп жатқан орган толтырады. Мемлекеттік органдар, мекемелер, қылмыстық іс жүргізіп жатқан органның қалауы бойынша сарапшының қылмыстық іс жүргізу ісіне қатысқаны үшін орташа жалақыны сақтауы керек. Сарапшыға тапсырылған жұмысты жүргізу барысында кеткен химиялық реактивтердің және басқа да шығындалған материалдардың бағасының орны сарапшыға қайтарылады. Сонымен қатар, жұмыс істеу үшін құрылғыларды қолдануға төленген төлем, коммуналдық қызметтер және көлікті қолдануға кеткен шығындар орны толтырылады. Қылмыстық іс жүргізу кезінде кеткен шығындар сот тәркілеуіне кеткен болғандықтан, қылмыстық іс жүргізіп жатқан органның негізінде сарапшының арыз жазуы арқылы заңдарда бекітілген мөлшерде төленеді. ҚР ҚДЖК-де көрсетілгендей шығындар сарапшыны сот сараптамасына қатыстырған жақпен және қылмыстық іс жүргізіп жатқан органның өз қалауы бойынша толтырылады.

6. Сарапшы тәуелсіздігінің кепілі және оның қорытындысының дұрыстығы

Сарапшының объективтілігін және тәуелсіздігін қамтамасыз ету сұрақтары, сонымен қоса оны қорғау Қазақстан Республикасының “Сот сараптамасы туралы” Заңының 14-бабының пәні болып табылады. Сот сарапшысының тәуелсіздігі сот сарапшысының бас тартуы заңда көрсетілген жағдайларда сот сараптамасын тағайындау тәртібімен сараптамалық зерттеу жүргізуде және сараптама қорытындысын жасау барысында сот процесіне қатысушылардың және басқа да тұлғалардың араласуына тиым салумен кепілденеді. Сараптама қорытындысының дұрыстығы: сараптаманың ерекше түрлерін тағайындау мүмкіндігімен; комиссиялық немесе комплекстік, яғни сарапшылардың комиссиясының қатысуын қарастыратын сараптамалар; қосымша, сараптаманың түсініксіздіктерін және қорытындының толықсыздықтарын жоятын сараптама; қайталама, сарапшы қорытындысының күдігін шешетін сараптама; заңдарда көрсетілгендей іріктеу жүйесін құрумен, кәсіби даярлықпен сот сарапшыларының тәлімін көтерумен; сараптама жүргізуде материалдық-техникалық қамсыздандырылумен; сарапшының өзіне берілген құқықтар мен міндеттерді орындамау жауапкершілігінен байқалады. Сарапшының тәуелсіздік кепілі оның қорытынды дұрыстығы мемлекеттік қылмыстық заңнамасының басқару пәні болып табылады. ҚР ҚК “Қылмыс заңдылыққа қарсы” бөлімінде қылмыстық жауапкершілікті көздейтін нормалар көрсетілген: 1. Сарапшының өміріне қол сұғу (340-б.). Сарапшының өміріне қол сұғу, сол сияқты олардың туыстарына істің материалдардың сотта қаралуына, алдын ала тергеу жүргізілуіне не үкімді орындауға соттың шешіміне немесе өзге де сот актілеріне байланысты аталған тұлғалардың заңды қызметіне кедергі жасау, не істеген қызметі үшін кек алу мақсатында олардың өміріне қол сұғу – он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады, не өлім жазасына кесіледі, немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады. 2. Жауап беруге мәжбүр ету (347-б.). Тергеушінің немесе алдын ала анықтауды жүргізуші адамның тарапынан сарапшыны қорытынды беруге қорқыту, бопсалау немесе өзге де заңсыз әрекеттер қолдану жолымен мәжбүр ету – үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Жоғарыда аталғандармен қоса, күш қолданумен, қинаумен біріктірілсе – үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылады. 3. Жалған жауап беруге сатып алу немесе мәжбүр ету (354-б.). Сарапшыны оның жалған қорытынды беру мақсатында сатып алу – мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Сарапшыны жалған қорытынды беруге бопсалаумен, өлтіремін. денсаулығына зиян келтіремін деп осы адамдардың немесе олардың туыстарының мүлкін жоямын деп қорқытумен ұштанасқан жағдайда - екі жүз айлық көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының

немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға не үш жылға дейінгі бас бостандығынан айыруға жазаланады. Егер аталған әрекеттер сарапшының өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз күш қолданылып жасалса, - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Аталған әрекеттер сонымен қатар ұйымдасқан топпен немесе аталған адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті күш қолданылып жасалған жағдайда – екі жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. ҚР ҚДЖК-нің 98-бабының 1-тармағына сәйкес сарапшы және оның туған-туысқандары мемлекет қорғауында болады. Бұл дегеніміз – мемлекет заңдарда көрсетілген негізде сарапшының сотта қылмыстық істер мен құжаттарды қарастырып, анықтау және алдын ала тергеу кезінде оның өмірін қол сұғушылық пен күш қолданудан қорғау.

7. Сарапшының өз міндеттерін атқармағандығы үшін жауапкершілік сұрақтары

Қазақстан Республикасының “Сот сараптамасы туралы” Заңының 13-бабына сәйкес сарапшының өз міндеттерін орындамауы не өз міндеттерін жеңіл-желпі орындауы қылмыстық жауапкершілікке әкеледі. Құқық бұзушылықтың түріне байланысты жауапкершіліктің – дисциплинарлық, материалдық, әкімшілік және қылмыстық сияқты түрлері жайлы айтылады. Сараптамалық қорытындының объективті және шыншыл жасалуы үшін заңнамада көрсетілген негізде сарапшыға жалған қорытынды жасағандығы жайлы қылмыстық жауапкершілік көзделген. Бұл жайлы сарапшыға сараптама жүргізу тапсырылған кезде айтылады. ҚР ҚК-нің 352-бабына сәйкес сотта не алдын ала анықтау жүргізу кезінде немесе алдын ала тергеу кезінде сарапшының көрінеу жалған қорытынды беруі – жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш айға дейінгі мерзімге қамауға жазаланады. Адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен, айыптаудың айғағын жасанды түрде жасаумен ұштасқан, сол сияқты пайдакүнемдік мақсатта жасалған, дәл сол әрекеттер бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Егер анықтау алдын ала тергеу барысында және сот талқылауы кезінде сот үкімі немесе шешімі шықпай тұрып сарапшы өзінің көрінеу жалған қорытынды жасағаны жайлы хабарлайтын болса, қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Қате қорытынды жасауға тура мән-жайлардың болмауы оны дисциплинарлық және моральдық жауапкершіліктен босатпайды. Осылайша мәні жоқ қорытынды жасалып қойылған сұрақтың шешімінің табылмауы жайлы жауапкершілік сұрақтары шешіледі. Сарапшы моральдық және этикалық нормаларға сәйкес келмейтін әрекеттер жасаған жағдайда, сонымен қатар, өзінің мамандығы жайлы сұрақтарды шешу барысында білім деңгейінің төмен екендігі байқалған

сарапшы – сот сарапшысының квалификациясынан айрылады. Сот сараптамасы органының қызметкері болып табылатын сарапшы сонымен бірге, тәртіпті бұзып, сараптама жүргізу мерзімін бұзғаны үшін және қызметтік міндеттеріне жеңіл-желпі қарағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

№ 4 дәріс

Сот сараптамасына дайындалу және оны тағайындау

Дәрістің жоспары:

1. Сараптама тағайындау негіздері
2. Сараптаманы міндетті түрде тағайындау
3. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі сараптама тағайындау тәртібі
4. Сарапшыдан жауап алу
5. Бірінші және апелляциялық сот сатысында сараптама тағайындау
6. Сараптама тағайындау барысында маманның көмегін пайдалану
7. Сараптама тағайындау барысында жәбірленушінің, күдіктінің, айыпталушының құқықтары
8. Сезіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге және куәға сарапшы қорытындысын көрсету

Әдебиеттер:

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан.
2. Закон Республики Казахстан "О судебной экспертизе".
3. Аубакиров А.Ф., Гинзбург А. Я. и др. Значение экспертизы в расследовании преступлений. Караганда, 1991.
4. Винберг А.И., Малаховская Н.Т. Судебная экспертиология (общетеоретические и методологические проблемы судебных экспертиз). Волгоград, 1979.
5. Белкин Р.С. Криминалистика. Проблемы, тенденции, перспективы. От теории — к практике. М., 1988.
6. Балакшин В. Заключение эксперта как средство доказывания по уголовному делу// Законность. 1999. № 1.
7. Проведение экспертизы в суде (правовые и организационно-практические вопросы). М., 1979.
8. Палиашвили А.Я. Экспертиза в суде по уголовным делам. М., 1972.

Сараптама тағайындау негіздері

Сараптама жүргізу процессуалдық кимыл болып табылады. Ол үш сатыдан тұрады: тағайындау, оны іске асыру және қылмыстық істі жүргізген органның сарапшы қорытындысына берген бағасы. Жалпы сараптама ҚР ҚІЖК сәйкес қылмыстық іс басталған кезде, сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде және қылмыстық сот ісін жүргізудегі бірінші апелляциялық немесе кассациялық сатылары кезінде осы сараптама тағайындалады. Қылмыстық іс қозғау сатысында сараптаманы тағайындау тек сарапшының зерттеу қорытындысы арқылы қылмыстық істі қозғау жайлы шешім мүмкін болмаған жағдайында жол беріледі. (ҚР ҚІЖК-нің 242-бабының 2-тармағы). Сараптама тағайындау негізін

екіге бөлуге болады: фактілік және процессуалдық. Сараптама тағайындаудың фактілік негізі болып іс барысында туындайтын сұрақтарды арнайы ғылыми білімдерді қолдана отырып шешу болып табылады. Сараптама тағайындаудың заңдық негізі болып арнайы ғылыми білімдерді қолданып, куәландырылатын қылмыстық іс құжаттары болып табылады. Қазіргі заңдарға байланысты сараптаманы анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот (судья) тағайындайды. Анықтаушы мен тергеуші сараптаманы қылмыстық іс қозғау барысында және алдын ала тергеу кезінде тағайындаса, судья сот талқылауы кезінде тағайындайды. (ҚР ҚІЖК-нің 1-бабының 1-тармағы). Жоғарыда аталған лауазымды тұлғалар сараптаманы тағайындаулары міндетті болған кездерді санамағанда өздерінің пайымдаулары бойынша сараптама тағайындау қажет деп тапқан жағдайда тағайындайды. Сараптаманы тағайындау - заңда анықталған негіздер мен шарттарды сақтай отырып жүзеге асырылатын процессуалдық құбылыс. Айтылып кеткендей сараптаманы тағайындау ҚР-ның ҚІЖК-нің 202-бабында және 242-бабының 1-тармағында мазмұны мен формасында айтылып, нақты қаулының шығуымен қарастырылады. Сараптаманы тағайындау туралы қаулы: кіріспе, сипаттау және қарар шығару бөлімдерінен тұрады. Кіріспе бөлімінде қаулының шыққан орны мен күні, оны шығарған лауазымды тұлға туралы мәлімет және қаулының қандай іс бойынша шығарылғандығы жайлы жазылады. Сипаттау бөлімінде істің мән-жайы, сараптаманы тағайындаудың негізі, сараптамаға жіберілген объектілер туралы (қай жерде және қашан, қандай жағдайда табылғаны және алынғаны) сарапшының қарауына ұсынылатын өзге материалдар; сарапшының қорытындысы негіздеуі мүмкін істегі мәліметтер келтіріледі. Қаулының қарар шығару бөлімінде тағайындалатын сараптама түрі, сарапшының алдына қойылған мәселелер; сараптама жүргізу тапсырылған сот сараптама органының атау немесе адамның тегі және сарапшының қарауына берілетін материалдардың тізбесі көрсетіледі. Қаулыны шығару кезінде анықтамалық әдебиеттерді пайдаланған жөн, бірақ нақты қылмыстық іс бойынша сұрақтарды шешудің шынайы қажеттілігін ескермей, оларды тұтастай көшіруге жол берілмейді. Қаулыда зерттеу жүргізуге ұсынылған қылмыстық материалдар міндетті түрде көрсетілуі керек. Барлық қылмыстық істің ұсынылуы мақсатсыз және заңға негізделмеген, әсіресе оның ешбір негізсіз топтатылуына әкеліп соғады. Сарапшыға ұсынылатын заттар мен құжаттар қаптамамен бекітілуі керек. Қаулыда сараптама жайлы айыпкердің, қорғаушының сұранысы көрсетіліп, бұл жайлы қандай шешімдер қабылданды және сараптамаға айыпкердің немесе тергеушінің өзінің қатысуы мүмкін бе екендігі көрсетіледі. Алайда сараптама тағайындау қаулы шығарумен ғана ұйқаспайды. Қылмыстық іс жүргізу сатысына қарай сараптама тағайындау арнайы қарастыруды талап ететін өзінің ерекшелігінен тұрады.

Сараптаманы міндетті түрде тағайындау.

ҚР ҚІЖК-нің 241-бабына сәйкес сараптаманы тағайындау: 1) өлімнің себептерін анықтау үшін; 2) денсаулыққа келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін анықтау үшін (жарақат, көгермелер, қан ұйып қалу), сот

медициналық сараптама жүргізу үшін; 3) іс үшін маңызды болып бірақ жас туралы құжаттар болмағанда немесе күман тудырғанда сезіктінің айыпталушының, жәбірленушінің жасын анықтау үшін; 4) анықтау органында тергеушіде немесе сотта айыпкердің жәбірленушінің әрекет қабілеттілігі жайлы немесе өз құқықтырын жеке қорғап, қылмыстық іс жүргізуде өздерінің заңды көзқарастарын қорғай алмайтындығы жайлы күдіктер туындап, олардың психикалық және физиологиялық жағдайын анықтау үшін; 5) жәбірленушінің куәгердің психикалық және жағдайын анықтау барысында олардың іске маңызы бар жайттарды дұрыс анықтай алмауы және дұрыс жауап бере алмауы жағдайларында. Тұлғалардың психикалық жағдайын анықтау сот психиатриясының сараптамасын тағайындау арқылы жүргізіледі. Ол: а) тергеуші кабинетінде; б) амбулаториялық жолмен; в) стационарлық жолмен г) сот отырысында; д) сырттай; е) өлгеннен кейін жүргізілуі мүмкін. Сот сараптамасын жүргізу амалдарын сарапшы шешеді. Алайда, сарапшы айыпкердің денсаулық жағдайын анықтау үшін ұзақ уақыт бақылау керек деп тапса, тергеуші немесе анықтаушы прокурор санкциясымен немесе сө шешімімен қаулы шығарып айыпкерді медициналық ортаға жөнелтеді. Занда көрсетілген жағдайлар сот сараптамасын міндетті түрде тағайындауы мүмкін екенін айта кеткен жөн. Мұны былайша түсінген жөн: егер тергеу органдары үшін маңызы бар жағдайлар өзге дәлелдемелермен орнықтырылмаса, сот сараптамасын тағайындау міндетті болып табылады. Мысал ретінде заңсыз есірткі таратумен байланысты қылмыстық істер тергеулерін келтіруге болады

Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі сараптама тағайындау тәртібі

Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында сараптама қылмыстық іс қозғау жайлы шешім қабылданғаннан кейін, әрі алдын ала тергеу сатысында да тағайындалуы мүмкін. ҚР ҚДЖК-нің 241-бабының 2-тармағына сәйкес қылмыстық іс қозғау жайлы шешім қабылдау сараптама жүргізбей мүмкін болмаған жағдайда ол қылмыстық іс қозғалғанға дейін тағайындала алады. Бұл айтылғандар заңсыз есірткі айналымымен байланысты қылмыстық іс қозғағанда, қару-жаракты заңсыз сақтау, ұстау немесе тасымалдауға байланысты қылмыстық істер қозғау барысында жиі көрініс табады. Қылмыстық іс қозғалғанға дейін сараптама тағайындау үшін сараптаманы салыстыру үлгілерісіз жүргізу міндетті шарттардың бірі болып табылады. Сараптаманы тағайындау криминалистикалық тактиканы ұйымдастыру, яғни тергеуші әрекеттерін жоспарлау, жүзеге асыру тәсілдері және бағалау сәттерін ескеріп жүргізіледі. Әрине жоғарыда айтылғандар ҚР-ның ҚДЖК-нің нормаларына негізделеді. Сараптама тағайындау барысы екі сатыдан тұрады: дайындық сатысы және сараптаманы жүктеу сатысы. Дайындық сатысы келесі элементтерден тұрады: 1) Сараптама жүргізу жайлы шешім қабылдау; 2) осы салада өз іс-әрекеттерін жоспарлау; 3) сот сараптамасының түрін анықтау; 4) сарапшыға қойылатын сұрақтарды анықтау (сарапшыларға); 5) сот сараптамасын жүргізу тапсырылатын сараптамалық мекеме немесе тұлғаны (тұлғаларды) тандау; 6) сараптама жүргізу үшін сарапшыны бар ақпаратпен қамтамасыз ету. 1) сот сараптамасын тағайындау туралы шешім қабылдау. Егер

іс үшін мәні бар мән-жайларды анықтауда арнаулы ғылыми білімдер негізінде зерттеу жүргізу қажет болған жағдайда сараптама тағайындалуы мүмкін. Мұнда осындай дәлелдемелік ақпарат алудың баламалы көздеріне талдау қажет. Өзге тергеу әрекеттерін (жауап алу, тексеру және т.б.) жүргізілу арқылы тиімді анықталуы мүмкін кезде сараптама тағайындамауға болады. Сараптама тағайындау туралы шешім қабылдау дер кезінде жүргізілуі керек, өйткені басқаша жағдайда қосымша сараптамалар тағайындаудың қажеттілігі немесе іс бойынша іс жүргізу мерзімі елеулі бұзылуы мүмкін. Сараптаманы тағайындау мерзімін таңдау кезде процесті жүргізуші органның сараптамалық зерттеу көрсеткіші арқылы алынуы мүмкін дәлелдемелік ақпараттың сипаты мен көлемін дәл анықтаудың маңызы зор. 2) Тергеушінің өз әрекеттерін жоспарлауы. Тиісті жоспарға кіртін іс-шаралардың тізбесі: сарапшы қарауына ұсынылатын материалдарды белгілеу; сараптама объектілерін алудың тәртібі мен мерзімін белгілеу; сарапшының табысты жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету үшін шаралар әзірлеу (егер зерттеу сот сараптамасы органынан тыс жерде жүргізілсе); сараптама тағайындау тиімділігі жайлы маманмен кеңес өткізу; сараптама тағайындау мен жүргізу кезінде іс бойынша нақты іс жүргізуге байланысты процеске қатысушылардың тиісті құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету; 3) сараптама түрін анықтау. Тергеуші сараптамаларды жіктеудің амалдарын білуі керек, себебі, тағайындалатын сараптаманың түрін дұрыс белгілеу оны тағайындау мен жүргізудің күрделі іс жүргізу бұзуларына әкеп соқтыруы мүмкін. 4) Сарапшының (сарапшылардың) шешуіне қойылатын сұрақтарды талқылау. Сарапшыға сұрақтарды қоюдың мақсаты - сарапшылық жолмен тергелетін істің мәндерін анықтау. Тергеушінің мақсаттылығымен, бағыттылығымен, сауаттылығымен сұрақтар қою кезінде оның тағайындайтын сараптаманың тиімділігі анықталады. Тергеуші сараптама тағайындау кезінде қойылатын мақсатты және шарттарды, сонымен қоса оған жетуге мүмкіндік беретін сараптаманың қазіргі мүмкіндіктерін анық түсінуі тиіс. Егер қылмыстық істі жүргізуші адамның деректері бойынша әдістеме әлі әзірленбеген болса, сарапшының алдына сұрақтарды қоюына жол берілетіндігіне назар аудару керек. Біріншіден, сарапшылық ғылымның дамуына байланысты ол әдістеме туралы жанадан шыққан ақпаратты білмеуі мүмкін; екіншіден, сараптама жүргізу барысында көбінесе стандартты емес сұрақтарды қою жаңа әдістемелерді әзірлеудің негізі болып табылады. Сарапшының алдына қойылған сұрақтар белгілі бір талаптарды қанағаттандыруы тиіс: жалпы сараптама және сарапшы құзыретінің шеңберінен шықпауы; сот сарапшылық ғылыми білім саласының даму дәрежесін ескеру; іс мән-жайларын зерттеу міндеттерінің барлық көлемін білу; сарапшыға және қылмыстық іс жүргізуге қатысушы өзге де адамдарға түсінікті болу; сот сарапшылық ғылыми білім саласында қабылданған терминологияны негізге алу; логикалық ойлай білу. Сарапшыға құқықтық сұрақтарды қою туралы мәселе пікірталастар туғызуда. Егер бұрын сарапшыға құқықтық сұрақтар қоюға жол берілмейін болса, ал қазір бұл нақтылауды қажет етеді. Заңнаманың нормативтік құқықтық актілердің саны, нысаны, мазмұнындағы өзгерістерінде құқықтың әр түрлі саласындағы тар шеңберіне жататын көптеген сұрақтар

пайда болды. Бұл көбінесе, қаржы құқығы саласына жатады. Мәселе тек қылмыстық процесті жүргізуші органның дәлелдеме тақырыбына кіретін сұрақтардың мәнін түсінудің қиындығында емес. Іс материалдарында іс материалдарын зерттеуге, сонымен бірге қолданыстағы заңнамаға негізделіп, дәлелдеуге жататын жайларды білікті талдауы бар іс жүргізу құжаттары болуы керек. Сонымен қоса, істі тергеу және қарау кезінде құқық пен экономиканың, құқық пен экология мәселелерінде сұрақтарды шешу қажеттілігі туындаған кезде, сараптама тағайындалуы керек пе деген күмән туындамауы керек. Қазіргі кезде дамып келе жатқан құқықтық қатынастарды терең біліп қана қоймай, оларға ғылыми талдау талап етіледі, бұл өз кезегінде тиісті сараптама тағайындау үшін негіз болып табылады. Сонымен бірге, құқық салаларының мамандандырылған тарауларына жататын іс бойынша шешім қабылдау үшін қажетті құқықтық білімі жоқ қылмыстық процесті жүргізуші орган тек сот сараптамасын ғана пайдаланып қана қоймай, сонымен бірге білімдердің басқа да нысандарын – мамандардың кеңесін пайдалана алады. Кейбір жағдайларда тиісті мамандық мамандарының судьяға берген түсініктемелерінің нәтижесінде құқық саласындағы кемшіліктердің орны толуы мүмкін. Соңғы айтылғандардың қатарына айыпталушының кінәлігіне, іс-әрекеттер біліктілігі, іс бойынша дәлелдемелердің толықтылығы, заңнамада көрсетілген қылмыстық және қылмыстық процессуалдық нормалар сұрақтары жатқызылады. 5) сот сараптамасы органын немесе сараптама жүргізуді тапсыру жоспарланған адамды (адамдарды) таңдау. Практикада сот сараптамасын жүргізу негізінде Қазақстан Республикасының сот сараптамасы органдарына тапсырылады. Алайда, заң сарапшылық зерттеулерді сот сараптама қызметен жүзеге асыру құқығына лицензиялары бар адамдардың, сондай-ақ бір жолғы рұқсат бойынша өзге адамдардың да жүргізу мүмкіндігін қарастырады. Мұндай жағдайда сарапшыны таңдау жауапкершілігі тергеушіге беріледі. Соған байланысты ол қажетті хабардар адамды іздестіруді және оған зерттеулер жүргізу үшін жағдайлар жасау мәселелерін шешеді. Тергеуші сарапшыны дербес тағайындаған кезде ең алдымен, оған қарсылық білдіруге негіз болатын іс жүргізу сипатындағы кедергілердің болмауына көз жеткізуі керек. Сонымен бірге сарапшының талаптарға сәйкестілігі туралы мәселені шешуі керек: құзыреттігі, яғни тиісті сот сарапшылық саладағы білімдерді терең білуі; іс бойынша шешімге келуге теріс ойда болмауынан көрінетін объективтілігі; сарапшының кез келген адамдар ықпалына тәуелсіздігінен көрінетін дербестігі; оқиғаның және қылмыстың салдарынан сарапшы қызметінің басқа іс-әрекеттерінен туындаған сезімдерді жеңуден көрінетін эмоционалды тұрақтылығы; өзіндік ұйымдастырушылығы; жүргізілетін зерттеулердің түрлерімен анықталатын басқа кәсіби салалары. 6) сараптама жүргізу үшін сарапшыны алғашқы ақпаратпен қамтамасыз ету. Алғашқы ақпаратты дайындау сараптама тағайындаудың елеулі кезеңі болып табылады. Себебі көбінде ол алдағы сарапшылық зерттеу мен қорытындының сапасын анықтайды. Ақпарат көздері іс жүргізу және іс жүргізу көздері емес деп бөлінеді. Алғашқы ақпараттың іс жүргізу көздері олардың ішіндегі нақты қылмыстық іс материалдары болатындарына: қаулылар, тергеу әрекеттерінің

хаттамалары, заттай дәлелдемелер, сарапшылық зерттеу үшін үлгілер, алдыңғы сараптамалардың қорытандылары, құжаттар. Алғашқы ақпараттың іс жүргізу көздері еместер – эталондар, стандарттар анықтамалық басылымдар, әдебиет көздері. Алғашқы ақпарат сипатына қойылатын талаптар сараптамалардың нақты түрлерімен белгіленеді, соған байланысты ол ұсынуға жатқызылады. Алайда, алғашқы ақпараттың қанағаттандыруы жалпы шарттар да бар: жол берушілік (заңдылық көздерінің, тәсілдер мен әдістердің жарамдылығы), қатыстылық (нақты қылмыстық іспен байланыстың болуы), сенімділік (істің нақты мән жайларға сәйкестігі, шығуының шынайылығы), репрезенттық (ақпарат компоненттерінің жиынтығы жеткілікті толық және сенімді жәрежеде сарапшылық зерттеуді қамтамасыз етеді). Көп жағдайда, сарапшыға ұсынылатын ақпараттар көлемі туралы мәселе жеке шешіледі, ал процесті жүргізуші орган оны мұқият ойластыруы тиіс. Сарапшының алдын ала қандай істің мән-жайларымен танысатындығын білу мүмкін болмағандықтан, ол қосымша материалдар ұсыну туралы өтініш беруге құқылы. Сараптама жүргізуді тапсырудың екі негізгі элементі бар: 1) сараптама шығару туралы қаулы шығару; 2) алғашқы ақпаратты сарапшыға немесе сот сараптама мекемесінің жетекшісіне тапсыру. Тергеуші зерттеуге жататын барлық материалдардың дұрыстығына кепілдік беруге міндетті. Мұнда: іс материалдардағы бірдей объектілерге қатысты әр түрлі болуына, дәлелдемелер жинау мен бекіту кезіндегі іс жүргізу кемшіліктеріне, заттай дәлелдемелерді пайдаланудың ережелерін бұзуға, оларды ауыстыруға жол берілмейді. Сараптама жүргізу үшін материалдарды беру бірқатар жағдайларға байланысты болады. оларға: материалдар жеке адам арқылы (нарочный арқылы), поштамен немесе олардың тікелей сақталу болу жолдары арқылы беріледі. Зерттеу объектілері кте үлкен не тез бұзылатын болғанда, оларды сарапшаға ұсынуға мүмкіндік болмайтын ерекше жағдайлар туындайды. Бірінші жаңдайда тергеуші сарапшыны объектілерді сақтау орнына жеткізуді, олармен кедергісіз жұмыс істеуді және сарапшылық зерттеу жүргізу үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етуге міндетті. объектілерді өткен оқиға жағдайында сақтау қажеттілігі болған жағдайда, тергеуші күзет қйымдастыруға және заттай дәлелдемелерді сақтауға шара қолдануға міндетті. Бұл қарау хаттамасы сараптама тағайындау туралы қаулыда көрсетіледі. Сараптама жүргізу барысында тергеуші және сарапшы бірлесе отырып, шешілуі тиіс мән-жайларды анықтауда өз мүмкіншіліктерін кеңейтеді. Тергеуші қосымша материалдарды ұсынылуының дер кезділігін, жаңа дәлелдемелер жинау қажеттілігін, жаңадан табылған дәлелдемелерді бекітіп, сарапшы қорытындысын бағалауда қажет болатын ақпаратты алады. Ерекше іс жүргізу процедурасы мамандандырылған дәрігерлік мекемелердің сот сараптама өндірісінде орын алады. ҚР-ның КІЖК-нің 247-бабына сәйкес сот медициналық немесе сот психиатриялық сараптамаларды амбулаториялық немесе стационарлық тексеру жүргізу туралы шешім сарапшы (сарапшылар) пікірлерін ескере отырып қылмыстық іс жүргізіп жатқан органмен (тұлғамен) қабылданады. Тұлғаны сәйкес медициналық мекемеге стационарлық бақылауға бағыттау туралы шешім сараптама тағайындау туралы қаулыда көрсетіледі. Ол

сарапшыға (сарапшыларға) қаншалықты міндетті болса, медициналық мекеме әкімшілігіне де соншалықты міндетті болып табылады. Сараптама жүргізу барысында тұлғаны медициналық мекемеге бағыттау жайлы сұрақ туындаса сарапшы сұранысына негізделіп бұл туралы ерекше қаулы шығарылады. Жәбірленуші, куәні медициналық мекемеге тек өздерінің жазбаша келісім беру арқылы, егер оның іске қатысты маңызы бар жағдайларды және анықтам беруде дұрыс қабылдау әрекетіне күмән туған кезде, оның психикалық физикалық жағдайын қалпына келтіру қажеттілігі туындаса ғана орналастыруға болады. Амбулаториялық тексеруге шақыру куә, жәбірленушіден жауап ал тәртібі ережелері бойынша жүргізіледі. Қамауға алынбаған сезікті айыпталушыны медициналық мекемеге орналастыру, сонымен бірге жәбірленуші куәға қатысты іс сот шешімі бойынша немесе прокурор санкциясымен, ал сот психиатриялық сараптама сот шешімі бойынша жүзеге асырылады. Сараптамалық зерттеу жүргізу үшін қажет мерзімге медициналық мекемеге орналастыру ведомстволық нұсқауларды есепке алуы арқылы жүргізіледі. Тұлғаның әрі қарай сот медициналық мекемеде қалуы ешбір мақсатсыз екендігі туралы сарапшы немесе оның атынан мекеме әкімшілігі қылмыстық іс жүргізіп жатқан органға (тұлғаға) хабарлайды. Тұлғаның медициналық мекемеде ұсталуының тоқтатылғандығы жайлы әлеуметтік қаулы шығарылады. Сезіктіні стационарлық психиатриялық сот сараптамасын жүргізу үшін қажетті мерзімге медициналық мекемеге орналастыру кезінде оған қатысты айыптың шығарылуы, сезіктінің психиатриялық қалпы жайлы сарапшылар комиссиясының қорытындысы шығарылғанша тоқтатылады.

Сарапшыдан жауап алу.

Тергеушінің (тергеу жүргізетін тұлға) сарапшы қорытынды бергеннен кейін сарапшыдан іс бойынша жауап алу құқығы ҚР-ның ҚІЖК-нің 253-бабында көрсетілген. Сарапшыдан жауап алу оның бұрын берген қорытындысын толықтыру немесе анықтау үшін егер ол анық белгіленбесе, ескерілмеген мән-жайлары бар болса және оларды қарастыру қосымша зерттеулер жүргізуді қажет етпесе немесе сарапшының қолданған әдістері мен терминдерін анықтау үшін жүргізіледі. Сарапшының қорытындысының мағынасы деп мазмұны мен мағынасын ашып, түсінікті, нақты жауап беруі: сарапшымен тандалған зерттеу әдістері; онымен қолданылған ғылыми-техникалық құралдар; объект белгілерін менгеру барысында пайда болған, сарапшымен анықталған белгілерді анықтау болып табылады. Анықтау түсінігіне сарапшы қорытындысында қолданылған жеке терминдер және қалыптасулар, сонымен қатар, сарапшымен қолданылған әдістер жатады. Сарапшы қорытындысын толықтыру түсінігінің мәніне жүргізілген зерттеулер нәтижесінен шығатын, бірақ қорытындыда орын таппаған ұйғарымдар жатқызылады. Егер жауап алу барысында сарапшы өз қорытындысын өзгертетін болса, оның жаңа қорытындысы қабылданады немесе қайталама сараптама тағайындалады. ҚР-ның ҚІЖК-нің 120-бабында жауап алу барысында сарапшының жеке дара емес куәлік етуі қарастырылған. Сарапшыны жауап алуға шақыру және одан жауап алу тәртібі заңмен

белгіленбеген. Бұл екі әрекет те сарапшы мен куәнің процессуалдық жағдай ерекшеліктерін ескере отырып куәні шақыру және одан жауап ережесімен жүргізіледі. Сарапшының шақырылуы – сот сараптама органының қызметкерінің жетекшісі арқылы жүзеге асырылады. Сарапшыдан жауап алу хаттама негізінде құрастырылады. Сарапшыдан жауап алу оның жасаған қорытындысын анықтау, толықтыру және нақтылау байланысты болғандықтан сарапшы өз қорытындысын ұсынғанша жауап алуға жол берілмейді.

Бірінші және апелляциялық сот сатысында сараптама тағайындау.

Сараптаманы бірінші сатыдағы сотта тағайындау қажеттілігі істі алдын ала тындау барысында да, сондай-ақ тікелей басты сот талқылауында да анықталуы мүмкін. Сот (судья алдын ала тындау барысында) іс бойынша материалдардың жеткіліктілігі туралы және қосымша құжаттар ұсыну жайлы скраньстарды қарастырады. Егер алдын ала тергеу барысында арнаулы ғылыми білімді пайдаланумен зерттеуді қажет ететін мән-жайларды анықтау шін сараптама жүргізілмеген болса, онда сотта сараптаманы тағайындау және басты сот отырысына сараптама жүргізілу тапсырылатын хабардар адамды (адамдарды) шақыру турад шешім қабылданады. Сотта сот отырысын жүргізу ҚР ҚЖК 354-бабында көрсетілген. Соған сүйене отырып жақтар сұрауы бойынша немесе судьяның өз қалауы бойынша судья сараптама тағайындауға құқылы. Сараптаманы алдын ала тергеу барысында қорытынды берген сарапшы (сарапшылар) жүргізеді немесе сотпен тағайындалған басқа сарапшы (сарапшылар) жүргізеді. Сотта сараптама тағайындау қазіргі баб талаптары бойынша Кодекстің 32 тарауында көрсетілген ережелерге сүйене отырып жүргізіледі. Сот отырысында сарапшы ткрағалық етушінің рұқсатымен сараптама затына жататын мән жайларды зерттеуге қатыса алады: жауап алынып отырған тұлғаларға сұрақ қоюға; қылмыстық іс құжаттарымен танысуға; сараптама заңына байланысты барлық сот әрекеттеріне қатысуға құқылы. Іске маңызы бар барлық мән-жайлар анықталғаннан кейін төрағалық етуші жақтарға сарапшыға жазбаша түрде скрақтар коюды ұсынады. Қойылған сұрақтар дауысталаып оқылып, соған негізделе отырып сот отырысы қатысушыларының ойлары тындалады. Жақтар сараптамалық зерттеу объектілері ретінде заттарды құжаттарды ұсына алады. Осыған негізделе отырып судья негізделген қаулы шығаруға міндетті. Сұрақтарды талқылап, бұл жайлы жақтардың пікірлерін тындап, сот өзінің қаулысымен сарапшы хабардарлығынан тыс немесе іске қатысы жоқ деп табылған сұрақтарды шегерелі де жана сұрақтар құрастырады. Сарапшы болып тағайындалған тұлғаға сараптама жүргізу жайлы сот қаулысының көшірмесі ұсынылып, кодекстің 83-бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі. Сот жақтардың пікірлерін мұқият тындап сот отырысын сараптамалық зерттеу жүргізуге қажетті мерзімге шегеруге құқылы. Сарапшы қорытындыны жазбаша түрде жасап, сот отырысында жарилайды, содан кейін Кодекстің 355-бабында көрсетілген ережелерге сәйкес сарапшыдан жауап алынады. Сарапшы қорытындысы іске қосылады. Сот ісін қарастырғанда жүргізілген сараптамадан кейін соттың қосымша немесе қайталама сараптама тағайындауға құқылы.

Алдын ала тергеу барысында қорытынды берген сарапшы сотқа шақырылса, сот қорытындыны мiлiмдеп, ол тараптардың қарсылығын тудырмаса, сот сарапшының жауап беруiмен шектелiп, сараптаманы тағайындамауға құқылы. Алдын ала тергеу барысында сараптама жүргiзген сарапшыны еш бiр негiзсiз сот отырысына шақыру практикалық қателiк болып табылады. Сотта сараптама өткiзу дербес iс жүргiзу әрекетi болып тек қана, ол алдын ала тергеу барысында және сотпен бiрiншi рет таңайындалғанда, сонымен қоса, алдын ала тергеу сатысында ғана емес сараптама жүргiзген сарапшының сотқа шақырылған уақытында да дербес iс жүргiзу әрекетi болып табылады. Осыдан сотта жүргiзiлетiн сараптаманың ылғи негiзгi және алғашқы болатынын кiруге болады. Қосымша және қайталама сараптамалар сотпен тек негiзгi немесе алғашқы сараптамадан кейiн тағайындала алады. Демек, сарапшының сотқа тек қосымша немесе қайталама сараптама жүргiзуi үшiн шақырылуына жол берiлмейдi. ҚР-ның жаңа ҚДЖК-не сәйкес сараптаманың апелляциялық және кассациялық инстанцияларында тағайындалуы мүмкiн. 5-тараудың 410- бабына сәйкес тараптар сот сараптамасын жүргiзу жайлы сұраныс жасауға құқылы. Егер сараптама тағайындау туралы сұраныс iс жағдайларды жан-жақты, толық және объективтi зерттеп, қылмыстық iс жүргiзуге қатысушылардың құқықтарын және заңды назарларын қамтамасыз етсе, ол қанағаттандырылуға жатады. Апелляциялық инстанция соты оның бiрiншi сот инстанциясында қанағаттандырылмауына негiзделе отырып сұраныстың қанағаттандыруынан бас тартуға құқығы жоқ. 429-бабына сәйкес кассациялық шағыммен немесе наразылықпен түскен iстi қарастыру барысында сот (судья iстi тыңдауға дайындауда) тараптардың сұранысы бойынша: 1) сот психиатриялық сараптама тағайындауға; 2) егер сараптама жүргiзуге бар басқа iс-құжаттар бар болса басқа сот сараптамасын тағайындауға құқылы. Көрсетiлген сұраныстар бойынша сараптама тағайындау соттың бiрiншi инстанциясында сараптама тағайындау ережелерiне негiзделе жүргiзiледi.

Сараптама тағайындау барсында маманның көмегiн пайдалану.

Сараптама тағайындау барсында лайықты профиль маманы қылмыстық iс жүргiзушi тұлғаға маңызды көмек көрсете алады. Iс жүргiзушi заңы маманның хабардарлығын кеңейту жолымен кеттi. Лайықты норма маманды арнайы бiлiмi және дағдылары бар, сот шақыруымен, тергеушiмен, анықтаушымен тергеу және басқа да iс жүргiзу әрекеттерiне немесе сот талқылауына жиынға ат салысу, зерттеу жүргiзу, дәлелдемелердi бағалау мақсатымен шақырылған тұлға. Сот сараптамасын тағайындау тергеу iс-әрекетi болғанықтан, маман сараптама жүргiзуге дайындық жүргiзу және нәтижелердi бағалау барысында арнайы өкiлеттiктерге ие болады. Заңда (ҚР ҚДЖК 84-бабының 2-бөлiмi) маманның сараптама тағайындау үшiн материалдар дайындауға қатысу құқығы нақты көрсетiлген. Маман қылмыстық iс құжаттарымен танысқаннан кейiн сараптама түрiн, сарапшының рұқсаты бойынша сұрақтарды анықтауда кенес бере алады. Маман объектiлер, сонымен қоса сараптамалық зерттеу үлгiлерi, материалдардың жеткiлiктiлiгi жайлы сарапшыға кепiлдемелер бере алады. Маман сонымен қатар сараптама тағайындау қаулысын дайындауға және оны

жүзеге асыру объектілерін дайындау барысына қатыса алады. Маманның кепілдемелері міндетті болып табылмайды, бірақ олардың есепке алынуы сараптама нәтижесін ұлғайтуда маңызы өте зор.

Сараптама тағайындау барысында жәбірленушінің, күдіктінің, айыпталушының құқықтары.

Жәбірленушіге, күдікті, айыпталушыға 1-6 пункттерде көрсетілген құқықтары, олардың жеке құқықтары мен заңдық назарларының сақталуына кепіл береді, қылмыстық іс және бәсекелестік принципін орындау барысында сараптама жүргізудің жан-жақтылығын, толықтылығын және объективтілігін қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Маңыздылығына байланысты аталған құқықтардың бұзылуы, сарапшының дәлелдемелік күші жоқ қорытындысын мойындауына әкеліп соғуы мүмкін. Сараптама тағайындау және оны іске асыру барысында жәбірленуші, күдікті, айыпталушы құқылы: 1) сараптама жүргізілгенге дейін оның тағайындалуы туралы қаулымен танысып, ол жайлы толтырылатын хаттамадағы құқықтыры жөнінде түсініктер алуға; 2) сарапшыға қарсылық білдіре отырып сот сараптама органын сараптама жүргізуден шеттету туралы өтініш білдіруге. Іс жүргізуге қатысушыға оның сарапшыға қарсылық білдіру құқықтарын түсіндіріп, қылмыстық істі жүргізуші орган сарапшыға қарсылық білдіру үшін дәлелді болуы керек деген ҚДЖК-нің 96-бабында көрсетілген негіздермен таныстыруы керек; 3) сарапшы ретінде өзі көрсеткен адамды немесе нақты сот сараптамасы органдарының тағайындау туралы, сонымен қатар сараптаманы сарапшылар комиссиясы жүргізуі туралы сұраныс жасауға. Сұрауды қараған кезде қылмыстық істі жүргізуші орган ұсынылған сарапшы кандидатурасының құзыреттігін және оған қарсылық білдіру үшін өзге негіздердің болмауын тексеруге міндетті. Сарапшылар комиссиясының сараптаманы жүргізу туралы мәселені шешкен кезде ҚДЖК-нің 249-бабында көзделген негіздерді анықтау қажет. 4) қылмыстық істі жүргізуші органың рұқсатымен сараптама жүргізуге қатысуға, сарапшыға түсінік беруге құқылы. Қылмыстық іске қатысушылар сараптамалық зерттеуге қатыстырылса, ал сараптама нәтижесін талқылауға және қорытынды шырағуға қатысуына жол берілмейді. Сарапшыға сұрақтар тек тергеушінің тікелей қатысуымен қойылады және жауап алу хаттамасына жазылады; 5) сарапшының қорытындысымен танысуға немесе қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламамен танысуға, өз ескертулерін беруге, сарапшыдан жауап алу, қосымша немесе қайталама сараптама тағайындау, сонымен қатар жана сараптамалар жүргізу туралы сұраныс жасауға; 6) аталып кеткен құқықтармен сараптамаға ұшыраған тергеуші және медициналық сипаттағы мәжбірлеу шаралары жүргізіліп жатқан тұлға ие. 7) егер сараптама тұлғаны кінәлі деп немесе күдікті деп тапқанға дейін жүргізілсе, тергеуші оны сараптама жүргізу туралы қаулымен, сарапшы қорытындысымен таныстырып, қазіргі заңның бірінші тармағында көрсетілген құқықтары жіне міндеттерімен таныстыруға міндетті. 8) жәбірленушілер мен куәгерлер сараптамасы олардың жазбаша түрде берген келісімдерімен жүргізіледі. Егер осы тұлғалар кәмілеттік жасқа толмаса және сотпен әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылса сараптама жүргізу туралы жазбаша келісім олардың заңды өкілдерімен беріледі. Көрсетілген

ереже сараптаманы міндетті түрде жүргізу жандайларына қолданылмайды. 9) Нақты баптың 1 және 2 тармақтарында аталған тұлғалардың сұраныстары қанағаттандырылған жағдайда тергеуші өзінің сараптама тағайындау туралы хаттамасына өзгертелер немесе толықтырулар енгізеді. Сұраныс қанағаттандырылмаған жағдайда, ол сұраныс жасаған тұлғаның қолхаты арқылы дәлденген қаулы шығарады.

Сезіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге және куәға сарапшы қорытындысын көрсету.

Сарапшының қорытындысын, оның қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламасын, сондай-ақ сарапшыдан жауап алу хаттамасын сараптама жасалған сезіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге және куәға көрсету, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтаудың заңды кепілі болып табылады. Алдын ала тергеу аяқталғанға дейін сараптама материалдарымен танысу сараптама жүргізілген жоғарыда аталған іске қатысушылардың сұранысы бойынша дер кезінде іс жүргізу әрекеттерін өткізу қажеттілігімен байланысты. ҚР-ның ҚДЖК-нің 254-бабына сәйкес, сарапшының қорытындысымен және басқа материалдармен танысқан сезікті, айыпталушы, жәбірленуші, куә: сарапшыдан бас тартуға; сарапшының қорытындысы бойынша түсінік беруге; сарапшы қорытындысына дәлелді қарсылықтарын мәлімдеуге; жаңа, қосымша немесе қайталама сараптама тағайындау туралы сұраныс жасауға құқылы. Мұндай сұранысты қанағаттандырған немесе қабылдамаған жағдайда тергеуші тиісті қаулы шығарып, оны сұраныс берген тұлғадан қолхат алып хабарлайды. Сарапшы қорытындысы және одан жауап алу хаттамасымен жоғарыда аталған тұлғаларды таныстыру туралы хаттама жазылып, онда олардың жасаған мәлімдемелері мен қарсылықтары көрсетіледі. Егер сараптама тұлғаны айыпталушы ретінде іске тартқанға немесе оны сезікті, жәбірленуші деп танығанға дейін жүргізілген жағдайда, сарапшының қорытындысы ғана емес (қорытынды беру мүмкін емес екендігі туралы хабарлама, сарапшыдан жауап алу хаттамасы), сонымен бірге сараптама тағайындау туралы қаулыда көрсетіледі.

№ 5 дәріс

Сараптаманы өндіретін ұйым

Дәріс жоспары:

1. Сот сараптама органы өндірген сараптамасы. Оның басқарушысының лауазымы.
2. Сот сараптама органынан тыс өндіретін сараптама.
3. Сараптама тағайындаған орган мен сарапшының арақатынасы..

Әдебиеттер:

1. Уголовно-процессуальный кодекс РК.
2. Закон РК «О судебной экспертизе»..
3. Шаламов М,П Тезисы доклада «Вопросы тактики проведения экспертизы на предварительном следствии». М., 1952.

Заңға сәйкес сараптама сот сараптамасы органдарында немесе бұл органдардан тыс жүзеге асырылуы мүмкін. ҚР «Сот сараптамасы туралы» Заңының 1 бабына сәйкес сот сараптама органдары болып ҚР заңдылығында белгіленген сот сараптама лауазымымен жүзеге асырылатын қызметтері белгіленген мемлекеттік органдар табылады. ҚР сот сараптама органдарының толық тізімі Қ.Р «Сот сараптамасы туралы» Заңының 4 бабында көрсетілген. Оларға жататындар: 1) Сот сараптама орталығы ҚР Әділет Министірлігі және оның территориялық бөлімшелері. 2) Денсаулық Министірлігінің сот медициналық орталығы, ҚР білім және спорт сонымен қатар оның территориялық бөлімшелері. 3) Мемлекеттік органдардың арнайы бөлімшелері, ҚР заңдылығына сәйкес сот сараптамасын жүзеге асыру қызметтері, ҚР заңдылығы бойынша қылмыстық ізге түсудің қызметі жүктелген мемлекеттік орган. [Сот сараптама органына сараптаманы тапсырған кезде, тергеуші сараптаманы тағайындау туралы үкімін және маңызды материалдарды оның жетекшісіне жібереді. Сараптама үкімде көрсетілген ұйымның қызметкерімен жүргізіледі. Егер үкімде нақты сарапшы көрсетілмеген болса, оны сот сараптама органының жетекшісі тағайындап, ол туралы сараптама тағайындаған тұлғаға хабар береді. Сот сараптама органының басшысы болып осы бапта көрсетілген сот сараптама орталығының директоры, сот медицина орталығының директоры, осы орталықтардың орынбасарлары және орталықтардың территориялық бөлімшелерінің басшылары, сонымен қатар мемлекеттік органдардың арнайы бөлімшелерінің басшылары табылады. Осы белгіленген адамдарға ҚР заңдылығына сәйкес сот экспертизасын жүзеге асыру қызметтері жүктелген. Сот экспертиза органының басшысы ұсынылған құжаттарды атқармай қайтарып алуға, егер де сонымен қатар белгіленген органда қажетті мамандар мен экспертизаны жүзеге асыруға байланысты құрал жабдықтардың болмауына сәйкес тергеуші өз құжаттарын алуға құқылы. Егер сот экспертиза органының басшысы материалдарды алғаннан кейін ол сот экспертизасын іске асыруды ұйымдастырады, экспертизаның жүргізу барысының мерзімін белгілеп, сапалы экспертизаны жүзеге асыруды және экспертиза объектілерін сақтауға кепілдік береді. Сот экспертизасының мерзімі дифференциалдық, ведомствалық құрылыммен белгіленеді. Экспертиза мерзімі зерттеудің күрделілігіне байланысты болып келеді. Сонымен қатар әдеттегі экспертиза 3 сағаттан 20 күнге дейін белгіленуі мүмкін, ал комплекстік және ведомствоаралық сараптама 30 күнге дейін созылуы мүмкін. Егер сараптама ұзақ уақытты қажет ететін болса, онда сот сараптамасы органының басқарушысы мен қылмыстық істі жүргізетін тұлғамен сараптаманың нақты уақытын тағайындайды. Сот сараптама орталығының және сот медицина орталығының бірінші басшылары нақты қылмыстық іс материалдарына байланысты тағайындалған сараптаманың ауырлығына қарай бұл сараптаманы осы орталықтардың территориялық бөлімшелерінде ұйымдастыруға құқылы болып табылады. Сарапшылардан құралған комиссияны қажет ететін қайталанған сараптаманы ұйымдастыру, тек қана ғылыми өндірістік лабораторияларының орталықтарында жүзеге асырылады. [Тергеуші мен сарапшы берілген тапсырманы шешу үшін сараптама барысында олардың арасында өзара қарым

қатынас болуы мүмкін. Тергеуші сарамшының қорытынды шығаруына тікелей қажетті қосымша материалдарды, ақпараттарды, жаңа айғақтардың керектігін уақытылы анықтап отырады. Сараптама өндірілгеннен кейін және сарапшы қорытындысын бергеннен кейін немесе қорытынды беру мүмкін емес жағдайларында тергеуші берілген қорытынды мен көрсетілген құжаттармен танысып өзінің бағасын береді. Сарапшымен тағайындалған сот сараптама органының қызметкері өз атынан қорытынды беріп, сонымен қатар қған жеке жауап береді.осыған байланысты сот сараптамға ұйымының басқарушысы зерттеу барысында және қорытындының мазмұны жөнінде сарапшыға жөн сілтеуіне құқығы жоқ. Бірақ сарапшы қорытынды беру мүмкін емес жағдайда сот сараптама органының басқарушысы ғана сараптаманы тағайындаған тұлғаға хабарлайды. Сонымен бірге ол сараптама өндірісінің сапасын тексеругежәне оның нәтижесінің дұрыстығын сонымен қатар сарапшыға тиісті жөн сілтеуге өкәылы болып табылады. Сот сараптама органының басқарушысы мен сарапшының арасында түсінбеушілік туған кезде басқарушы сарапшының қорытындысымен қатар өзінің ескертулерін сот сараптамасын тағайындаған тұлғаға жібереді.

2. Егер сараптама сот сараптамалық мекемеден тыс жүргізілсе оны тағайындаған тұлға белгіленген процессуалдық шешім қабылдағаннан кейін білгір тұлғаны шақырып оның ісімен хабардарлығымен куәланады, сонымен қатар, қарсылық білдіруге негіз болған сұрақтарды анықтайды. Сарапшыны шақыру тәртібі куәгердің шақыру тәртібімен сәйкес келеді. Сарапшы шақырумен енлуге міндетті, егер ол ешбір маңызды себептерсіз келмесе оған сол әрекеті үшін айыппұл төленеді. Олардың өндіріс шығаратын сараптаманың негативтік шарттардың болмауы, сарапшыға үкімнің бір данасы ұсынылады онда ҚРҚДЖК 83 бабына сәйкес сарапшыға құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, содан кейін ол жауап беруден бас тартқан кезде және жалған жауап берген кезде қылмыстық жауапқа тартылатындығы айтылады. Осы әрекеттерді орындаған кезде үкімде сарапшының қолымен куәландырылатын белгі қойылады. Егер сарапшыда сұраныс немесе арызы болса хаттама құрастырылады. Тергеуші өтініштердің жағымсыз рұқсат оқиғасында дәлелденген қаулы туралы біріктіруге міндетті. Сараптама тағайындалғаны туралы үкімнің көшірмесмен қатар сарапшыға зерттеу үшін қажетті материалдар ұсынылады. Сарапшыны шақыру туралы талап мекеме басқарушысына міндетті болып келеді. 3. Сарапшылық міндетті қабылдағаннан кейін білгір тұлға белгілі бір құқықтарға ие болады сонымен қатар ол сараптаманы тағайындаған органмен (тұлға) қатынасы тәуелсіз және дербестік қатынаста болады. Бұл айтылғаннан қылмыстық істі жүргізетін органның қызметі тек қана сараптама органына керекті ұжат материалды беруі деп түсінуге болады. Бір кездері тергеушінің сараптаманы «басқаруы» туралы тезис шыққан болатын, әдебиетте сонымен қатар прокурордың сараптаманы қадағалауы туралы ойлар талқыланған болатын. Алайда сарапшының үстінен тергеуші немесе сот қадағалау жүргізуі туралы айтуға бола ма, егер солай болса онда сот пен тергеуші қалай оны жүргізеді? Принциптік түрде бұндай қадағалаудың екі аспектісін айтуға болады, олар: процессуалдық және

әдістемелік. Сарапшыдан процессуалдық қадағалау мәселесі сараптаманы танайындаған орган (тұлға) жағынан дұрыс шешіледі. Сараптаманы жүргізген кезде сот пен тергеушінің белсенді ролі олардың процессуалдық жайынан көрінеді, ол тергеу тактикасы мен сот өндіру мақсатымен анықталады. Сот сараптамасы процессуалдық әрекет, ол сарапшы, тергеуші және сотпен жүзеге асырылады. Тергеуші мен соттан сарапшыны таңдау, сараптаманы тағайындау, сарапшыға берген тапсырманың мазмұны, зерттеуге арналған материалдар тәуелді болып келеді. ТМД елдерінің ҚІЖК сәйкес тергеуші сараптама өндірісі кезінде қатысуға құқылы, бұл жағдай оған зерттеу барысын қарап отыруға мүмкіндік береді. Тергеуші сарапшыға берілген мәселеге коррекция жасауға сонымен бірге сараптаманы толық және бөлшектеп тоқтатуға құқылы болып келеді. Бірақ сарапшы зерттеу әдістемесін, зерттеу жүргізгенге баға беруге құқылы. Әдебиетте сот белсенділігін және тергеушінің сараптама кезіндегі белсенділігін арттыру жағдайы туралы түсіндірілген пікірлер айтылған: сарапшыға әдістерді пайдалануға, техникалық құралдарды пайдалануға, бірақ бұлар құжаттар ұсыныс сипатта болады, оларды қолдану сарапшының таңдауымен жүзеге асырылады. Сарапшы мен сараптаманы тағайындаған орган арасында әдістемелік таңдау барысында келіспеушілік туындайтын жағдайларға мыналар жатады: сарапшыдан жауап алу, қайталама немесе қосымша сараптама тағайындаған кезде, сарапшының белгілі бір жағдайға байланысты бас тартуы.

№ 6 дәріс

Сараптама зерттеуінің өндірілуі, қорытындыларының рәсімделуі

Дәріс жоспары:

1. Сараптама зерттеуінің түсінігі, кезеңдері
2. Сарапшы шешімі. Сарапшының ішкі сенімі
3. Сарапшы қорытындысы шешімінің нысандары
4. Сарапшының сарапшылық зерттеуін рәсімдеуі
5. Қорытынды беру мүмкін емес жағдайды хабарлау
6. Сарапшының қателері

Әдебиеттер:

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан.
2. Шляхов А.Р. Судебная экспертиза. Организация и проведение. М., 1979.
3. Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы, тенденции, перспективы. От теории к практике. М., 1986.
4. Белкин Р.С. Курс криминалистики. Т. 2. М., 1997.
5. Бычкова С. Ф. Становление и развитие науки о судебной экспертизе. Алматы, 1994.
6. Орлов Ю.К. Формы выводов в заключении эксперта. М., 1981.
7. Предупреждение экспертных ошибок. М., 1990.

Сараптаманы тағайындайтын сарапшының қимылдарына процессуалдық бақылау жүргізетін тұлға сараптама өндірісінің технологиялары туралы түсінігі міндетті түрде болуы керек. Алдында қарастырылған ұйымдық аспектілердің процессуалдық қимыл формасына тікелей қатысты сараптама түріне жатады. Сараптамалық зерттеу сараптамаға жіберілген зерттеу объектілерінің процесі болып табылады. Ол бірінен соң бірі жүріп отыратын кезеңдерден құралған. Олар:

1. дайындық (сарапшылық тексерудімен бірге);
2. сот сараптамасының объектілерін бөлек зерттеу кезеңдері;
3. салыстырмалы зерттеу кезеңдері;
4. зерттеу нәтижелерін бағалау және сарапшының қорытындыларын

шешімдерінің кезеңдері.

Кейбір жағдайларда зерттеудің салыстыру кезеңі болмайды. Сарапшылық зерттеудің дайындық кезеңі — сот сараптамасын жүргізудің бірінші кезеңі, оның мазмұны сараптама жүргізу үшін негіз болтын іс жүргізу шешімімен және сарапшылық міндеттерді шешудің технологиясын анықтау үшін сарапшыға ұсынылған материалдармен танысу, сондай ақ сарапшылық болжамдар беру, зерттеу бағдарламасын жасау және қажетті техникалық, аспаптық, ақпараттық базаны тағайындау болып табылады. Сарапшылық зерттеудің осы сатысының проблемасы сарапшының іс материалдарын зерттеу және сараптамалық зерттеу жүргізу үшін алғашқы мәліметтерді бағалау сарапшының мүмкіндіктеріне байланысты болып келеді. Жоғарыда айтылғандай сарапшы сараптамаға байланысты іс материалдарымен танысуға құқылы. Тергеуші және сот практикасы сарапшының құзырлығына керекті іс материалдарын сарапшының билігіне беру мақсатты болып келетінін көрсетеді. Бұдан басқа зерттеу объектілеріне жататындардан басқа тергеушілік зерттеулер және тергеушілік әрекеттің тексеру хаттамалары сарапшының зерттеулерінің қорытындысына дұрыс баға беруге қажет болған кезде жібереді. Сараптаманың міндеті негізінде сарапшыны істің фабуласымен таныстыру маңызды болып келеді. Бірақ алғашқы роль сараптама пәніне қатысты табиғатпен байланысты фактілік деректерге, объектілердің шығу тегіне байланысты болып келеді. Зерттеудің толық объективтігі мақсатында сарапшылар: айыпталушының белгілі бір фактілерді мойындауына(құжаттарды жасауы, кісі өлтіруі және т.б.); іс материалдарында іс жүргізу көрінісі болмайтын жедел іздестіру қызметінің мәліметтеріне; айыпталушының жеке басын келеңсіз жайттарды сипаттайтын мәліметтерге; сараптама тақырыбына тікелей қатысы жоқ басқа мән жайларға жататын іс материалдарымен танысудың керек жоғы жөнінде жасалған пікір бар.сараптама өндірісі кезінде шығарылған анықтаманы қарау немесе бағасының проблемеларын көруді талап етеді. Р.С. Белкин шығарылған анықтаманы хабар деп анықтайды, оның көмегімен сарапшы зерттеу міндетін,оның әдісін және қажетті заттар мен әдістердің тобын алып анықтайды және процессуалдық, процессуалдық емес қайнар көздерін дифференциялай алады. Сонымен сараптамалық зерттеу нәтижелерінің сапасын анықтайтын оның құрылымының ажырамас компоненті болатын сарапшылық міндеттерді шешу шарттарының жалпы бойынша болады. Іс материалдарын заңда

көзделген жағдайда және арнайы оқимдерге сәйкес оқып зерттеу кезінде сарапшы деректердін қарама қайшылықтарын, фактілердін шынайы өмірде өмір әрқашан бола алмайтынын жиі айқындайды. Әсіресе, бұл сот автотехникалық сараптама жүргізу кезінде болады, және де онда сарапшыға көлік құралдарының параметрлері туралы техникалық жағынан жарамсыз ақпарат ұсынылады. Бұндай жағдайда сарапшының берілген ақпаратты бағалаудың мүмкіндіктері мен шектері жөнінде кейбір сұрақтар туындайды. Осыған ұқсас жағдайлар заттай дәлелдемелерді қарау, сонымен қатар материалдарға, заттар мен бұйымдарға криминалистік сараптама жүргізу барысында аралық нәтижелерді алу кезінде туындайды, онда объектердін сипаты мен оқшаулануы іс материалдарында берілген мәліметтердегі із жасау механизміне сәйкес келмейді. Дәлелдемелерді жалпы бағалау функциясы сарапшының қызметінен тыс болуы мүмкін. Бірақ, сарапшының сарапшылық міндеттерді шешу кезінде оның ғылыми құзыретінің шегінде жүзеге асырылатын бағалау құқысы бар. Бөлек сараптамалық зерттеу нәтижесінде әрбір объектіні жекелендіретін оның мәні сапалық және сандық сипаттамасын, тиісті белгілерде сот сараптама объектісінің қасиеттерінің пайда болуын анықтауға мүмкіндік беретін белгілерді қалыптастыру жүзеге асырылады. Мұнда дәлелдемелер, содан кейін, керек болған жағдайда салыстырмалы материалды зерттеу қарастырылады. Осы бөлек зерттеу сатысында сарапшылық зерттеу әдістерінің мүмкіндіктері барынша іске асырылады. Салыстырмалы зерттеу екі кезеңнен тұрады: 1) объектілерді жалпы белгілерімен салыстыру; 2) объектілердін жеке белгілерін салыстыру.

Салыстырмалы зерттеу объектісі ло салыстырылатын объектілер белгілерінің сәйкес келуі мен айырмашылығын анықтаумен аяқталады. Сарапшы өз зерттеуін констанциялық фактпен сәйкес келуімен немесе объектілердін әр түрлі белгілерімен аяқтамауы тиіс. Ол сараптамалық зерттеудің соңғы кезеңінде алынған мәліметтерге ғылыми баға беруді іске асыруға міндетті. Синтез жасау кезеңінде жалпы логикалық әдістер, абстрактілік ой маңызды рөл атқарады. Сарапшының қорытындысы әрқашан практикамен байланысты болып келеді. Қарастырылып отырылған кезеңде істің барысы сараптама затына сәйкес келуі маңызды болып тбылады. Тек қана олар шешілетін сұрақ пен зерттелетін объектердін нақты маңыздылығын қарастырады. Сараптама затына жататын істің жағдайын білуалынған шешімдер мен қорытындыны тұжырымдауға баға беруге көмектеседі.

2. Жүргізілген зерттеудің нәтижелері бойынша сарапшы қорытындысын тұжырымдау оның ішкі сеніміне негізделеді, оның мәні сарапшыны жасаған тұжырымдарының дұрыстығы мен жалғыз мүмкінділігіне сенімділігі болып табылады. Ол нақты сарапшылық міндетті шешудің оның барлық қызметінің нәтижесінде пайда болатын көрсеткіші субъекті ретіндегі сарапшының эмоционалды интеллектуалдық күйі болып келеді. Сарапшының ішкі сенімінің объективті негіздері өзі бір жүйені құрайды, оның элементтері: 1) сарапшының кәсіби білімі оған оның дүниетаным принциптері, арнайы ғылыми білімі, сол саладағы ұжымдық сарапшылық практиканы білуі, зерттеу әдістерін қолдану сәттері, нәтижелер дұрыстығын тексерудің критериялері мен тәсілдерін білуі,

жеке сарапшылық тәжірибесі кіреді. 2) сарапшының кәсіптік сапасы: бейқампаздығы, естілігі, жеке ой түйіні.т.б. 3) сараптама тақырыбына жататын мән жайлар; 4) барлық сарапшылық зерттеу процесі, оның шарттары, аралық және түпкілікті нәтижелері, толықтығы, логикалық және ғылымилығы, сенімділігітұрғысынан олардың бағалануы[4]. Сарапшының ішкі сенімі субъективтік категория болып табылады. Бірақ оның субъективтік сипатына қарап, ол ерекше жеке сипатта болады, онда ұжымдық ішкі сенім болмайды демеу керек. Сот сараптамасының құқықтық институтының тапихи тұрғыдан бір субъект сарапшының сараптама жүргізуіне есептеліп қалыптасып отырады. Осыдан сарапшының жеке зерттеулері атына қорытынды үшін жеке басының жауапкершілігі негізінде заңға енгізілген сараптама жүргізудің принциптері шығады. Бұл принциптер бір міндетті шешу үшін әр түрлі мамандықтарды немесе зерттеу әдістерін игерген бірнеше адамдардың қатысуы қажеттіліні мен мақсатқа лайықты жағдайлары қолданылады. Осы ситуациядан түбегейлі шығу сарапшылардың ұжымдық ішкі сенімі деп аталу негізі бар іс жүргізу принципін дұрыс түрде енгізу болып табылады. Ұжымдық ішкі сенім принципін дамуы сот сараптамасы органының сараптамаларды жүтгізуді ұйымдастырудың қорытындысын заңды тұлға атынан беру мүмкіндігі туралы жаңа нысандарды белгілейтін мәселелерді шешумен байланысты. Сот сараптамасының қазіргі қылмыстық іс жүргізу институтын коллективтің «жұта алмайтын»жеке адамды, жеке тұлғасы ретіндегі сарапшысыз түсіну мүмкін еместігі туралы пікірлер тараса да қазіргі сот сараптаманың дамуы ең алдымен оның өндіріс технологиясының жетілуі проблеманың өсуіне әкеп соғады. Қазіргі уақытта сот сараптамасы органдарындағы сараптамаларды жүргізуді ұйымдастыру кез келген кәсіпорын немесе мекеменің өндірістік қызметіен басталады. Бұнда өндірістік процестердің ұжымдылығы оның жеке операцияларды орындауға мекемедегі функцияларды дифференциялауға мамандандырылған адамдарға беріледі (өндірістік жіне басқару негізгі жіне қосалқы функцияларды іске асыру). Бақылауға байланысты кәсіпорын немесе мекеме коллективтік өндіруші ретінде өнімді өз атынан шығарып тұтынушымен толық өзара қарым қатынасын реттейді. Коллективтің сараптама жүргізуге қатысуы сарапшыға коллектив жағынан консультациялық көмек беру тиімді зерттеу әдістерін анықтаудан, алынған нәтижелерді бағалаудан қорытындыны берудіен көруге болады. Сонымен сот сараптамасы органдарындағы сарапшылық өндірісті ұйымдастырудың қалыптасқан нысыны жеке сараптама мен өндірістік жағынан ұйымдастырылған сараптама арасындағы аралық жағдайда көруге болады. Бұнда өндірістік бптамаларды сот сараптамасы органдарының қызметіне кіру прцесі сарапшылық технологиялар элементтерін өндіруіне қарай дамиды. Баяндалған сот экспертиза органы өз өкілдігі бойынша эксперттік нәтижелерді заңмен бекіту туралы мүмкіншіліктері заң шығаруға арналған негізбен заңдық тұлға сияқты қызмет етеді. Бірінші сатыда сот сараптама органының атынан қорытынды беру шарты заңдық тұлға сияқты сараптама өткізуге стандарттық технологиялардың негізінде компьютерлік технологияларды пйдалану болып табылады. Практикалық істеген жұмыстардың өлшемімен байланысты сараптама органының зерттеуі коллективтік форманың заңдылық

регламентациясына сәйкес сот сараптама органының атынан қорытынды беру кенейтіледі [5].

3. Сарапшы қорытындысы туралы тұжырым нысындары туралы арнайы қаралады, өйткені ол сарапшы қорытындысының дәлелдемелік маңызымен тікелей байланысты болып келеді. Тұжырымдар қойылған сұрақтардың жауабы. Тұжырым сарапшылық зерттеудің іс бойынша дәлелдемелік мазмұнын анықтайтын оның белгілі бір толық мақсаты болып табылады. Логикалық аспектіде тұжырым зерттеу нәтижелері бойынша жасаған сарапшының ойының қорытындысы болып табылады, оны ол анықтаған немесе зерттелетін объект туралы берілген алғашқы мәліметтер және тиісті білім саласының жалпы ғылыми ережелері негізінде анықтайды. Тұжырымға байланысты негізгі талап принцип түрінде көрсетілген. 1) Біліктілік принципі. Бұл өзінің шешімі үшін арнайы ғылыми білімді қажет етпейтін сұрақтар сарапшының алдына қойылмау немесе шешілмеуі керек. 2) Анықтылық принципі. Әр түрлі мағына беретін тұжырымды болдырмау. 3) Түсініктілік принципі. Дәлелдеу процесіне арнайы түсіндіруді қажет етпейтін және тиісті арнайы білімдері жоқ процеске қатысушылар үшін түсінік осы тұжырымды пайдалану мүмкін. Сарапшының тұжырымы әр түрлі логикалық форманы қажет етуі мүмкін. Сарапшының тұжырымдары әр түрлі классификациясы бойынша сарапшы шешетін міндеттердің деңгейіне қарай бөлінеді (диагностикалық, жіктеушілік, теңдестірушілік, ситуалогиялық). Диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша объектінің табиғаты мен жағдайы туралы тұжырым жасалады. Классификациялық тұжырым объектінің қандай классқа жататынын көрсетеді және де мұнда іктеушілік міндеті болмайды. Жіктеушілік тұжырымдар объектінің белгілі бір классқа қатыстылығын анықтайды. Теңдестірушілік зерттеулерге тұжырымдардың екі түрі тән жеке тепе теңдік туралы (бірыңғай шығу көзі) және тектік қатыстылық туралы. Соңғы тұжырым жеке тепе теңдікті анықтау мүмкін болмаған жағдайда қатысты болады. Ситуалогиялық зерттеулерде жеке немесе ортақ оқиғаның механизмі туралы тұжырым жасалады. Тұжырымдарды мазмұны бойынша бөлумен қатар олардың логикалық нысандарын ескеріп жүргізілетіндер де болады: 1) шығарылатын ұғарымның дәріс дәрежесі бойынша кесімді және ықтималды болып бөлінеді, Кесімді тұжырым ол сарапшылық зерттеулердің нәтижелері толығымен расталуы. Ал ықтималды тұжырым ішінара түсіндірілген. Ол әдетте сарапшымен анықталатын фактінің жоғары дәрежедегі ықтималдық кезінде шығарылады; 2) анықталатын фактіге қатысты расталған және расталмаған деп бөлінеді. Расталмаған тұжырым анықталатын фактінің болмауын, ал расталған тұжырым оның болуын атап көрсетеді. 3) зат пен белгінің арасындағы байланысты көрсетудің сипаты бойынша фактілердің мүмкіндігі туралы және міндеттілігі таралы болып келеді. Фактілердің мүмкіндігі туралы тұжырымда белгілі бір жағдайларда қандай да бір оқиғаның мүмкіндігі туралы айтылады, шынайылық туралы тұжырымда фактілердің (объектілердің) шынайы өмір сүруі туралы боп келеді, фактілердің қажеттілігі туралы тұжырымда сарапшыға тпсырылған жағдайларда оқиғаміндетті түрде болуы керектігі айтылады; міндеттілік таралы тұжырымда белгілі бір ситуацияда қай мінез қолайлы болуы анықталады. 4)

тергеу мен оның негіздері арасындағы сипаты бойынша шартты және шартсыз болып бөлінеді, шартты тұжырымда оның шынайылығы қандай да бір шарттарға байланысты болады, ал шартсызда оның шарты болмайды. 5) логикалық одақтар және олардың тиіптерінің болуы (болмауы) бойынша біржақты және баламалы болып бөлінеді. Баламалы тұжырым сарапшының жалғыз бір шешімге келе алмауы және зерттеудің қорытындысында бірнеше нұсқалар болғанда жасалады. Мұндай тұжырымдарда барлық мүмкін жағдайлар саналмауы талап етіледі және олар бір-бірін жоққа шығаратын және бір деңгейде болуы керек.

4. Сарапшының қорытындысы іс жүргізу құжаты болып табылады, онда жүргізілетін зерттеудің нәтижелері көрсетіледі, қойылған сұрақтардың біреуіне болса да жауап мәнісі бойынша беріледі немесе тұжырымның біреуі болса да сарапшының бастамасы бойынша жасалады. Сарапшы (сарапшылар) өз атынан жазбаша қорытынды жасап, оны өз қолын қоюы және жеке мөрі арқылы куәләндріп сараптама тағайындаған органға жібереді. Заң (ҚІЖК 251 бабы) ұрылымын анықтамай сарапшы қорытындысы мазмұнының негізгі элементтерін белгілейді. Бірақ сарапшылық практикада мұндай құрылым жасалған және ведомствалық нормативтік құқықтық актілерде көрініс тапқан. Осыларға сәйкес сарапшының қорытындысы үш бөлімнен тұрады: олар кіріспе, зерттеу және тұжырым. Сарапшы қорытындысының кіріспе бөлімінде мыналар жазылады: сараптама атауы, оның нөмірі, материалдар келіп түскен және қорытынды жасалған күні, сараптама тағайындаған адам, сараптама жүргізудің негізі (қаулыны кім қашан және қай іс бойынша); зерттеу объектілерінің тізбесі; жеткізу тәсілі, зерттеуге түскен объектілер орамасының түрі, сараптама жүргізу кезінде қатысқан адамдар туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, іс жүргізу жағдайы), сарапшының алдына қойылған мәселелер, сарапшы (сарапшылар) туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, білімі, мамандығы, мамандық бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы, лауазымы, көрінеу жаоған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы өзіне ескертілгені туралы сарапшының қол қоюымен куәләндрәліан белгі болуы керек. Осы жерде оған қосымша материалдар қыну туралы сарапшының берген өтініші туралы қорытынды беру үшін елеулі мәні бар істің мәні туралы жүргізілетін сараптама түрі туралы анықтамалар болуы керек. Зерттеу бөлімінде сараптама объектілерінің жағдайы, зерттеудің схемасының қабылдануы, зерттеу әдістерін қолдану және техникалық шарттарды қолдану туралы, сарапшымен зерттеу өткізілген қорытындылары туралы, сарапшының қатысқан тергеу әрекеттері және зерттеу үшін маңызды болса, олардың нәтижелері туралы, зерттеу барысында пайдаланылған нормативтік құқықтық актілер мен анықтамалық әдебиеттер туралы, жүргізілген зерттеудің нәтижелерін сарапшылық бағалау туралы мағлұматтар көрсетілген. Зерттеу әдістемесі сарапшының толық қолдануы туралы сонымен қатар керек жағдайда зерттеуді қайта жүргізу арқылы тұжырымдардың дұрыстығын тексеретіндей етіп сипатталады. Әрбір сұраққа зерттеу бөлімінің белгілі бір тарауы сәйкес келуі керек. Сараптама актісінің зерттеу бөлімінде бейнелеу материалдары фото суреттер, схемалар, сызбадар, регистрлі

программалар, контактілік программалар болады. Бұл материалдар көрнектілікті жүзеге асырып сарапшылар тұжырымдарының сенімділігін көтеруге бағытталған. Қорытындыға мына белгілер беріледі: 1) олардың өзгеруі кезінде ерекше маңызы барзерттеу объектілерінің жалпы (алғашқы) түрінің түсірілімі. 2) анықталған белгілері көрсетілген объектілердің жеке бөліктерінің түсірілімі. 3) олардың бақылау түсірілімдері өйткені үстінен басып жазу және шартты белгілер анықталған бөлшектерді қабылдап түсінуде қиындық туады. Әрбір түсірілім мәтіндегі нақты түсіндірілген жазуға сілтеме жасауға міндетті. Бейнелеулер сарапшының (сарапшылардың) қолымен және сот сараптама органының мөрімен куәландырылады. Синтездеу бөлімінде алынған нәтижелердің жалпы жиынтық бағасы мен сарапшы тұжырымдарының ғылыми негіздемесі келтіріледі. Тұжырымда қойылған сұрақтарға сарапшының жауаптары баяндалады. Әрбір сұраққа өз мәні бойынша тұжырым беріледі немесе себептерін көрсете отырып оны шешудің мүмкін еместігі көрсетіледі. Сарапшының бастамашылық әорсетуі кезінде тиісті тұжырымдар қылмыстық істі жүргізуші органның (адамның) сұрақтарының жауаптарының нәтижелері соңынан беріледі. Егер қорытынды берудің мүмкін еместігін растайтын жайттар зерттеу барысында анықталса онда сарапшының қорытындысы барлық сұрақтарға немесе қойылған сұрақтардың кейбіреулеріне жауап берудің мүмкін еместігі негізінде болуы керек. Қорытындыға зерттеуден кейін қалған объектілер оның ішінде үлгілер, фото кестелер, және сарапшының қорытындысын растайтын басқа да материалдар бірге тіркелуі тиіс. Қорытындының қосымшасына сарапшы (сарапшылар) қол қояды. Комиссиялық, коплекстік, қосымша және қайталама сараптамалар бұрын баяндалған жалпы ережелерге сәйкес рәсімделеді, бірақ, тиісті қорытындыларда нысандары мен мазмұнына қатысты белгілер бір өзіндік ерекшелігі болады. Комиссиялық сараптаманы рәсімдеу кезінде қорытындының кіріспе бөлімінде оның комиссиялық екендігі және оның өткізілген орны көрсетіледі. Комиссиялық сараптамада сарапшылық комиссия мүшелері алынған нәтижелерді бірлесіп шешеді және ортақ пікірге келгенде қорытындыға қол қоятындығымен ерекшеленеді. Сарапшылар арасында келіспеушілік туындаған кезде олардың әрқайсысы немесе сарапшылардың бір бөлігі жеке қорытынды береді. Кешенді сараптама нәтижелері бойынша қорытындының кіріспе бөлімінде оның кешенді сипаты, өткізілу және әрбір сарапшының орындаған зерттеуінің орны көрсетіледі. Кешенді сараптаманы жүргізу нәтижелері бойынша қорытындыда әрбір сарапшының қандай зерттеу жүргізгендігі және оның қандай тұжырымға келгендігі көрсетіледі. Әрбір сарапшы қорытындының осы зерттеулер мазмұндалған бөлігіне қол қояды. Әрбір сарапшы анықтаған нақты деректерінің жиынтығы негізінде олар анықтау үшін сараптама тағайындаған жағдайлар туралы ортақ қорытындысы (қорытындылары) тұжырымдайды. Ортақ қорытындыны (қорытындылары) алынған нәтижелерді бағалауға құзыреті бар сарапшылар ғана тұжырымдап қол қояды. Сарапшылар арасында түсінбеушілік болған жағдайда зерттеулердің нәтижелері осы сараптама жүргізуге сәйкес рәсімделеді. Қосымша сараптама нәтижелері бойынша қорытындының кіріспе бөлімінде оның осындай екендігі негізгі сараптама жүргізуге туралы мәліметтер хабарланады (нөмірі, күні,

орындаушысы, сот сараптамасы мекемесінің аты, қайталау сараптамасын тағайындау негізі және қорытындысы). Қайталама сараптама актісінің зерттеу бөлімінде сарапшы бастапқы сараптама қорытындысы мен зерттеу нәтижелерінің айырмашылықтарын егер бар болса болу себептерін көрсетеді.

5. Егер сарапшы зерттеуді бастамай тұрып оның алдына қойылған мәселелер өзінің құзыреті шегінен тыс екендігіне немесе қорытынды беру үшін ұсынылған материалдар жеткіліксіз екеніне және оларды ұсыну туралы өтініш қанағаттандырылмаған не ғылым мен техниканың қазіргі жағдайы қойылған сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік бермейтініне ол қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы дәлелді хабарлама жазып оны сараптама тағайындаған органға (адамға) жібереді. Мұнда жасалатын құжат қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама деп аталады. (ҚДЖК 252- бабы). Аталған құжат өзінің мәні бойынша сарапшылық зерттеу жүргізудің мүмкінсіздігі туралы хабарлама болып табылады. Жоғарыда аталған мәселелермен қатар сарапшының алдына оның шеше алатын сұрақтары қойылады. Онда қорытынды берудің мүмкін емес жағдайы туралы арнаулы хабарлама жасалмайды тиісті ақпарат сарапшының жалпы қорытындысына беріледі. Сот сараптамасы оғандарының нұсқаулық материалдарда қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама үш бөлімнен тұрады: кіріспе (әдеттегіге ұқсас) дәлелдемелік (қорытынды берудің мүмкін еместігі себептері бар), және қорытынды (әрбір қойылған сұраққа жауап берудің мүмкін еместігі аталады).

6. Сарапшылық зерттеу өткізу туралы мәселені қарастыруға және оның нәтижелерін рәсімдеуге байланысты сарапшы қорытындысының дәлелдемелік мәніне күмән келтіретін немесе оны жоятын сарапшылық қателік проблемасына сәйкес келеді. Жалпы сарапшылық қателік объективтік шындыққа сарапшының пайымдауына сарапшылық зерттеу мақсатына жеткізбейтін оның осы ірекеттерінің егер олар адалдықтың қорытындысы болса сәйкес келмеуі анықталуы мүмкін. Дәл осы адалдықтан безу фактісі сарапшылық қателіктердің жалған қорытынды беруден айырмашылығы бар. Өзінің табиғаты бойынша сарапшылық қателіктер біртекті емес және үш класқа бөлінеді: іс жүргізу, гносеологиялық (логикалық және фактілік), қызметтік (операциялық). Іс жүргізу сипатындағы қателіктер сарапшының сарапшылық зерттеудің іс жүргізу рәсімдері мн сарапшының қорытындысын рәсімдеуін бұздан көруге болады. Гносеологиялық қателіктер сарапшылық таным процессінде пайда болады және оның күрделілігімен байланыст болады. Ол объектіні зерттеу барысында да сонымен қатар аынған нәтижелерді бағалау кезінде болуы мүмкін. Гносеологиялық қателіктер логикалық (логика ережелерінің бұзылуымен байланысты) және фактілік (объективтік өмір заттары арасындағы қарым өатынастар туралы түсінікпен байланысты). Сарапшылық қателіктерді болдырмас үшін сарапшыға байланысты емес объективтік сонымен қатар оған байланысты субъективтік қателіктердің пайда болу себептерін білуге міндетті. Сарапшылық қателіктердің объективтік себептеріне сарапшылық зерттеумен дайындалған әістемесінің болмауы, сарапшының пайдаланатын әдістемеснің жетілмегені, қате ұсынылмаған әдістемелерді қолданану, белгілердің тең құндылығын, олардың іздердегі

көрінісінің тұрақтылығын сипаттатын толық мәліметтердің болмауы, жарамсыз немесе пайдалану қабілеттері жеткіліксіз құрал саймандарды қолдану кіреді. Сарапшылық қателіктердің субъективтік себептеріне сарапшылардың кәсіби құзыретсіздігі, сарапшының кәсіби қателіктері (ұқыласыздық, зерттеуді тез жүргізу), сарапшының сезім органдырының ақаулары, сарапшының қалыпсыз психологиялық жағдайы, сарапшының жеке басының белгілері, іс материалдарының әсері, жеткілікті түрде негізі жоқ сарапшылық бастамашылық бастамасын көрсетеді. Сарапшылық қателіктерді болдырмау сараптама тағайындаған адам міндеттерінің бірі болып табылады, бұл жерде көп жағдайда тергеуші мен сотқа байланысты болатын сараптама тағайындау мен өткізудің іс жүргізу аспектілеріне ерекше қарау қажет.

№ 7 дәріс

Қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретіндегі сарапшы қорытындысының жалпы мінездемесі

Дәріс жоспары:

1. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретіндегі сарапшы қорытындысының жалпы мінездемесі.
2. Қылмыстық істі жүргізуші органмен (тұламен) сарапшы қорытындысын бағалауы.
3. Сарапшы шешімінің мазмұны мен нысанына қарамастан сарапшы қорытындысының дәлелдемелік маңызын бағалаудың ерекшеліктері.
4. Қылмыстық істі жүргізуші органмен сарапшы қорытындысын бағалау салдары.

Әдебиеттер:

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан.
2. Закон Республики Казахстан "О судебной экспертизе".
3. Кони Л.Ф. Собр. соч. в 8 т. Т. 4. М., 1967.
4. Пригузова В.А. Заключение эксперта как доказательство по делу. М., 1959.
5. Орлов Ю.К. Заключение эксперта и его оценка по уголовным делам. М., 1995.
6. Теория доказательств в советском уголовном процессе. М., 1973.
7. Арсеньев В.Д. Актуальные вопросы оценки заключения эксперта как доказательства по уголовному делу. В сб.: Теоретические и методические вопросы судебной экспертизы. М., 1985.
8. Шагамов М.В. Теория улик. М., 1969.
9. Вандер М.Б. Тактика КЭМВИ. Спб., 1993.

1. Істі заңды негізде және әділ шешу үшін маңызы бар мән жайлар дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдалану процестерінен тұратын дәлелдеулер арқылы анықталады. Заң дәлелдемелерге сарапшының қорытындысын да жатқызады (ҚІЖК нің-120 бабы). «Сарапшы қорытындысы»

терминінің екі мағынасы бар. Біріншіден, ол сот дәлелдемесінің бір түрі, екіншіден, ол осы дәлелдеме баяндалған іс жүргізу актісі болып табылады. Заңға сәйкес сарапшы қорытындысы ол осы заңда көрсетілген жазбаша түрде ұсынылған қылмыстық істі жүргізуші орган немесе тараптар сарапшының алдына қойылған мәселелер бойынша берілген объектілерді зерттеуде арнайы ғылыми білімді пайдаланып жүргізілген шешімдерге байланысты қорытындылар болып келеді. Қорытындыда сарапшы зерттеу барысында қолданған әдістер, қойылған мәселелерге жауабы, сонымен қатар, іс үшін маңызды және сарапшының өзінің бастамасы бойынша анықталған мән жайлар көрсетіледі. Қорытындының бір бөлігі болып сарапшының ауызша түсініктемесі табылады. Сарапшының қорытындысы қылмыстық істі жүргізуші орган үшін міндетті болып табылмайды, бірақ оның қорытындысымен келіспеушілігі дәлелді болуы мүмкін. Заң іс бойынша дәлелдеме ретінде сарапшы қорытындысының мынадай ерекшеліктерін көрсетеді: қорытындының ҚДЖК-нің 251- бабында белгіленген міндет жазбаша түрде болады, сарапшыдан жауап алу барысындағы оның ауызша жауаптары қорытындыны түсіндіреді бірақ оны алмастыра алмайды, сарапшы қорытындысы дәлелдеме ретінде тұжырымдарымен бірге, сараптама жүргізудің негіздерін, тапсырмалары, зерттеу барысы мен сарапшы тұжырымдарының негізгі сипаттамалары кіреді, ҚР ҚДЖК 83 бабының 3 бөлігіне сәйкес сарапшымен көзделген бастамасының қорытындысы және фактілері дәлелдемелік мағынаға ие болып келеді. Сонымен сарапшы қорытындысы тек қойылған сұрақтардың жауаптарын тұжырымдаумен ғана бітпейді. Зерттеудің бейнелеуінің болмағаны қорытындыны дәлелдемелік күшінен айырады; қорытынды берілгеннен кейін сарапшыдан жауап алуды жүргізу жағдайында арнайы ғылыми білімдерді пайдаланған болса да, одан алынған мәліметтер емес, алдында берілген қорытындыны түсіндірмелері туралы дәлелдеме болып табылады. Сарапшыдан жауап алу барысында оған қойылған сұрақтарға сарапшының жауаптары қорытындының құрамдас бөлігі болып табылады; сарапшының қорытындысы қылмыстық істі жүргізуші орган үшін міндетті болып келмейді, сондықтан қорытындыға ешқандай қарсылығы көрінетін мүмкін болатын қателерді болдырмауға көп мән беріледі. Бірақ, ҚДЖК-нің 25-бабының 2-бөлігіне сәйкес ешқандай дәлелдеменің бұрын белгіленген күші болмайды оған қарамастан қылмыстық істі жүргізуші орган тиісті дәлелсіз сарапшының қорытындысын қайтара алмайды. Анықтаушы, прокурор, тергеуші, судья сарапшының қорытындысын жалпы ережелер бойынша дәлелдемеге баға береді, және де бұл жағдайды ішкі сеніміне байланысты дәлелдемелерді барлық жақтарға негізделіп толық және объективтік түрде заң жетекшілігіне байланысты болады. Сараптаманы тағайындаған орган сарапшы қорытындысына беріген бағасы екі мағыналы болуы мүмкін: алдын ала тергеу кезіндегі іс бойынша баға беру және іс бойынша нақты шешім қабылданған кезіндегі бағасы. Сарапшы қорытындысы басқа дәлелдеме түрлерінің алдында артықшылығы жоқ болғандығына қарамастан, ол арнайы ғылыми білімді пайдалана отырып жүзеге асырылған зерттеу негізінде ұсынылған шешімі маңызды ерекшелікке ие болып келеді. Сонымен, арнайы ғылыми білімге ие емес қылмыстық істі жүргізуші

орган атынан (тұлғадан) жүргізілген ғылыми зерттеуге нақты бағаны керек етеді. Қылмыстық процессуалдық ғылым тарихында қорытындыға маңызды баға беру мүмкіндігі ұзақ дискуссия заты болып келеді, сонымен бірге ол берілген мәселеге қарсы көзқарасын куәландырушы болуы мүмкін. Сарапшыға деген ең көп таралған «нақты ғылыми судья» деген көзқарастың (Л. В. Владимиров), жақтастары сараптама қорытындысына баға беруде соттың маңызды роль атқаратынын ұсынған. Ал Б. Д. Сперанский әр түрлі дәрежеде сараптаманы жүргізген кезде соттың әрекетін нақты алмастыру туралы көзқарасты ұсынған. Бұған қарама қарсы көзқарасты В.Д. Спасовичь жақтаған оның көзқарасы бойынша білгір тұлғалар өзінің біліміне қатысты сотқа тек қана тәжірибелі түрдегі өздерінің ойларын жеткізу керек деген, бұл ой соттың әр түрлі жаңдайларға байланысты бір өзі нақты және дұрыс шешім шығару үшін пайдалы болуы мүмкін деп ойлаған. Сарапшының қорытындысына баға беру проблемасы қазіргі кезде де актуальды болып табылады, ол сарапшылық қорытындыларды жалпылау тәжірибесінде қолдану шешімін куәландырады. Бірақ сарапшы қорытындысына баға беру маңыздылығына қарай тергеуші мен соттың толық түрде арнайы ғылыми білімді меңгеруі сарапшының әрекетіне толық түрде баға беруді жүзеге асыра алатындығы. Ақырында ол «авторитет алдында құлдың бас июуі ғылымға және сотта өкілдік етуіне сыйластық білдіруі, бірақ «сау ой» деген сеніміне иландыратын бөтендік және өзіндік пікірге әкеп соғады». ҚДЖК 84-бабының 1 бөлігіне сәйкес Қылмыстық іс бойынша сараптамаға баға беруде маманның арнайы ғылыми білімін пайдалану мүмкін. Классификациялық дәлелдемелердің бар болуына қарай сарапшы қорытындысын қарайтын болсақ, ең алдымен, жаңа маңызды мәліметтерге негізделгенін атап айту керек. Сарапшы қорытындысы зерттелген материалдардың мазмұнын қайталамайды олар іс бойынша жаңа дәлелдеме болып табылады. Жоғары айтылғанға сүйеніп сарапшының қорытындысы өндірілген дәлелдеме емес, алғашқы дәлелдеме болып саналады. Сарапшы қорытындысы айыптау, ақтау дәлелдемесі бола алады. Себебі ол сарапшының қорытындысы субъектінің кінәсін растауы немесе оның қылмысқа қатыспаушылығын көрсетеді. Дәлелдеме затына байланысы сарапшы қорытындысы іс бойынша тікелей немесе жанама бола алады. Көп жағдайда сарапшының қорытындысы жанама дәлелдеме болады, дегенмен ол тікелейдің қатарына жатқызылуы мүмкін. Көп жағдайларда ол сот медициналық сараптама саласындағы қорытындыларға қатысты болады. Тергеу және сот тәжірибесінде істің нақты жағдайларын анықтау үшін сарапшының қорытындыларын тиісінше пайдаланбау елеулі кемшіліктерге соқтырады. Қорытындыларды пайдаланбау әр түрлі нысандарда көрінеді: үкімде және басқа да процессуалдық актілерде қорытындыны дұрыс түсіндірмеу (мысалы, тектік (топтық), қатыстылық туралы жеке тепе теңдікке байланысты болады; шешімнің мүмкін болу нысаны категориялық сияқы); қорытындыны толық емес пайдалану сарапшының бір шешімі қабылданады ал бір шешімі қабылданбайды; дұрыс емес түсіндірілген сарапшымен анықталған фактілер.

2. Соттың шешімі заңды, негізделген болуы дәлелдемелерді зерттеуге байланысты. Дәлелдемелерді зерттеу ол оларды жинау, бағалау және қолдану

деуге болады. Заң дәлелдемелер қатарына сарапшы қорытындысын да жатқызады. (ҚР-ның ҚК-нің 120-бабы).

Сарапшы қорытындысы терминінің екі мағынасы бар: біріншіден, ол сот дәлелдемесінің түрі, екіншіден, бұл дәлелдемелер қкрсетілген процессуалдық акт. Сарапшы қорытындысы іске байланысты басқа да дәлелдемелер негіздемесі сияқты бағаланады.

Сарапшының қорытындысында дәлелдемелердің іске қатыстылығы, дұрыстығы енгізіледі. Егер дәлелдеме іс бйынша қандай да бір жағдай болғанын немесе болмағанын көрсетсе ол іске қатысты дәлелдеме деп танылады. Көбіне сарапшы қорытындысының іске қатыстылығы күдік туғызбайды, себебі ол басынан бастап қылмыстық процесс шегінде жасалады. Күдік туғызатыны бұл сарапшының өз бетінше жасалған қорытындылар немесе сараптама жасалған заттар. Егер дәлелдеме ҚР-ның ҚДЖ заңына негізделіпалынса ғана іске енгізіледі. Қорытындыны іске енгізу үшін бағалау: процессуалды белгілеудің тәртібін талдау және сараптама жүргізу. Процессуалды белгілеудің тәртібін талдау және сараптама жүргізудің заңдылығын тексеру үшін берілген процессуалды іс-әрекеттердің келесі жақтарына көңіл бөлу керек: сараптама тағайындағанда немесе оның қорытындысымен танысқан кезде жәбірленушінің, айыпталушының, куәгердің құқықтарын сақтау; сот процесі кезінде сарапшыға сұрақ қою тәртібін сақтау; сарапшыға сотта оның құқықтары мен міндеттерін түсіндірген кезде процессуалдық тәртіпті сақтау; сараптама жүргізген кезде сарапшының өз міндеттерін орындауы; сарапшы қорытындысын дұрыс толтыруы.

Сараптаманың ерекше түрлеріне және сарапшының жеке тұлғасына баға беруге көңіл аудару керек. Сарапшының жеке тұлғасына баға берген кезде оның біліктілігі оның біліктілігін, құзыреттілігін, сараптамадан бас тартуға себептері жоқ екендігін тексеру керек. Сарапшының өз құзыреттілігінен шығуы көбінесе процеске қатысушы басқа тұлғалардың функцияларын орындау екенін тәжірибе көрсетеді. Сарапшы қорытындысын бағалаған кезде сараптамаға берілген заттар маңызды рөл атқарады. Ен алдымен оларды алған кездегі заңдылықтың сақталуын, дәлелдемелерді алудың процессуалдық тәртібінің сақталуы, объектілердің сақталу шарттарын орындауды тексеру қажет. Дәлелдеме егер тексеріс нәтижесінде шындыққа сай болса оны істе қолдануға жол беріледі. Сарапшының қорытындысының шындыққа сай екенін анықтау ділелдемелерді бағалаудың қиын сатысы. Сарапшы қорытындысы жол берушілігін бағалау екі жолмен жүзеге асады: ғылыми құзыреті және іс бойынша іс жүргізу барысында нақты адамға ұсынылатын іс жүргізу талаптары қанағаттандыру тұрғысында сарапшының өзін бағалау. Қорытындының ғылыми негізділігін бағалау ол: сарапшының қолданған зерттеу методикасының дұрыстығын текскру. Бұндай тексеруде сараптаманың ғылыми негіздемелері бар ма, сарапшы жаңа, эффективті сараптама қолданды ма жоқ па екені анықталады. Көбіне сарапшылар сараптаманың жаңа методикасын қолданады. Бірақ қазіргі кезде жеке сарапшылардың пайда болуына байланысты сараптаманың басқа да түрлері жүргізіледі, сондықтан оларды дұрыстап тексерген жөн. Сонымен қатар қолданылған методиканы заңдылығын

тексеру керек, себебі, сараптама қорытындысының дұрыстығы тек қолданылған методикаға ғана байланысты емес. Әсіресе компьютерлік техника қолданылған қорытындыларға көп көңіл бөлінеді. Бұндай қорытындыны дұрыстығы көбіне қолданылған программаға байланысты, сондықтан қорытындыда қолданылған программаның сенімділігі, оны кім жасағанның, қандай органның мақұлдағанын, сарапшыға берілген материалдардың дұрыстығын тексеріп, көрсетілуі керек. Сарапшы қорытындысының сапасы оған берілген іс материалдарының сапасына байланысты. Қолданыстағы заңға сәйкес (ҚР ҚДЖК 2бөлім 248 бап) сараптама объектілерінің дұрыстылығын, жол берушілік сараптаманы бекіткен орган кепіл береді сондықтан сарапшыдан сараптама жасайтын заттарда күдігі болмайды. Сарапшы сараптама жасайтын материалдарға өзі сұрауға құқылы және тергеуші оны қамтамасыз етуге тиіс. Бірақ тәжірибе жүзінде сарапшы көбіне қосымша материалдар сұрамай бар дәлелдемелермен жұмыс істейді, бұл сараптаманың қорытындысын жасаған кезде қате жіберуіне немесе қорытындыны толық болмауына себеп болуы мүмкін. Қорытындыға баға берген кезде: методикада көзделген барлық шаралардың қолданылуы; берілген материалдардың толық зерттелгендігі; қорытындыда барлық қойылған сұрақтарға жауаптардың болуы; сарапшының атқарған жұмысының толық көрсетілуі тексеріледі. Бағалау сараптамалық зерттеудің анализдік реттеу сатысында, осы реттің логикалық шартымен шығарылады. Сараптама қорытындысының формальді логикалық қателері кезінде мына жағдайлар жатады: өткізілген жұмыс бойынша шешім қисынды болмаса; сарапшының шешімі дәлелденбеген болса. Сарапшының қорытындыда болжауды тұжырымдар келтіруі негізінде, қылмыстық процесті жүргізуші органның (адамның) қарауына сарапшылық болжамдарды шешудің нұсқаларын ұсыну болып табылатындығына келіскен жөн. Осыған байланысты атаған тұжырымдар іс бойынша іс жүргізу шешімінің негізіне қойылмайды. Алайда сарапшы хабарлаған фактілер іс бойынша дәлелдемелерді жалпы жүйесіне қосылатындықтан, тергеушінің (соттың) ықтималды нысандағы тұжырымдары бар сарапшы қорытындысын дәлелдемелік мақсаттарда пайдалану мүмкіндігі бар. Сонымен қатар себеп тек сараптаманың қорытындысына ғана емес, басқа да дәлелдемелерге қатысты болуы мүмкін. Сараптаманың қорытындысын бағалаудың соңғы сатысы болып оның дәлелдемелік күшін анықтау болып табылады. Сарапшы қорытындысының дәлелдемелік маңызы сарапшының анықтаған мән жайлары іс бойынша дәлелдеу тақырыбына кіретіндігіне көп байланысты (ҚДЖК 117 бап). Тікелей дәлелдеме болып табылатын сарапшы қорытындысы негізінде іс бойынша аса маңызды болады. Мысал ретінде есірткілерге, суық және атыс қаруға жүргізілген сараптама нәтижелерін келтіруге болады. Жанама дәлелдеме болып табылатын сарапшылар қорытындыларын дәлелдемелік маңызы бірқатар факторларға байланысты және іс бойынша нақты ситуациямен анықталады. Олар іс жүргізу шешімінің негізіне тек істің өзге мән жайлармен, ондағы тізбектің бірі ретінде жиынтықта қойылуы мүмкін. Сарапшы анықтаған мән жайлардың мәнділігі қорытындыны мазиұнымен нысанына байланысты түрленеді. Сарапшының қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы

хабарламасы сот дәлелдемесі бола алмайды, өйткені онда қылмыстық істің мән жайлары жөнінде нақты деректер болмайды. Алайда, оны бағалау қойылған сұрақтардың жауаптары бар сол сарапшы қорытындысы бағаланатын принциптер бойынша жүргізіледі. Осындай шешімді бағалау кезіндегі қылмыстық процесті жүргізуші органның қатесі оларды сенімге алу болып табылады алайда олар көбіне сарапшының ұсынылған материалдарды дұрыс бағаламау, қойылған міндеттерді дұрыс түсінбеу, сараптамаларды тғайындаумен жүргізудің іс жүргізу және ұйымдастырушылық ережелерін бұзу салдарынан болады. Осыған байланысты сол сұрақтар және сол объектілер белгілер бойынша тағайындалған қайталама сараптама тергудің (соттың) мүдделі сұрақтарына кесімде түрде шешу мүмкіндігін береді.

3. Сарапшылардың қорытындысын бағалаудың ерекшеліктері көбінесе жүргізілген сараптама түрлерімен сарапшылық қорытындының мазмұнымен, сонымен қатар шешімдерді логикалық нысанмен анықталады, сондықтан тектік (топтық) қатыстылық туралы шешімдерден ықтималды, шартты және баламалы нысандағы шешімдерден тұратын қосымша және қайталама сараптама жүргізудің нәтижелері бойынша қорытындыларды бағалаудың жағдайын қарастырады. Қайталама сараптама жүргізудің нәтижелері бойынша қорытындыны бағалау тек алғашқы сараптама қорытындысымен жиынтықта болады, ал қосымша сараптама жүргізудің нәтижелері бойынша қорытындыны бағалау негізгі қортындымен байланысты болып жүргізіледі. Бұл жағдайда бағалар элементі қорытындыны салыстырып талдау болып табылады. Алғашқы және қайталама сараптамаларда қайшылықтардың туындауы кезінде сот қорытынды арасындағы артықшылықты дәлелдеу немесе оларды жою үшін жаңа сараптама тағайындауы тиіс. Тектік (топтық) қатыстылық туралы шешімдерді пайдалану кезінде олардың дәлелдемелік күші объектісі жатқызылған кластың таратушылық дәрежесіне кері пропорционалды болып табылады. Осы таратушылық туралы білу сарапшы қорытындысын дұрыс бағалаудың қажетті шарты болып келеді. Ықтималды нысандағы сарапшы қорытындысының дәлелдемелік маңызын бағалау сот сараптамасының теориясы мен практикасында дискуссиялық мәселе болып табылад. Әдебиеттерде ықтимал теориясының жақтастары да бар. Ықтималды сарапшылық қорытындыларына жол бермеу туралы пікірлер кен таралған. Олар: М.П. Шаламов ғылыми деңгейдегі сараптама мәселелерін ықтималды шешімнің қатыстырмаушылығымен байланыстырады. В.Д. Арсенев қойылған сұраққа толық түрде жауап беру мүмкін болмаған кезде сарапшы оған ішінара кесімді жауап беруі керек деп есептейді. Соңғысы сарапшылық болжамның барынша немесе аз негізделген болжамның жауабына қарағанда нақты жауаптың дәлелдемелік маңызы болады. Ықтимал теориясының көзқарастары бойынша кейбір ықтимал теориясын жақтайтындар болады. Сарапшының қорытынды да болжалды тұжырымдар келтіруі негізінде қылмыстық процесті жүргізуші органның (адамның) қаруына сарапшылық болжамдарды шешудің нұсқаларын ұсыну болып табылатынын көруге болады. Осыған байланысты аталған шешімдер іс бойынша жүргізу шешімінің негізіне қойылмайды. Алайда, сарапшы хабарлаған фактілер іс бойынша дәлелдемелердің жалпы

Жүйесіне қосылатын болғандықтан тергеушінің (соттың) ықтималды нысандағы тұжырымдары бар сарапшы қорытындысын дәлелдемелік мақсаттарда пайдалану мүмкіндігі бар. Актінің зерттеу бөлімінде баяндалған сарапшының анықтаған аралық фактілердің дәлелдемелік маңызын сарапшылық түсіндіру жөнінде сөз болып отыр. Бұл шешім сарапшылық зерттеудің ақпараттық және дәлелдемелік жақтарын айыруға мүмкіндік береді. Фактінің мүмкіндік туралы шешім тек ол расталмаған нысанда тұжырымдалғанда ғана дәлелдемелік маңызы болады. Фактінің туралы шешім көбінесе тек ақпараттық рөлді атқарады. Сарапшы өзара бірін бірі шығаратын екі не одан да көп нұсқаны келтіретін батамалы шешімді бағалаудың ерекшелігі олардың жиынтығында дәлелдемені бағалай отырып қылмыстық процесті жүргізуші адам тексерілетін нұсқалардың санын шектеп біреуін тандап алуы мүмкін. Шартты шешімдер сарапшы келтіретін шарттың растығы сарапшылық зерттеу шегінен басқа не материалдарымен расталған кезде дәлелдеме ретінде пайдалануы мүмкін.

4. Сарапшы қорытындысын бағалай отырып, оны тағайындаған орган дәлелсіз елемеуге, оның іс бойынша басқа материалдарға қатысты дәлелдемелік маңызын көтермелеп бағалауға, дәлелдеме ретінде сыни пайдаланбауға жол бермеуі керек. Сарапшы қорытындысын бағалау жиынтығы бойынша қылмыстық процесті жүргізуші орган мына төменгі шешімдердің бірін қолданбауы мүмкін: қорытындыны толық және негізделген, ал ондағы нақты деректерді іс бойынша сенімді және маңызы бар деп тануы; қорытындыны жеткілікті анық және толық емес деп тануы; қорытынды негізделмеген немесе оның дұрыстығы күмән келтіреді деп тануы мүмкін. Сарапшы қорытындысын бағалау нәтижелері, оның іс бойынша іс жүргізу барысында немесе іс бойынша түпкілікті шешім қабылдау сәтінде берілгендігіне байланысты айыптау қорытындысында, іс бойынша қаулыда (істі толық тоқтату туралы, сарапшыдан жауап алу, қосымша (қайталама) сарапатама тағайындау туралы) немесе үкімде көрініс табу керек. Сонымен қатар, іс жүргізу құжаттарында сарапшылық қорытындылардың мәсіні және олардың негізінде тиісті мән жайлар туралы өз тұжырымын дәл қайта жаңғырту және дұрыс баяндау керек. Айыптау қорытындысында немесе үкімде айыпталушының (сотталушының) кінәлі екендігі сарапшының қорытындысымен расталады деген сілтеме түріндегі қорытындыларды пайдалану практикасы дұрыс болып табылмайды. Сарапшының қорытындысын бағалау нәтижесі оң болған кезде ол жана дәлелдемелерді алу және бар дәлелдемелерді тексеру үшін, сол бір дәлелденеген мән жайларды тану, қылмыстық іс бойынша әрі қарай іс жүргізу барысын анықтау үшін дәлелдеме пайдаланылуы мүмкін. Сарапшы қорытындысымен келіспеу себептері айыптау қорытындысында, қаулыда, сот үкімінде баяндалады. Мұнда қылмыстық процесті жүргізуші орган қорытындыны толық немесе тұжырымының бір (бірнеше) бөлігін қабылдамайды. Сарапшы қорытындысын келенсіз бағалаудың салдары оның негіздеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, сарапатаманы тағайындау мен жүргізудің іс жүргізу ережелерін өрескел бұзу анықталған жағдайда сарапшының қорытындысы іс материалдарында қалысады, іс бойынша дәлелдемеден шығарылады. Сарапшы қорытындысы жеткілікті түрде анық

немесе толық болмаған кезде сарапшыдан жауап алынуы немесе косымша сарапатама тағайындалуы мүмкін (ҚДЖК-нің 253, 255, 354, 355 баптары). сарапшы қорытындысы жеткілікті түрде негізді болмағанда не оның дұрыстығына күмәнді болған немесе жойылмайтын іс жүргізу қателіктер болған жоқ жағдайларда қайталама сараптама тағайындалуы мүмкін (ҚДЖК 255, 354 баптары). Міндетті сараптама тағайындау жағдайларын қоспағанда, қайталама сараптама тағайындау қылмыстық процесті жүргізуші органның міндеті емес, оның құқығы болып табылады. Бұл жағдайда қылмыстық процесті жүргізуші орган сарапшыны тұжырымдарын тексеруге бағытталған өзге де іс жүргізу әрекеттерін жүргізе алады.

№ 8 дәріс **Азаматтық сот ісін жүргізудегі сот сараптамасы**

Дәріс жоспары:

1. Азаматтық сот ісін жүргізудегі сот сараптамасы.
2. Жеке және заңды тұлғалардың сұраулары бойынша арнайыландырылған зерттеулер жүргізу үшін ғылыми құралдарды және сараптама әдістерін қолдану.

Әдебиеттер:

1. Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан.
2. Закон Республики Казахстан "О судебной экспертизе".
3. Закон Республики Казахстан "О нотариате".
4. Проведение экспертизы в суде. М., 1979.
5. Организационно-правовые основы судебной экспертизы. М., 1979.
6. Тихиня В. Г. Теоретические проблемы применения данных криминалистики в гражданском судопроизводстве. Минск, 1983.
7. Миронов В., Аршеменков И. Оценка имущества для целей судопроизводства // Российская юстиция. 1998. № 11.

Азаматтық іс жүргізудегі сот сараптамасының қылмыстық сот ісін жүргізу сферасына қатысты ұқсастықтары мен ерекшеліктері бар. Бұл жердегі сәйкестік сараптаманың екі жағдайда да арнайы білімдерді қолдануына негізделе отырып, істің мән-жайларын дәлелдеу болып табылады. Жалпы сараптаманың басты субъектісіне – сарапшыға, қойылатын талаптар, сонымен қоса оның құқықтары мен міндеттері сәйкес келеді. Соған байланысты, қылмыстық іс жүргізуде көрсетілетіндіктен сараптамалық зерттеудің нәтижелері толтырылады, сарапшы қорытындысын бағалау, сарапшыдан жауап алу, сараптаманың ерекше түрлерін тағайындау жүргізіледі. Азаматтық сот ісін жүргізуде сараптаманы тағайындау мен жүргізу процесінің ерекшеліктері арнайы қарастыруды талап ететін оның спецификалық мақсатары мен процессуалдық нысанымен айқындалған. Қазіргі уақытта азаматтық сот ісін жүргізудегі сот сараптамасы негізінен ҚР-ның ҚДЖК-нің 42, 91-98, 108, 109, 188, 191, 206, 305 баптарымен реттеледі. Азаматтық іс жүргізуде сараптама

тағайындау мен жүргіздің жалпы ережелері келесілерге жатқызылады. Сарапшының азаматтық істер бойынша қорытындысы дербес құжат болып табылады. Ол сот үшін міндетті болып табылады және басқа дәлелдемелер сияқты бағалау ережелері бойынша бағалануға жатады, бірақ соттын онымен келіспеуі мәнді болуы тиіс. Сарапшы өз атынан қорытынды жасайды және сол үшін жеке жауаптылыққа тартылады. Ол сараптама ісіне байланысты материалдармен танысуға, қосымша материалдар қажет екендігі жайлы өтініш жасауға, сонымен қатар өз ниеті бойынша іске маңызы бар мән-жайларды анықтауға құқылы. Сонымен бірге сарапшының ҚР-ның ҚДЖК-нің 92 бабында көрсетілген басқа құқықтары мен міндеттері бар. Сараптама тағайындаудың нақты негізі арнайы ғылымдар білімдеріне негізделі отырып істі қарастыру барысында туындайтын сұрақтарға қорытынды беру мақсатымен зерттеу жүргізу қажеттігі болып табылады. Сараптама тағайындау туралы сұрақты шешу барысында сот ең алдымен іске нақты іс бойынша арнайы білімдерді қолдану қажет пе екендігіне көзі жеткізуі керек. Судьялар өздерінің арнайы білімдерінің болуына қарамастан өз бетінше сәйкес сұрақтарды шешуге құқығы жоқ. Азаматтық сот ісінде сараптама жүргізудің процессуалдық негізі болып оны анықтайдаған сот атауы, сараптама жүргізу уақыты және орны көрсетілген сот таңытамасы болып табылады; іс бойынша тараптар атаулары; сараптама түрі; сараптама тағайындау негіздері; сарапшыға қойылатын сұрақтар; сот сараптамасы органының атауы немесе сарапшы болып тағайындалатын тұлға жайлы мәліметтер; сараптама жүргізу үшін жөнелтілетін объектілер мен басқа материалдар; сарапшыны жалған қорытынды бергендігі үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатындығы туралы ескерту болып табылады. Сот іске қатысатын тараптар мен басқа тұлғалар көзқарастарын ескере отырып, сәйкес процессуалдық шешім шығарады. Бұл сараптаманың сот қалауы және тараптардың өтініштері бойынша тағайындалуы мүмкін. Тараптар сараптаманы жүргізуіне арнайы ғылыми білімі бар нақты тұлғаға тапсыруды талап ете алады. Іске қатысушы әрбір тұлға сарапшыға қойылуы тиіс сұрақтардың сотқа ұсынуға құқылы, бірақ сұрақтар айналымы сотпен анықталады. Процесс қатысушыларының сұрақтарының сотпен бас тартылуы дәлелдемелік болуы тиіс. Соттың сараптама тағайындау туралы анықтамасына арыздануға және қарсылық білдіруге болады. ҚР АДЖК-нің 91-бабының 8-тармағына сәйкес. Егер тараптардың бірі сот сараптама жүргізуге қатысудан жалтарса немесе оның жүргізілуіне кедергілер келтірсе (сараптамаға келмейді, зерттеуге жататын материалдар ұсынбайды, оған қатысты объектілерді зерттеу мүмкіндіктерін жасмайды), ал мән-жайлар бойынша тараптардың бірінің қатыспауы арқылы сараптама жүргізу мүмкін емес болған жағдайда, сот қай тараптың сараптамаға қатысудан жалтаруға, оның іс бойынша маңыздылығына байланысты фактілерді анықтау үшін сараптаманың тағайындалғаны, орнықтырылғандығы немесе қарсылық білдіру фактілерін мақұлдауға құқылы. Тәжірибені меңгеру көрсетіп отырғандай, сараптаманы тағайындау барысында кездесетін процессуалдық құқық бұзушылықтарға сараптама тағайындау туралы анықтаманы дұрыс құрастырмау және іске қатысушы тараптар мен басқа тұлғалардың құқықтарын сақтамауымен таралған. Азаматтық іс жүргізуде

сараптама сот талқылауында және алдыңғы сатыларында жүргізіле алады. Осы белгілер бойынша сараптама тағайындаудың келесі процессуалдық нысандарының бөліп атауға болады: дәлелдемелермен қамту тәртібінде; істі сот талқылауына дайындау барысында; сот талқылауында. Сараптаманың азаматтық іс жүргізу заңымен кассациялық және қадағалау сатыларында жүргізілуі қарастырылмаған. Әрбір көрсетілген сатыларда сараптама тағайындау мен жүргізудің процессуалдық ерекшеліктерін қарастырайық. Дәлелдемелермен қамтылу негізінде жүргізілетін сараптама. ҚР АЖК 75,76-баптарына сәйкес дәлелдемелермен қамту АЖК көрсетілген ережелер негізінде сотпен, дәлелдеменің сотта қарастырылуын қамтамасыз ету заңмен қарастырылған негізде нотариустармен немесе консулдық мекемелердің қызметтік тұлғаларымен жүргізіледі. Сараптаманы жүргізу дәлелдемелерді қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі болып табылады. Қызығушылығы бар тұлғалардың өтініштері бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз ету тәртібімен тағайындау, егер соңынан сараптама жүргізу мүмкін болмай немесе қиындық келтіреді деп қауіптенуге негізі бар жағдайда болуы мүмкін (Мысалы, зерттеуге жатағын объектілер құрамы өзгереді). Нотариустың дәлелдемелермен қамтамасыз ету әрекеттері ҚР АЖК-ң нормаларына сәйкес жүргізіледі. Нотариат үшін сараптама жүргізілетін сарапшының, азаматтық іс жүргізуге қатысушы сарапшының сияқты құқық жиынтығы мен міндеттері бар. Сот тәртібі мен дәлелдемелерді қамту ҚР АЖК орнықтырылған дәлелдемелерді жинастыру ережелеріне бағынады. Дәлелдемелерді қамтамасыз ету тәртібімен сот сараптамасын тағайындаудың заңдық негізі болып, мұнда көрсетілуі тиіс: қамтылуы тиіс дәлелдемелер; мән-жайларды нақтылау үшін қажетті дәлелдеме, арызданушының дәлелдемелермен қамту өтінішін жасауына негіз болған себептер; дәлелдемелердің қамтылуы қажетті істер (ҚР АЖК 75-бабының 2-тармағы). Дәлелдемелерді қамту өтінішін қабылдаудан соттың бас тартуы туралы анықтамасына жеке шағым берілуі мүмкін. Сарапшы қорытындысы қарастырылған жағдайда іске қатысушы тұлғалар мәліметтерімен істі қарастырушы сотқа жіберіледі. Сот талқылауына істі дайындау кезіндегі сот сараптамасы. Сот талқылауына істі дайындау кезіндегі сот сараптамасы істі барынша толық, жан-жақты қарау шарттарын жасау үшін тағайындалады. Істі сот талқылау барысына дайындаған кезде судья қажет болған жағдайда іске қатысушы адамдарға міндетті түрде олардың сарапшының алдына қою құқығын түсіндіреді. Сарапшы АЖК 92-бабында көрсетілген құқықтардың барлығына ие бола алады. Алайда, ол соттың куәлардан жауап алу және өзге дәлелдемелерлі зерттеу кезінде қатысуға құқығы жоқ, бұл істі талқылауға дайындау сатыларының айрықша мақсаттарынан шығады. Сот отырысындағы сот сараптамасы. Бұл сатыда сараптама бұрын жүргізілмеген жағдайда тағайындалады. Басқа жағдайларда сарапшы сот отырысына жауап беру үшін, қосымша және қайталама сараптамалар жүргізуге шақырады. Сот талқылауында азаматтық істер бойынша сот сараптамасын тағайындаудың процессуалдық тәртібі ең алдымен сарапшыға қойылатын сұрақтар процедурасын енгізеді. Процеске қатысушы әрбір тұлға осы іс бойынша өз ойларын айтуға құқылы. Бірақ сұрақтардың

соңғы тізімін анықтау оның коррекциялық өңделуін жүргізіп қана қоймай, оның тізімін кенейтуге құқығы бары сот органының қолында. Сараптама тағайындау туралы анықтама кеңесу бөлмесінде шығарылуы тиіс. Зерттеулердің көлемі мен сипатына байланысты сараптама сотта және одан тыс жерде жүргізіледі. Көбінесе екінші жағдай кең таралған, бұл жағдайда іс талқылауы сараптама қорытындысы жасалғанға дейін шегеріледі. Сарапшы қорытындысының сотқа келіп түсуімен мот отырысы қалпына келтіріледі. Қажет болған жағдайда сарапшы сотқа жауап беру немесе қосымша сараптама жүргізу үшін шақырылуы мүмкін. Сонымен қатар сараптаманың тікелей сотта жүргізілуі заңмен қарастырылған. Мұндай жағдайларда, сарапшы сотқа шақырылып, оған сараптама тағайындау анықтамаы ұсынылады. Сот талқылауының дайындық сатысында төрағалық етуші іске қатысушы тұлғаларға сарапшы болып кім табылатындығын жариялайды, оның бас тарту құқықтарын түсіндіреді. Сот сарапшының арнайы білімдерімен бас тарту негіздерін тексереді. Төрағалық етуші анықтаманы сарапшыға ұсына отырып, оған оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді және жалған қорытынды жасағандығы үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы жайлы ескертеді. Істің сот талқылауы барысында сарапшы сараптама пәніне жататын дәлелдемелерді зерттеу әрекеттеріне қатысуға, жалпы, куәгерлерге сұрақтар қоюға, дәлелдемелерді тексеруге байланысты мән-жайларға назарын аударуға, оқиға орнын сотпен тексеруге қатысуға құқылы. Сарапшының тек қана қорытынды беруге мәні бар дәлелдемелерді зерттеуге қатысатындығына назар аударған жөн. Төрағалық етуші сарапшының барлық құқықтарының сақталуын және оның соттық тергеуге белсене қатысуын қамтамасыз етуі тиіс. Сарапшылық дәлелдемелерді зерттеуі белсенді ғана болып қоймай, максатты да болуы керек. Соған байланысты оны сараптама пәніне жатпайтын мән-жайларды зерттеу уақытына сот отырысы залынан босатады. Сотта қорытынды жасау үшін қажетті мән-жайлар анықталғаннан кейін сарапшы сараптама нәтижелерін құрастыруға және жүргізуге кіріседі. Бұл үшін үзіліс жарияланады. Сот сарапшыға жұмыс істеу үшін қажетті жағдайлар жасауы тиіс; егер этикалық сипаттағы кедергілер болмайтын болса, сот құрамы мен іске қатысушы тұлғалар, сот сараптамасын жүргізуге қатысуға құқылы. Кейбір жағдайларда объектілерді сот отырысына ұсыну мүмкін емес немесе мәнсіз болса, зерттеу объектінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі. Егер сараптама пәніне қатысты мән-жайлар соттың сараптама тағайындағаннан кейін анықталатын болса, сот бұл туралы қосымша материалдар бере отырып, сарапшыны хабардар етеді. Сарапшы қорытындысы жазбаша түрде жасалады және сот отырысында жария етіледі. Қорытынды бойынша түсініктемелер мен толықтырулар алу үшін сарапшыға сұрақтар қойылуы мүмкін. Бірінші болып сұрақты сарапшының тағайындалуын сұраған тұлға және оның өкілі қояды, содан кейін іске қатысушы басқа тұлғалар мен олардың өкілдері қояды. Сот қалауы бойынша шақырылған сарапшыға бірінші болып арызданушы сұрақ қояды. Сот жауап алудың кез келген уақытында сарапшыға сұрақ қоя алады. Сәйкес жағдайларда сотта сараптаманың қосымша немесе қайталама түрлері тағайындала алады. Сараптама алдыңғы сатыларда жүргізіледі және сот

отырысына өз қорытындысын берген сарапшының шақырылуы сот талқылауының тәртібіне ұқсас. Қорытынды берген сарапшыны сотқа шақыру ылғи мақсатты және мүмкін еместігін атап өткен жөн. Егер қорытындыға ешкімнің күмәні, қарсылығы болмаса сот сарапшының қатысуынсыз қорытынды мен оның зерттеу нәтижелерін жариялаумен шектеледі. Келесі себептер: яғни сарапшының қорытындысы істі шешу үшін маңызды болып табылады, бірақ сот сарапшыны көмегінсіз оны дұрыс зерттеп бағалай алмауы мүмкін емес болған жағдайларда; жаңадан мәліметтер орнықтырылса немесе қосымша зерттеуді қажет ететін қосымша материалдар алынған жағдайларда; сарапшы алдында қосымша сұрақтар құрастыру қажеттігі туындағанда; сарапшы қорытындысы толық емес немесе түсініксіз болғанда; процеске қатысушылардың біреуі қорытындыға белсенді қарсылық білдірсе; қорытынды басқа іс материалдарына кедергі келтірсе немесе оның дұрыстығына күдіктену негіздері болға жағдайда сарапшының қажет екендігі туралы сұрақ жеке шешіледі. Егер қорытындының толықсыздығы мен түсініксіздігіне байланысты анықтау үшін зерттеу жүргізу қажет болмайтын болса, бұл сұрақтар сарапшыдан жауап алу арқылы анықталады, басқа жағдайларда қосымша сараптама тағайындалады. Сот сарапшыға оның білімінен тыс шығатын немесе іске қатысы жоқ сұрақтарға жауап бермеуге құқық береді. Аталған сұрақтар мен сарапшының жауап бермеген сұрақтары сот отырысы хаттамасында тіркеледі. Егер іс бойынша сараптама сарапшылар комиссиясымен жүргізілсе, жауап алу немесе қосымша сараптама жүргізу үшін комиссияның барлық мүшелері сияқты бір сарапшы да шақырылады. Қосымша және қайталама сараптамалар тағайындаудың процессуалдық тәртіптері ҚР АІЖК 98-бабында көрсетілген және бұрын қарастырылған қылмыстық сот ісін жүргізу процесіне ұқсас. Құралдар мен жұмыс уақытын тиімді үнемдеу жағдайларында сарапшының сот отырысы залына шақырылуы қажет болмаса, сот сарапшы өтініші бойынша оның іске қатысуын сараптама жүргізу немесе жауап алу уақытына шектеп, сөйтіп бұл процедуранан босатады. Азаматтық сот ісін жүргізудегі сараптамалық қорытындыны бағалау ерекшеліктері сұрақтары жайлы айтатын болсақ, сараптамалық қорытындының шынайылығы сарапшыға ұсынылған материалдардың сапалылығы мен толықтығына байланысты екендігін атап өткен жөн. Зерттеу материалдары тараптармен (іске қатысушы басқа тұлғалармен) ұсынылуы мүмкін немесе соттың (судьяның) қалауы бойынша сұратылады, бірақ материалдардың толықтылығы мен шынайылығы үшін барлық жағдайларда сот жауапты болады. Соған байланысты судья сараптама жүргізуге дайындық сатысында олардың түпнұсқалылығын, сапасы мен толықтылығын тексеріп, сарапшыны қажетті материалдармен қамтамасыз ету шараларын қолдану керек. Егер сот (судьяның) даярлығы төмен болатын болса, ол әдістемелік әдебиеттермен танысуы керек немесе маманды кеңестік көмек алу үшін шақыруы керек.

2. Сот сараптамасының әдістері мен құралдарын қолдану сұрақтары заңдылық шеңберімен шектеліп қана қоймайды, қазіргі таңда сот сараптамасы органына, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік сот істерімен байланысты емес арнайыландырылған зерттеулер жүргізу үшін заңды тұлғалардың сұраныстары

кен етек жаюда. Өтінім мақсаты арнайы білімдерді қолдану арқылы жеке және заңды тұлғалардан құқықтарын жүзеге асыруда туындайтын сұрақтарды шешу болып табылады. Сараптама жүргізіп, сараптамалық бағалау негізінде шешімдер қабылдау әртүрлі шаруашылық, басқармашылық қызмет салаларында көрініс тапқан. Сараптамалық зерттеулерге сүйену сол немесе басқа субъектілердің (жеке немесе заңды тұлға) қажетті арнайы білімдері болмаған жағдайда немесе заңды дұрыс қолданбаған жағдайда шешім қабылдаудың негізгі элементі болып табылады. Көбінесе келесі сұрақтарды шешу өтініштері жиі кездеседі: халық тұтынатын тауарлар сапасы мен бағасын бағалау; келісім шарттар құру, соның ішінде коммерциялық, тәуекелді бағалау; талап арызды сотқа тапсыру мақсаттылығын бағалау; қалпына келтіру құнын бағалау; табиғи жолмен немесе сыртқы факторлар әсерінен өзгеріске ұшыраған құжаттар мазмұнын орнықтыру. Жеке және заңды тұлғалар өтініштері бойынша жүргізілетін бірінші топ зерттеулерінің алатын орны ерекше. Бұның себебі халықтың тұтынатын тауарлары бағасының қазіргі уақытта белгілі бір қиындықтарымен сипатталуында болып отыр. Бұрын объектілер бағасы нақты белгіленген болатын болса қазіргі уақытта нарықтық қатынаста даму дәрежесінің төменділігімен сипатталатын объектілер бағаларының сәйкессіздігі анықталып отыр. Зерттеулер жүргізудің мақсаты болып, ашық нарықтықтың бәсекелестік шарттарында тараптар алдын ала ойланып, әрекет жасап барлық қажетті ақпаратқа ие болып мәміле бағасында төтенше жағдайларды тауып, нарықтық бағаны орнықтыру болып табылады. Сот сараптама органының көмегіне келісім шарттық қатынастарды жүзеге асыру барысында тараптардың бірі тауар түпнұсқасылығын немесе сапасына көз жеткізу үшін жүгінеді. Осылайша, сараптамалық зерттеулер жүргізу үшін персоналдық компьютерлер, компьютерлік техниканың басқа құралдары ұсынылады. Жабдықтаушылармен жол берілетін ұйымдастырушылық және тұрмыстық-техникалық бұзушылықтарды анықтау материалдары- келісім шарттарын сақтамау, объектілерді төмен техникалық параметрлерімен даярлау, сервистік бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсыну, басқа авторлармен және мекеме-ұйымдастырушыларымен және т.с.с.- істі сот тәртібімен қарастыруда қолданыла алады. Сонымен қатар кейбір жағдайларда сараптамалық зерттеу объектілеріне: металдар, ерітінділер, мұнай – шикізаттары, жануар және өсімдік шикізаттарының дәрілік препараттары, бағалы бұйымдар жатқызылады. Тәжірибе сот сараптамасы органдарының сәйкес әдістемелік базасының дамуын мәлімдейді. Осылайша сот сараптамасы Орталығының өзінде соңғы кезде осындай әдістер: ЖКО шығынын анықтайтын және зардап салдарын қалпына келтіру бағасын анықтауға мүмкіндік беретін автотауарлық зерттеулер; әртүрлі категориядағы ғимараттар мен қорғандарды қалпына келтіру жұмыстарына кеткен құнды анықтайтын құрылыс-техникалық зерттеулер; өндірістік тағайындалуы бар ғимараттар мен қорғандардың бағасын анықтауға бағытталған құрылыс-техникалық зерттеулер; медициналық препараттар үшін қолданылатын табиғи шикізаттардың сапалық шектерін анықтайтын биологиялық зерттеулер; компьютерлік технологиялар құралдарының техникалық мінездемесі мен бағасын және т. б. анықтауға

мүмкіндік беретін техникалық зерттеулер қалыптастырылған. Аталған зерттеулер процессі келесі жағдайда жүргізіледі: жеке немесе заңды тұлға сот сараптамасы органына қажетті сараптама жүргізу туралы өтініш жазды. Зерттеу сәйкес келісім шарт жасалғаннан кейін жүргізіледі. Зерттеу нәтижесі ресми құжат түрінде, сараптама жүргізген қызметкер қолымен куәландырылып сот сараптамасы органының жетекшісінің хатымен құрылады. Әрі қара қолдану мүмкіндіктеріне қарай сот саласынан басқа органдар үшін сараптамалық зерттеулерді құрастырудың түрлі нұсқаларына – объектіле сапасы тізімі түрінде, сотта істерді арыздар бойынша қарастыруда қолдануға жарайтын жойылған сараптамалық қорытындыларға жол беріледі.

№ 9 дәріс

Қазақстан Республикасында қылмыстық сот өндірісінде арнайы білімдер формасын пайдалану

Дәріс жоспары:

1. ҚР сот өндірісіндегі формалар
2. Қылмыстық істі жүргізетін органның (тұлғаның) арнайы білімдерді қолдануы
3. Сот тергеу қызметіне көмек көрсету мақсатында мамандарды жұмылдыру

Әдебиеттер:

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан.
2. Владимиров Л.Е. Учение об уголовных доказательствах. Часті общая и особенная. СПб., 1910.
3. Сорокотягин И.Н. Использование специальных знаний в проверочной и организационной деятельности следователя. Свердловск, 1989.
4. Якубович Н.А. Теоретические основы предварительного следствия. М., 1971.
5. Кирсанов З.И. О понятии технико-криминалистических методов и средств. В сб.: Криминалистика и судебная экспертиза. Киев, 1973.
6. Лисиченко В.К. Использование данных естественных и технических наук в следственной и судебной практике. Киев, 1979.
7. Бычкова С.Ф., Гинзбург А.Я. Следственные действия. Краткий комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. Алматы, 1998.

Қылмыстық үрдісте арнайы соттың экспертиза білім формаларын қолданатын негізгі, бірақ жалғыз ғана орган емес. Қылмыстық сот өндірісінде арнайы білімдерді белгілеу тек теориялық қана емес, тәжірибелік мағынасы бар. Қылмыстық іс-жүргізу заңнамасы аясында қолданылатын, арнайы білімдер, тергеу және сот қызметінде ғылыми нысанын құрайды. Олардың мақсаттары мен іс-жүргізуде қолданылуы тұлғалардың лауазымы мен қызметінің дұрыс түсінуіне қажет, олар іс-жүргізу формасында заңмен

көзделген әртүрлі білім түрлерін қолданады, сонымен қатар арнайы білімді тәжірибе жүзінде дұрыс қолдану туралы кепілдігін береді. Арнайы заңдарды қолдану формаларын қарастырғанда, оның әдебиеттерде белгілі бір жағдайға біркелкі көзқарастың жоқтығын көрсетіп кетуге болады. Арнайы білім формаларын қолдануды көбіне былай қарастырады: өз қызметін атқару барысында құрамының, айыптаушының, тергеушінің, анықтаушының қолдануы, тергеу (сот) өндірісі қызметінде маманның қатысуы, сот сараптамасын жүргізу; соқыр немесе саңырау тұлғаларды тергеу барысында, олардың сөйлесу белгілерін түсінетін аудармашыны шақыру; кәметке толмаған куәгерлерді тергеу үшін педагогты шақыру; соттық емес сараптама жүргізу; тінту жүргізу; білгір тұлғаның анықтама қызметін қолдану. Аудармашының және педагогтың қызметі сараптама өндірісінен ерекшеленетін болғандықтан, белгіленген іс-жүргізу қызметімен арнайы білімдердің басқа формаларын қолданылуын қарастырайық. Тінту-мекемелердің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру үшін жүргізіледі. Осы тағайындау тергеу қызметіне жатпайды: тергеушінің талап етуі көбінесе дәлелдемелердің талап ету түріне сәйкес қарастырылады. Тінту сараптамадан мақсатымен, әдісімен және қорытынды толтыру және іс-жүргізу формаларын жүргізумен ерекшеленеді. Соттың емес сараптама соттың өндірісіне қатысты емес және іс-жүргізу формасында жүргізілмейді. Бұл сараптаманың пәні және оның субъектілері әртүрлі болып келеді. Соттың емес экспертиза сот төрелігі мақсатында жүргізілмесе де, ол қылмыстың істі ашуға септігін тигізеді. Ондай жағдайда соттың емес экспертизаның қорытындысы іске басқа мәліметтер түрінде тіркеледі. Анықтау қызметінің мәлімет беруші тұлғалардың екі басты формада жүзеге асырылады: 1) анықтама қағазын зерттеу аяқталып және тергеу органдарын қызықтыратын фактілер анықталғаннан кейін беру; 2) қандай да бір білім саласы сұрақтарына жауап беру үшін зерттеу қажет болмаған жағдайда анықтама қағазын беру;

Осыған орай, жоғарыда белгіленген формалардың сыртқы ұқсастығына қарамастан, арнайы білімдерді қолдану сот экспертиза өндірісінен айырмашылығы бар. Қылмыстық сот өндірісінде арнайы білімдерді қолдану формалары әртүрлі; оның ішінде ерекшеленетіні: үрдісті жүргізетін тұлғамен қолданылуы, экспертиза тағайындалғанда; сот және тергеу қызметі өндірісінде маманның қатысуы; іс-жүргізу қызметінің дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау функцияларын үрдісті жүргізетін орган (тұлға) қолданады. Эксперт тек бір ғана функцияны қолдана алады – дәлелдемелерді зерттеу. Көрсетілген формаларда арнайы білімдерді қолдану әртүрлі мәселелермен байланысты, сондықтан оның әрқайсысына анализ берген жөн (ҚДЖҚ-нің 84 бабында).

2. Қылмыстық процесті жүргізуші органның арнаулы білімді қолдануы.

Сот ісін жүргізудің әр түрлі кезеңдерінде дәлелдеу процесінің ерекшеліктеріне қарағанда, арнаулы білімдерді пайдаланудың проблемалары, көбінде, қылмыстарды ашу және тергеудің негізгі субъектісі-тергеушіге жатады. Мұнда, қылмыстық процесті жүргізуші басқа органдар осындай іс

жүргізу өкілеттігіне ие, алайда, оларды іске асыру мүмкіндіктерінің практикалық аясы біршама тарылған.

Нақты қылмысты ашу мен тергеу процесі өзінің гносеологиялық мәні бойынша күрделі танымдық міндетті шешу болып табылады. Оны қылмыстық процесі жүргізуші субъектілердің тек заң, іс жүргізу білімдері негізінде толық, жан-жақты және объективті түрде шешуі мүмкін емес.

Мұндай ойды аса көрнекті іс жүргізушілер мен криминалистер неше мәрте айтқан болатын. Мысалы, Л.Е. Владимиров: «Тергеуші табысты зерттеу үшін қаншалықты сақтану шараларының керектігін, қандай тармақтар ғылыми зерттеуге жатқызылатындығын және зерттеудің толыққандығына не қажет екендігін түсіну үшін, техникалық зерттеудің мәнімен соншалықты таныс болуы керек. Бұл жерде, тергеуші сот медицинасымен де, сондай-ақ химиямен де міндетті түрде таныс болуы керектігін айтпай кетуге болмайды. Осы ғылымдармен таныс болмау салдарынан, маңызды тармақтар жиі зерттелмей қалады, сондықтан да тәжірибе көрсеткендей, сарапшылардың көбісі ұсынылатын сұрақтардың шегінен шықпайды»[2].

Автормен келісе отырып, танымдық тұрғыдан алғанда сот ісін жүргізудегі дәлелдемелер объективті шындық фактілеріне қолданылатын заңи және арнаулы білімдердің жиынтығы негізінде қалыптастырылады. Мұнда арнаулы білімдердің жеткізгіштері тергеудің субъектілері де болады.

Процесті жүргізуші органдар үшін арнаулы болып табылатын білімдердің мазмұнын ұғыну үшін олардың кәсіби міндетті білімдерін анықтайық. Бұрын айтылып кеткендей, аталған білім көлемі шегінде материалдық және іс жүргізу құқығы аумағындағы білімді, қылмыстарды тергеу әдітемесі мен іс жүргізу іс-әрекеттерінің тактикасын бөліп алу керек. Нақты қылмыстық іс бойынша дәлелдеу субъектілері пайдаланатын білім шеңбері шегінен тыс, барлық білімдер, соның ішінде заң білімі арнаулы білімге жатқызылуы мүмкін. Сонымен бірге, іс бойынша өндірісті жүзеге асырушы адамдардың базалық кәсіби дайындығы барысында меңгерілсе де, арнаулылар қатарына сот медицинасы, сот психологиясы, криминалистік техника, сот сараптамасы саласындағы білімдер арнаулы білімге жататындығына ерекше назар аудару керек. Аталған арнаулы білімдердің айрықша ерекшелігі олардың кешенді сипаты болып табылады, өйткені, олардың барлығы техникалық, медициналық, жаратылыстану және басқа білімдермен бірге құқықтану аясындағы білімдердің белгілі шамадағы интеграциясы нәтижесін көрсетеді.

Қылмыстық істі жүргізуші органдар арнаулы білімді өздерінің іс жүргізу өкілеттері мен жеке кәсіби тәжірибесі шеңберінде пайдаланады.

Қылмыстық істі жүргізуші орган арнаулы білімді пайдалануға жататын базалық ережелер заңда бекітілген (ҚДЖК-нің 129-бабы). Заң қылмыстық істі жүргізуші органға дәлелдемелді жинау, зерттеу және бағалау мақсатында, жеке өзі, сонымен бірге маманды тарта отырып, арнаулы білімдерді пайдалануға құқық береді (ҚДЖК-нің 129-бабы, 1,2-6.). Ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға, егер олар: 1) заңда тікелей көзделсе немесе оның нормалары мен принциптері қайшы келмесе; 2) ғылыми жағынан маңызды болса; 3)

қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса; 4) қауіпсіз болса, жол беруге болады деп танылады.

Қылмыстық істі жүргізуші органның ғылыми-техникалық құралдардың деректері, оларды пайдаланудың шарттары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және оларды пайдаланудың нәтижелері көрсетіле отырып тиісті іс жүргізу іс-әрекеттерінің хаттамаларында көрсетіледі.

Заң ғылыми-техникалық құралдар мен әдістердің дәлелдеуге жол берудің нақты тізбесін келтірмей, тек жалпы шарттарын көрсетумен ғана шектеледі. Сонымен, ол тергеу ситуациясы мен объективтік мүмкіндіктерге байланысты тергеушінің өзіне қандай да бір жол беруге болатын ғылыми-техникалық құралдарды таңдауға мүмкіндік береді. Сондықтан да, тергеушінің тікелей пайдалануы мүмкін арнаулы білімдерді қарастырудың маңызы бар.

Тергеушінің арнаулы білімдерінің кең ауқымы заң әдебиеттерінде реттелген. Мысалы, И. Н. Сорокотягиннің жіктеуіне сәйкес, оған: а) криминалистік техника саласындағы білім (трасология, сот баллистикасы, құжаттарды криминалистік зерттеу және т.б.); б) сот медицинасы, сот психиатриясы, заң психологиясы, сот бухгалтериясы және басқа да арнаулы ғылымдары саласындағы білім; в) ғылыми-техникалық құралдарды үш негізгі топқа бөледі: 1) жедел-тергеу техникасының ғылыми-техникалық құралдары. Оларға: а) әр түрлі объектілерді қарауға және басқа тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге арналған құралдар; б) іздерді және өзге де объектілерді табуға, белгілеуге және алуға арналған құралдар; в) сот-жедел фотография мен кинотүсірілім құралдары, дыбыстық ақпаратты белгілеу құралдары (магнитофондар, бейнежазбалар және басқалары) жатады; 2) ғылыми-зерттеу техника құралдары. Оларға ғылыми-техникалық құралдар кіреді және олар: а) әр түрлі зерттеу объектілерінің қасиеттері мен белгілерін, құрамы мен құрылымын оқып зерттеу мен талдау үшін; б) зерттелетін құбылыстар мен жеке белгілерді экспериментті оқып-зерттеу, белгілі бір процестерді қайта жаңғырту үшін; в) объектілерді салыстырмалы зерттеу үшін; г) зерттеу нәтижелерін белгілеу үшін пайдаланылады; 3) қылмыстардың алдын алудың ғылыми-техникалық құралдары. Оларға: а) күзет сигнализациясы құралдары; б) құжаттарды қорғау құралдары; в) түнгі кезде бақылауға арналған аспаптар; г) ұйымдық-техникалық алдын алу құралдары жатады.

Ғылыми-техникалық және криминалистік құралдардың түрлерін және оларды тергеушінің қолдану тәсілдерін айыру үшін, соңғының әдістемелік жағынан маңызды дәлелдемелік ақпаратты жинау және зерттеу кезінде басқа да арнаулы білімдерді тікелей пайдалануы, криминалистік тәсілдерді сол автордың мыналарға жіктеуі: 1) қылмыстардың материалдық белгіленген белгілерін табу, белгілеу және оқып-зерттеу мақсаты үшін әзірленген техникалық тәсілдерге (мысалы, оқиға орны мен заттарды фотоға түсіру, тергеу және сот іс-әрекеттерінің хаттамаларына таңбалар мен басқа да қосымшаларды дайындау); 2) жекелеген тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге арналған тактикалық тәсілдер (мысалы, көмелетке толмағаннан жауап алу тәсілдері, жеке объектілерді тінту) болып табылады.

Әрине, арнаулы білімдердің осы түрлерін тергеуші дәлелдеу процесінің барлық элементтеріне – дәлелдемелік ақпаратты жинау, зерттеу және бағалау қатысты пайдаланылады. Қылмыстық процесті жүргізуші адамдардың іс жүргізу әрекеттерін жүргізу барысында ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың дәлелдемелік мәні оларды қолданудың мақсатына байланысты болады. Атап айтқанда, іс-жүргізу режимінде дәлелдемелерді жинау кезінде мазмұнына байланысты ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың нәтижелері, алынатын ақпараттың қатыстылығы мен оның материалдық көрінуі заттай дәлелдемелер, тергеу және сот іс-әрекеттері хаттамалары ретінде дәлелдемелердің түрлеріндеіске асырылуы, не құжаттар болуы мүмкін. (ҚІЖ 115 б).

Анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың, соттың дәлелдемелерді жинау және бағалау процесінде арнаулы білімдер мен ғылыми-техникалық құралдарды қолдану мәселелері теория мен практикада қандай да бір қиындықтар туғызбайды. Егер осы аталған адамдардың кез келгенінің қажетті арнаулы білімі бар болса, ол заңмен көзделген маманның міндетті қатысуынан басқа жағдайда, маманды қажет етпейді. Сонымен бірге, дәлелдемелерді зерттеу кезінде тергеушінің ғылыми-техникалық құралдар мен әдістерді қолдану мүмкіндігі туралы мәселе проблемалы болуда.

Заң әдебиеттерінде тергеушінің техникалық-криминалистикалық құралдарды пайдалану туралы, атап айтқанда, оның заттай дәлелдемелерді алдын ала зерттеу жүргізудің, олардың нәтижелерінің іс жүргізу мәнділігінің құқыққа сәйкестілігі мен мақсатқа лайықтылығы туралы әр қилы пікірлер бар.

Бір жағынан, тергеушінің құқық өкілеттілігі аз болған сайын, жұмыстың бар көлемі сарапшыларға аударылып, ақпаратты алу мен пайдаланудың қиындығы сезіле бастайды, ал кейбірде ұйымдастырушылық қиындықтарға байланысты нақты мәселелерді шешу мүмкіндіктерінен бас тарту жағдайлары да орын алады; сонымен, тергеушінің өз бетінше дәлелдемелерді зерттеуі он фактор болып саналады.

Алайда, келенсіз сипаттағы жағдайлар да болады, олар:

- шындыққа жету кепілдігін қамтамасыз ету үшін қылмыстық процесс жүйесінің өздігінен құрылуы дәлелдеудің бірнеше деңгейдегі иесінің болуын қарастырады және қандай бір субъектінің, тіптен жеткілікті түрде толық және сенімді білімді алумен шектеліп қоймайды;

- ғылыми-техникалық құралдардың және дәлелдемелермен жұмыс істеу әдістерінің ұдайы күрделенуі тергеушінің көптеген криминалистік ұсыныстарды меңгеруіне мүмкіндік бермейді, олардың техникасымен танысуға уақыттың шығындалуы дәлелдемелерді зерттеу әдістемелерінің өскелең мүмкіндіктері туралы тергеушінің білім деңгейін көтеруге залалын тигізеді;

- жедел ақпаратты алу мақсаты үшін жүргізілетін заттай дәлелдемелерді алдын-ала зерттеу секілді нәтижелерді көп жағдайларда олардың өзгеруі мен жоғалуына әкеп соқтырады; бұл көбінде «дәстүрлі емес» дәлелдемелерге қатысты болады.

Біліктілік тексеруі зерттеу элементін қарастыратын болғандықтан, онда тергеушінің мақсатқа лайық жүргізетін зерттеулер түрлері туралы мәселе өзекті

болмакшы. Бұл мәселе бойынша әр түрлі көзқарастар бар, авторлар бүтінді бөліктері бойынша анықтаудың қарапайым жағдайларын тергеушінің жүргізгенін дұрыс санайды, тергеушіге кең ауқымды теңдестірушілік емес зерттеулерді жүргізуді ұсынады, тергеушінің жүргізетін зерттеулерінің нақты түрлерін келтіреді және т.с.с.

Алайда, біздің ойымызша, осы аталған зерттеу түрлерін тергеуші жеке жүргізбей, маманды қатыстырумен жүргізгені орынды, ал ол жөнінде әңгіме төменде болмакшы.

Ал тергеушінің арнаулы білімі аясына келсек, онда арнаулы және жалпы ғылыми ақпараттын ұдайы өсуін ескергенде, негізгі назарды барынша күрделеніп бара жатқан техникаға емес, дәлелдемелерді зерттеу аумағындағы соңғы жетістіктерге, арнаулы білімдер арсеналын тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарды ғылыми ұйымдастыруға, сондай-ақ дәлелдемелерді біліктілікті бағалау, соның ішінде сарапшының қорытындысын бағалауға мүмкіндік беретін бүкіл ақпаратты игеруге аударған жөн.

3. Тергеу және сот әрекеттерін жүргізуге жәрдем көрсету үшін маманды тарту.

Қылмыстық процесті жүргізуші адамдардың арнаулы білімді тікелей пайдалану нысанында іске асырумен оларды пайдаланудың өзге субъектісі-маман қызметімен байланысты.

Маман – ол іске мүдделі емес, арнаулы білімі мен дағды білігі бар, дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағлауда жәрдем көрсету мақсатында тергеу және сот әрекеттерін жүргізуге қатысу үшін қылмыстық процесті жүргізуші органның тартқан адамы.

Ол арнаулы білімдерді сот сараптамасымен жүргізуден өзге, сарапшы мен маманның іс жүргізу функцияларының айырмасымен себептелген іс жүргізу нысанында пайдаланады.

Маманның іс жүргізу құзыретінің ерекшеліктеріне тоқталсақ, қылмыстық оқиғаның мән-жайларын оқып-зерттеуге бағытталған дербес сипаттағы қызметі бар сарапшыдан айырмашылығы, маманға арнаулы білім мен дағды-білікті меңгере отырып, тергеу және сот әрекеттерін жүргізу кезінде дәлелдемелерді табу, бекіту, алу, сондай-ақ зерттеу мақсатында ғылыми-техникалық құралдарды, әдістер мен тәсілдерді біліктілікпен қолдануды қамтамасыз ету жүктелген.

Маманды тартқанға дейін, қылмыстық процесті жүргізуші орган осы аталған сапада тартылуға тиісті адамның қажетті арнаулы білімі мен дағды-біліктерінің болуына көзі жетуі керек, содан соң ҚДЖК-нің 95-бабына сәйкес қарсылық білдіру үшін негіз болатын мән-жайларға тексеру жүргізуді жүзеге асырады.

Маманның іс-жүргізу мәртебесіне хабардар адам мына шарттар болған кезде ие болады: 1) тергеу (сот) әрекеттерін жүргізу туралы қылмыстық процесті жүргізуші орган қаулысының шығуы; 2) маманның функцияларын орындау және маманның іс жүргізу мәртебесінен туындайтын құқықтары мен

міндеттерін түсіндіру туралы, сондай-ақ оларды орындамаудағы жауапкершілік жөніндегі ескерту туралы қылмыстық процесті жүргізуші органның (адамның) тапсырмасы.

Зан қылмыстық процесті жүргізуші органға дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау, сондай-ақ теникалық құралдарды қолдануға жәрдем көрсету үшін тергеу немесе сот әрекеттерін жүргізуге қатысуға маманды шақырту құқығын көздейді (ҚДЖК-нің 84 бап). Сонымен, маманның іс жүргізу функциялары дәлелдемелерді жинауда, зерттеуде және бағалауда жәрдем көрсету болып табылады.

Маман қызметі қылмыстық процесті жүргізуші адамның сапалы дәлелдемелерді алуға көмегін тигізеді, кейінде олар жиі сарапшылық зерттеудің объектілері болады.

Маман тергеу (сот) әрекеттеріне қатысуға, негізінде, мына жағдайларда: қылмыстық процесті жүргізуші органның тиісті арнаулы білімдері мен дағды – біліктерінің болмауы кезінде; тек маманның жүргізу қажеттілігімен себептелетін этикалық және тактикалық сипаттағы түсініктердің болуы кезінде (ҚДЖК-нің 257-бабы 1-б.); бір мезгілде бірнеше ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану қажеттілігі; арнаулы білімдерді қолдануды қажет ететін едәуір жұмыс көлемі кеінде тартылады.

Зан іс жүргізу әрекеттерінде маманның екі нысанда-міндетті және факультативті қатысуын қарастырады. Қажет болғанда, маманның арнаулы білімінің мазмұнын көрсетумен міндетті қатысу жағдайында, оның арнаулы білімінің мазмұны нақты тергеу және сот әрекеттерін жүргізуді реттемелейтін бірқатар нормаларда әдейі қарастырылған.

Сотқа дейінгі іс жүргізу сатысындағы маман қызметінің бағыты:

1) дәлелдемелерді жинауда (іздеуде, табуда, алуда, бекітуде (техникалық белгілеуде), құжатауда, куәландыруда және алуды, сактауды, буып-түюді легитимизациялаудың өзге түрлеріне жәрдем көрсету болып табылады. Маманның қатысуы аясы криминалистік мәнді акпаратты- көшірмелерді дайындау, іздестіру кестесін жасау, демонстрациялар үшін ыңғайлы көріністерді дайындау, акпаратты нысандандыру, жүйелеу, жинақтау, криминалистік есептерді пайдалану және толықтыру болып табылады.

Маман қызметінің маңызды бағыты сарапшылық зерттеу үшін материалдар дайындау және сот сараптамасын тағайындауда жәрдем көрсету болып табылады: арнаулы ғылыми білімді тартуды қажет ететін нақты тергеу ситуациясын ескергенде, маман сарапшылық тапсырманың көлемін анықтайды, сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды жинақтайды, қаулыны дайындауда жәрдем көрсетеді, сараптаманың объектілерін, соның ішінде үлгілерді дайындайды;

2) дәлелдемелерді зерттеуде - алынған дәлелдемелік акпараттың сапасы мен криминалистік мәнділігін анықтайды, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды қолданумен іс материалдарын оқып зерттейді. Маманның зерттеу қызметінің нәтижелері, негізінде, жана болжамдар шығару мен жүргізуде пайдаланылады;

3) дәлелдемелерді бағалауда, қылмыстық істі шешу үшін олардың қатыстылығы, жол берілетіндігі, дұрыстығы мен жеткіліктілігіне жәрдем көрсетеді.

Маманның жәрдем көрсетуі техникалық көмек және қылмыстық процесті жүргізуші органға консультация беру түрінде жүзеге асырылады.

Маманның қатысу нәтижелерін іс жүргізушілік бекіту оның қатысқан тергеу әрекеті хаттамасында жүзеге асырылады. Сонымен бірге, хаттамада: маманның пікірі,оның берген кеңесі, маманның процеске қатысушыларға қойған сұрақтары, оныңқатысу кезінде әрекеттердің барысы мен нәтижелерін белгілеудің толықтығы мен дұрыстығына қатысты өтініштері мен ескертпелері көрсетіледі. Материалдарды зерттеу бойынша маманның әрекеті тікелей тергеу әрекеттерінің хаттамасындағы маманның қол қойған арнаулы бөлімінде, сондай-ақ хаттамаға қосып тіркелетін, оның бір бөлігі болып табылатын ресми құжат «маманның қорытындысында» көрсетілуі мүмкін, ол туралы хаттамаға тиісті жазу жазылады (ҚІЖК-нің 203-бабы 8-б.).

Сот отырысына маман сот әрекеттеріне (дәлелдемелер мен оқиға орнын қарау, тану үшін көрсету, куәландыру, көрсетпелерді орнында тексеру мен нақтылау, эксперимент жүргізу, сарапшылық зерттеу үшін үлгілер алу) қатысуы үшін **шақыртылады**. Соттағы маман қызметінің мазмұнына ұқсас.

Кәметке толмағанның қатысуымен тергеу және өзге іс жүргізу әрекеттеріне қатысушы педагог та, сондай-ақ сарапшы болып тағайындалған басқа жағдайда, тергеу және өзге іс жүргізу әрекеттеріне қатысушы дәрігер де маманның іс жүргізу мәртебесіне ие болады. Сарапшының іс жүргізу функциясы дәлелдемелерді жинауға, бағалауға және пайдалануға жәрдем көрсетумен себептелген.

Маман:

- Өзінің шақыртылу мақсатын білуге. Бұл оған өзінің нақты функцияларын орындауға тиісті дәрежеде дайындалуға мүмкіндік береді;

- Егер тиісті арнаулы білім мен дағды-білігі болмаса, іс бойынша өндіріске қатысудан бас тартуға;

- Қылмыстық процесті жүргізуші органның рұқсатымен тергеу немесе өзге іс жүргізу әрекеттеріне қатысушыларға сұрақ қоюға. Маманның сұрақтары нақты іс бойынша оның іс жүргізу әрекеттерімен анықталатын шеңберден шықпауы тиіс;

- Тергеу немесе сот әрекеттеріне қатысушылардың назарын оның заттарды не құжаттарды табу, бекіту және алу кезіндегі, ғылыми-техникалық құралдарды қолдану, іс материалдарын зерттеу, сараптама дайындау кезіндегі әрекеттерімен байланысты мән-жайларға аударуға;

- Тергеу немесе сот әрекеттері шеңберінде объектілердің толықтай не жарым-жартылай жойылуына, не болмаса, олардың сыртқы түрі немесе іс материалдарын зерттеу қасиеттерін өзгертуге әкпейтін әрекеттер жүргізуге құқылы. Маманның зерттеушілік қызметінің мақсаты өз бетінше жаңа дәлелдемелер алу емес, ол тек оларды алуға жәрдем көрсету болып табылады. Іс материалдарын ғылыми-техникалық құралдарды қолданумен оқып-зерттеу ҚІЖК-нің 129-бабы талаптарын ескере отырып жүргізіледі.

Маманның зерттеу жүргізудің өзге жағдайларына мыналар жатады:

1) маман қызметін сол өзі қатысатын тергеу әрекеттері шеңберінде жүзеге асыру (нәтижелерді дайындау, өткізу, техникалық өңдеу). Маман жеке өзіндік емес, туынды, субсидиарлық іс жүргізу функцияларына ие болғандықтан, оның қызметі дербес емес, оның қызметі тергеу әрекеттерін жүргізу барысындағы тергеуші қызметінің жалғасы болып табылады;

2) объектіні не оның кез келген бөлігін, сондай-ақ объектінің қандай да бір қасиеттерін өзгеруге әкелетін әдістер мен құралдарды пайдалануға жол бермеу, өйткені ҚІЖК-нің 242-бабы 4-бөлігіне сәйкес мамандар жүргізген зерттеулер нәтижелері бойынша жасалған ресми құжаттардың істе болуы, сол сұрақтар бойынша сот сараптамасын жүргізу мүмкіндігін жоққа шығармайды;

